

Ф. Ш. Оразбаева, Ж. Т. Дәuletбекова, А. Қ. Рауандина, Р. С. Рахметова, Қ. С. Жайлаубаева

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ

БАЙШЕШЕК

ОҚУЛЫҚ

5-СЫНЫП

Рекомендовано
Министерством образования и науки
Республики Казахстан

2-бөлім

Көкжиек-Горизонт
2017



ӘОЖ 373.167.1
КБЖ 81.2 Қаз-922
Қ17

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ФЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ ҰСЫНҒАН

Авт.: Ф. Ш. Оразбаева, Ж. Т. Дәuletбекова, А. Қ. Рауандина, Р. С. Рахметова,
Қ. С. Жайлаубаева

Фылыми кеңесшілер:

Әмірзақ Айтбаев — филология ғылымдарының докторы, профессор,
Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі,
Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының президенті

Әділ Құрманжанұлы Ахметов — филология ғылымдарының докторы, профессор,
Ресей Ҙоғары мектеп халықаралық ғылым академиясының академигі, Ҙоғары
оқу орындары Еуропалық қауымдастыры атқарушы кеңесінің мүшесі

Қ17 Қазақ тілі мен әдебиеті: Бәйшешек. Оқулық: Қазақ тілінен басқа тілде оқытатын 11 жылдық жалпы білім беретін мектептің 5-сыныбына арналған. 2-бөлім / Ф. Ш. Оразбаева, Ж. Т. Дәuletбекова, А. Қ. Рауандина, Р. С. Рахметова, Қ. С. Жайлаубаева. — Алматы: Қекжиек-Горизонт, 2017. — 140 6.

ISBN 978-601-7832-36-0

ӘОЖ 373.167.1
КБЖ 81.2 Қаз-922

ISBN 978-601-7832-34-6
ISBN 978-601-7832-36-0 — (2-бөлім)

© «Қекжиек-Горизонт» ЖШС, 2017

«Көкжиек-Горизонт» баспасы

Күрметті жас дос!

Сен қазақ тілінің «Балапан» деп аталатын бөлімін аяқтап, енді «Бәйшешекке» аяқ бастың. «Бәйшешек» сөзі қазақ ұғымында «сену, достық, адалдық, тазалық» дегенді білдіреді. Халық өз ауласында аппақ әдемі бәйшешек гүлін өсіруді «жақсылықтың нышаны» деп есептеген. Бәйшешек көктемде қар кете салысымен өсіп шығатын гүл екенін өзің де білесің. Ол қыстың әлі кете қоймаған ызғарынан қорықпай, көктемді шақырады. Ол — ерліктің символы. Бәйшешек адамдардың бойына жылдылық дәнін себуге асығады. Олай болса, сен де қазақтың ойлы, мазмұнға бай сөзін көкірегіңде, жадында сақтап, асқақ армандарға жетесің; адам жанын түсінесің; қоршаған ортаның, табиғаттың құпия сырын ұғасың, қазақ тілін меңгеру арқылы айналандағы адамдарға ізгіліктің, жылдылықтың нұрын себесің. Тілді білу арқылы сенің танымың кеңейеді, эстетикалық талғамың өсіп, сұлулық пен әсемдіктің асқақ құдіретін түсінесің.

Бұл оқулық сені айналандағы адамдармен еркін қарым-қатынас жасауға, пікірле-суге, сауатты жазуға, дұрыс, әсерлі сөйлеуге үйретеді.

«Бәйшешек» сабактарында сен қазақ халқының әдебиетімен танысасың. Тіл мен әдебиетті қатар менгересің. Сені қызық тапсырмалар күтеді: қазақша сөйлей білуге, пікірінді дәлелдеп айтуда үйренесің; ақын-жазушылардың шығармаларымен танысасың, мақал-мәтел арқылы ойынды түйіндеп жеткізесің; дербес, жұптық, топтық тапсырмаларды орындаңың. Тілдік жаттығулар ойлануға, өз бетіңмен жаңа сөйлемдер құрай білуге көмектеседі. Оқулықтағы түрлі тапсырмалар сені достарыңмен жаңын араласуға, қоршаған ортаңды танып, өз ойынды еркін жеткізуға, сырынды бөлісуге көмектеседі.

Мұғалімнің берген тапсырмаларын толық әрі дұрыс орындаі отырып, қазақ тілінің сөз байлығын терең меңгерсөң, қызық шығармалар оқысаң, жұмбақ шешсөң, мақал-мәтел мағынасын түсініп айта білсөң, келесі деңгейге өтіп, қазақ тілінде еркін сөйлейтін боласың.

Талабыңа нұр жаусын, жас дос!

Дәрігердің қабылдауында

МӘТИНАЛДЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

1 -тапсырма.

Сұрақтарға жауап бер.

АЙТЫЛЫМ

2 -тапсырма.

Диалог. Суреттерге қара. Тірек сөздерді пайдаланып, диалог құрындар.



1. Үйіңнің жанында емхана бар ма?
2. Сен емханаға соңғы рет қашан бардың?
3. Емханаға кіммен, не үшін бардың?

Tіrек сөздер: емхана, отбасылық дәрігер, тіс дәрігері, жүректі тыңдау, қан тапсыру, кеңес беру және т.б.



ТІЛДІК БАҒДАР

Мезгіл және мекен үстеулер

Үстеу — қымыл мен іс-әрекеттің мезгілін, мекенін, сынын, себебін, амалын білдіретін сөз табы.

Мекен үстеуі қымылдың, іс-әрекеттің орындалатын орнын, мекенін көрсетіп, қайда? қайдан? қалаі қарай? деген сұрақтарына жауап береді. Мысалы: Тауға қарай (қайда?) өрмелей, алға (қайда?) жылжыды, ілгері-кейін (қайда?) қозғалды, жоғарыдан (қайдан?) түсті т. б.

Мезгіл үстеуі қашан? қашаннан? деген сұраққа жауап беріп, қымылдың, іс-әрекеттің мезгілін, мерзімін, уақытын білдіреді.

Мысалы: Таңертеңнен (қашаннан?) кетті, жазғытұрым (қашан?) келеді, ала жаздай (қашан?) енбектенді, күні-түні (қашан?) оқыды т. б.

Үстеу

Мағынасына қарай 7 түрге бөлінеді.

1) Мезгіл үстегі

қашан? қашаннан?
деген сұрақтарға жауап береді.

2) Мекен үстегі

қайды? қайдан? қалаі қарай? деген
сұрақтарға жауап береді.

ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

3 -тапсырма.
Мәтінді оқы.

Мен бүгін таңертең анаммен емханаға бардым. Бірінші қабатта қан тапсырдым. Сосын жоғары көтерілдім. Емханада отбасы дәрігері, тіс дәрігері, көз дәрігері бар. Отбасы дәрігері мені жақсы таниды. Себебі ол бізді жыл сайын тексереді. Дәрігер менің жүргегімді тыңдады. Дәрумен ішуге кеңес берді. Ет, балық, сут, жеміс-жидектің пайдалы, фастфуд тағамдарының зиян екенін айтты.

Сосын тіс дәрігеріне бардым. Ол менің тістерімді тексерді. Тіс дәрігері: «Тістерінді таза үста», — деп кеңес берді. Мен тісімді таңертең және кешке тазалаймын.

Көз дәрігеріне бардым. Ол көзімді тексерді. Көз дәрігері: «Компьютерде көп отырма, теледидарға жақын отырма», — деп кеңес берді.

Менің тістерім таза, көзім алыштан да, жақыннан да жақсы көреді. Отбасы дәрігері маған: «Сенің денсаулығың жақсы. Жарайсың!» — деді.

Ал сен емханаға барасың ба?

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

4 -тапсырма.
Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді жаз.
Сөз екпінің қойып оқы. Мәтінді екінші жақтан баянда. Мысалы: Мен емханаға бардым. Сен емханаға бардың.
Мәтіннен үстеулерді тап, түрлерін ажырат.

... емханаға бардым. Отбасы дәрігері ...
тексерді. Отбасы дәрігері жүргегімді тыңдады.
Мен қан тапсырдым. Дәрігер ... кеңес берді.

АЙТЫЛЫМ

5 -тапсырма.

Мәтіннің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап бер.

1. Емханада қандай дәрігерлер бар?
2. Олар нені тексереді?
3. Дәрігерлер саған қандай кеңес берді?
4. Сен тісінді күніне неше рет тазалайсың?
5. Сен жыл сайын тексеруден өтесің бе?

ЖАЗЫЛЫМ ОҚЫЛЫМ

6 -тапсырма.

Көп нүктенің орнына жақшадағы қажетті сөзді жаз. Ой екпінін қойып оқы.

Әнелдің басы ауырды. Ол ... (емханаға, мектепке, хайуанаттар бағына) барды. Оны (мығалімі, апайы, отбасы дәрігері) қарады. Дәрігер Әнелдің ... (көзін, жүргегін, басын) тыңдады. Ол Әнелдің ... (ыстығын, сұрығын, қолын) өлшеді. Әнелге (ірімшік, құрт, дәрі) берді. Дәрумен ішуге (кеңес, қағаз, сөз) берді.

ЖАЗЫЛЫМ

8 -тапсырма.

Суретке қарап, сөйлем құр. Оқиғаларды сипаттап жаз. Дауысты дыбыстардың астын сыз.

Бүгін мен		бардым.
Дәрігер менің		тексерді.
Ол менің		
Менің		ауырады.



АЙТЫЛЫМ

7 -тапсырма.

Суретке қарап, диалог құрындар. Мезгіл үстені мен мекен үстенін қатыстырып әңгімелендер.

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

9 -тапсырма.

Әр қатардағы артық сөзді тап. Себебін түсіндір. Қатаң даудыссыз дыбыстарды ата.

- дәрігер, қабылдау, тосап, тыңдау;
- дәптер, кітап, сызғыш, қан тапсыру;
- тіс дәрігері, балалар дәрігері, есеп шығару, емхана;
- аға, іні, ана, құнделік, әке, қарында.

АЙТЫЛЫМ

11 -тапсырма.

«Кім көп сөз біледі?» ойыны. Әрітерден сөз құранғдар. Оны буынға бөліңдер. Буынның қай түріне жататынын айтыңдар. Көп сөз құраған әрі дұрыс айтқан оқушы жеңімпаз атанады.



МӘТИНСОҢЫ ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ

10 -тапсырма.

Сөйлемді толықтырып жаз.

-бардым.
-тексерді.
-тыңдады.
-берді.
-тапсырдым.
-қарады.
-берді.
-тазалаймын.
-тұрамын.

АЙТЫЛЫМ

12 -тапсырма.

«Дәрігердің қабылдауында» рөлдік ойыны

Бірің – дәрігер, бірің – емделуші болып диалог құрыңдар. Диалогте мезгіл үстеуі мен мекен үстеуін қолданыңдар.

ЕСТЕ САҚТА!

Мен емханаға барамын.

Мен қан тапсырдым.

Тісімді тексерді.

Дәрүмен – деңсаулық, кепілі

3 – 4
САБАҚ

МӘТИНАЛДЫ ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ

1 -тапсырма.

Суреттерді пайдаланып, сөйлем құр.

Үлгі: Қызанақ гүлден пайдада болады.

Мен дүкеннен



сатып алдым.



жапырағы көп болады.



құрамында бой өсіретін дәрумен бар.



емдік қасиеті бар.

АЙТЫЛЫМ

2 -тапсырма.

Кесте бойынша «Көгөніс» тақырыбына
диалог құрындар. Мәтінде сын есім, үстеге
сөздерді қолданындар.

Сәбіз, қызанақ, орамжапырак

Жылдың қай мезгілінде өседі?	Түрі мен түсі қандай?	Қандай пайдасы бар?	Зияны бар ма? Болса, қандай?	Өзің қайсысын жақсы көресің?

ОҚЫЛЫМ ТЫҢДАЛЫМ

3 -тапсырма.

Мәтінді оқы.

Көгөніс

Көгөніс қазір жылдың қай мезгілінде болса да, дүкендерде тұрады. Себебі олар деңсаулыққа өте пайдалы. Біз күн сайын таңертең, түскі, кешкі аста көгөніс жейміз. Әсіресе менің інім қиярды өте жақсы көреді. Көгөніс түрлері: сәбіз, орамжапырак, бұрыш, саңырауқұлақ, қызанақ, қияр және т. б. Көгөніс адам ағзасына өте пай-



МӘТИНМЕН ЖҰМЫС

далы. Көгөністі көп пайдаланатын адамның денсаулығы жақсы болады, ұзақ өмір сүреді. Көгөністің калориясы аз. Олар дәруменге бай. Жеңіл қорытылады. Көгөніс — дастарқанның сәні. Көгөністі жуып, тазалап жеу керек. Тазаланбаған көгөніс денсаулыққа зиян.

АЙТЫЛЫМ

4 -тапсырма.

Жұмбақтарды шеш.

Бойын жерге жасырған,
Бұрымы бар жасылдан.

(С...)

Қалың киімді ұнатады,
Шешіндірсең, жылтытады.

(П...)

Әр желінің асты толған көк қоян,
Көк қоянды жаз болғанда жеп
қоям.

Басым — дене, денем — бас,
Мойным қысқа бұрылмас.

(О...)

(К...)

ЖАЗЫЛЫМ

5 -тапсырма.

Суреттегі көгөністің атауын жаз.



ЖАЗЫЛЫМ

6 -тапсырма.

Сөздерден сөйлем құрап жаз.

1

мен

1

әте

1

көгөніс

1

ағzasына

2

жақсы

2

денсаулыққа

бай

2

адам

3

көгөністі

3

көгөніс

3

дәруменге

3

пайдалы

4

көремін

4

пайдалы

4

көгөніс

<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>

ЖАЗЫЛЫМ

7 -тапсырма.

Кестені пайдаланып, сөйлем құра. Сөйлемге мезгіл үстеуі не мекен үстеуін қосып жаз.

Мен

қызанақ... (-ды, -ді, -ты, -ті)
орамжапырақ ... (-ды, -ді, -ты, -ті)
сәбіз ... (-ды, -ді, -ты, -ті)
қияр ... (-ды, -ді, -ты, -ті)
қызылша ... (-ны, -ні, -ты, -ті)

...

АЙТЫЛЫМ

8 -тапсырма.

Сызба бойынша сөйлемдер құрап айт.

Көгөніс (-тің, -нің, -дің)
Шырын (-тың, -ның, -дың) → Кұрамында
Жеміс (-тің, -нің, -дің) → дәрумен

көп

аз

мол



ЕСТЕ САҚТА!

Көгөніс пайдалы.
Оның құрамында дәрумен көп.

Ең үлкен байлық



МӘТИНАЛДЫ ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ

1 -тапсырма.

Бірінші диаграммаға материалдық байлыққа байланысты сөздерді, екінші диаграммаға рухани байлыққа қатысты сөздерді жаз.



АЙТЫЛЫМ

2 -тапсырма.

Диаграмманы пайдаланып, байлық туралы өз ойларыңды айтыңдар. Мәтінде жалпы және жалқы есімдерді қолданыңдар.

ЖАЗЫЛЫМ

3 -тапсырма.

Төменде берілген сөздерді кесте бойынша топтап жаз.

Өсімдік, денсаулық, ата-ана, туыс, бала, дос, туған ел, туған жер, ақша, дүние-мұлік, білім, мұнай, күн, су, жан-жануар, таза ауа, тау, үй, теңіз, мұхит, кен орындары, кітап, дене мүшелері, өмір, жазба ескерткіштер

БАЙЛЫҚ ТҮРЛЕРІ			
адами	материалдық	табиғи	рухани

МӘТІНМЕҢ ЖҰМЫС

ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

4 -тапсырма.

Мәтінді тыңда. Рөлге бөліп оқындар.

Ертеде бір жас жігіт өзінің кедейлігін айтып, әрдайым мұнын шағады екен.

— Шіркін-ай, менің байлығым көп болса, жақсы өмір сүрер едім, — деп **зарлауын** қоймапты.

Бір күні қарт **тас қашаушы** өтіп бара жатып, зарлап отырған жігіттің қасына келеді.

— Саған не болды сонша **жылап**? Сен нағыз бай адам емессің бе? — дейді.

— Мен баймын ба? — деп жігіт таңғалады. — Ол — қандай байлық?

— Сенің көзің ше? Бір көзінді қаншаға сатар едің? — деп сұрайды қарт.

— Оның не?! — деп **шошып** кетеді жігіт, — көзімді ешқандай байлыққа айырбаста-маймын.

— Ал енді екі қолың мен аяғынды алтынға айырбастар ма едің?

— Жоқ, ешқайсысын да алтынға айырбастамаймын, — дейді жігіт.

— Міне, көрдің бе, сен өте бай адамсың. Адамның ең үлкен байлығы — күш-қуаты мен денсаулығы, — дейді қарт. — Оны ақшаға сатып ала алмайсың.

Қарт осының айтады да **жөніне кетеді**.



ЖАЗЫЛЫМ

5 -тапсырма.

Мәтіндегі қою қаріппен жазылған сөздерді сөздік дәптеріңе аудармасымен жазып ал.

АЙТЫЛЫМ

6 -тапсырма.

Мәтін бойынша сұрақтарға жауап бер. Жауабында мезгіл үстегі мен мекен үстегін қолдан.

1. Мәтінде не туралы айттылған?
2. Жас жігіт неге жылады?
3. Ақылшы қария — кім?
4. Қария жігітке не деді?
5. Жігіт неге шошып кетті?
6. Қария неге денсаулықты байлық деп бағалады?
7. Мәтінге қандай ат лайық? Неге?

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

7 -тапсырма.

Сейлем беліктерін сәйкестендіріп оқы. Мәтін мазмұны бойынша сөйлемдердің рет санын белгіле.

Бір көзінді қашаға	қарт тас қашаушы өтіп бара жатады.
Қария зарлап отырған	алтынға айырбастар ма едің?
Екі қолың мен аяғыңды	сатар едің?
Ертеде бір жас жігіт өзінің кедейлігін айттып,	куш-қуаты мен денсаулығы.
Саған не болды сонша жылап,	жігіттің қасына келеді.
Адамның ең үлкен байлығы —	әрдайым мұның шағады екен.
Жігіттің лашығының алдынан	жөніне кетеді.
Қарт осыны айтады да	сен нағыз бай адам емессің бе?

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

8 -тапсырма.

Мәтіндегі ақпараттың дұрыстығын тексер.

Ақпарат	Иә	Жоқ
Жігіт кедей болды.		
Қария бай болды.		
Жігіттің байлығы жоғалды.		
Қария жігітке ақыл айтты.		
Жігіт бір қолын сатқысы келді		
Жігіт қол-аяғын сатқысы келді.		
Қария тас қашаушы болып жұмыс істейді.		
Жігіт байлықты тапты.		

АЙТЫЛЫМ

9 -тапсырма.

«Оймоншақ». Топқа бірігіңдер. Әр топтағы оқушылар кезекпен бір сөйлемнен айтып, ертегі мәтінінің желісін үзбей баяндап шығуы керек. Сөйлемдер бір-бірімен логикалық жағынан байланысып, біртұтас мәтін болуы тиіс. Қай топтың мәтіні дұрыс, сауатты құрылса, сол топ жеңімпаз атанады. Топтың бір мүшесі жаңылышса, ойын тоқтатылады.

ЖАЗЫЛЫМ

10 -тапсырма.

Мәтіндегі екі кейіпкердің мінездерін сипаттап жаз.

Жігіт:

Қария:

АЙТЫЛЫМ

11 -тапсырма.

«Аквариум». Топтық жұмыс. Мәтіннің мазмұны бойынша сахналық көрініс дайында, көрсетіңдер. Сынып ең үздік көрсетілімді анықтасын. Бағалау критерийлері: — сөз сауаттылығы; — әртістік қабілет.

МӘТИНСОҢЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

12 -тапсырма.

«Қарлы кесек» ойыны. Оқушылар шенбер құрып тұрады.

Бастаушы: «Сен «бірінші байлық — денсаулық» дегенді қалай түсінесің?» — деп, қолындағы допты топтағы бір балаға лақтырады.

Ол өз жауабын айтып: «Сен «бірінші байлық — денсаулық» дегенді қалай түсінесің?» — деп, допты басқа балаға лақтырады. Кім сұрақты не жауапты дұрыс айта алмаса, ол қасындағы көршісі айтқан талапты орындаиды (қазақша ән айтады, тақпақ, мақал-мәтел айтады, билейді және т.б.).

ЖАЗЫЛЫМ

13 -тапсырма.

«Денсаулық» тақырыбына синквейн
(бес жолды тақпақ) дайындаңдар.

Бес жолды тақпақтың құрылымы:

1. тақырыпқа қатысты **бір** зат есім;
2. бірінші зат есімге **екі** анықтауыш;
3. бірінші зат есімге **үш** етістік;
4. бірінші зат есімді суреттеп
толықтыратын **төрт** кілт сөз;
5. **бір** зат есім-метафора (бірінші жолдағы
зат есімге назар аударатындей);

АЙТЫЛЫМ

14 -тапсырма.

«Ассонанс» ойыны. Әр жүптағы
оқушылар «Денсаулық — ең үлкен
байлық» тақырыбында бірнеше сөйлем
құрайды. Сөйлемге қойылатын талаптар:
1) сөйлемдегі барлық сөз бір дыбыстан
басталуы керек; 2) сөйлем құрамында
кемінде бес сөз болсын; 3) сөйлемдегі
ой түсінікті болуы керек. Үш минуттың
ішінде қай жүп көп әрі мағыналы сөйлем
құраса, сол жеңімпаз болады.

Улгі: Дәрумен Дастанның денсаулығын
дұрыс дамытты.

ЖАЗЫЛЫМ

15 -тапсырма.

Сөйлемдердегі көп нұктенің орнына
мезгіл үстеулерін қойып, көшіріп
жазындар.

1. Күнде бір алма жесен, денсаулығың
жақсы болады. 2. ағаштың жоғары
жағында екі алма қалып қойыпты. 3. Екі
алманы үзіп алып, дейін сақтап қойдым.
4. Алма ... асты қорытуға жақсы көмектеседі.
5. ... атам алманы жинап алады. Қатты алма-
лар жақсы сақталады.

Қажетті сөздер: кешке, түнде, қыста,
күзде, кеше, таңертен.



ЕСТЕ САҚТА!

Денсаулық — ең үлкен
байлық. Денсаулықты қуту
керек.

Ас – адамның арқауы

7 – 8
САБАҚ

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

ЖАҢА СӨЗДЕР

жартастырай дайын өнімдер,
сақталу мерзімі

АЙТЫЛЫМ

1 -тапсырма.

«Сатып алайық» ойыны. Төрт-төрттен топ құрыңдар. Әр топта бір сатушы, қалғандары сатып алушы болсын. Сатып алушылар текшени кезекпен лақтырады. Шаршы тақтада көрсетілген сурет бойынша заттарды атап, бағасын сұрап, сатып алуы керек. Бір минуттың ішінде көп әрі дұрыс айтқан топ женіске жетеді.



ЖАЗЫЛЫМ

2 -тапсырма.

Тірек сөздерді қолданып, «Біз салат жасадық» тақырыбында шағын мәтін жаз. Мәтінде: а) қандай салат жасағаныңды; ә) ол үшін дүкеннен не сатып алғаныңды; б) кімнің не істегенін жаз. Мәтінде мезгіл үстеулері мен мекен үстеулерін қолдан.

Тірек сөздер: салат жасау, сатып алу, жуу, турау, аршу, араластыру, дәмді.


АЙТЫЛЫМ

3 -тапсырма.

Сөзжүмбақты шеш. Тірек сөзді тап.

Көлдененеңінен:

1. Құрамында кальций мол табиғи тағам.
2. Сүттен алынатын қою, дәмді тағам.
3. Сүт, ұн, жұмыртқа қосып қуырылатын тағам.
4. Қант пен жеміс қосып дайындалатын тағам.
5. Ұн, су, жұмыртқа, тұз қосып иленетін шикі нан.



МӘТИНМЕН ЖҰМЫС

ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

4 -тапсырма.

Мәтінді оқы. Сұраққа жауап бер.

Қазақта «Ас — адамның арқауы» деген мақал бар. Бұл мақал «адам ас ішіп қана дұрыс өмір сүреді» дегенді білдіреді. Сонымен қатар «Ас тұрған жерде дертурумас» деген де аталы сөз бар. Адам қанша ауырса да, ас ішіп жүрсе, денсаулығы тез қалпына келеді.

Тамақ ішу — қажеттілік. Тамақ денсаулық үшін аса пайдалы. Тамақта адамға керек дәрумен, минерал, май бар. Тамақ әртүрлі дәруменге бай. Жеміс-жидекте дәрумен көп.

Анам пайдалы әрі женіл тамақты ас мәзіріне қосады. Мен етті, балықты, әртүрлі салатты жақсы көремін.

Ал сен қандай тамақты ұнатасың?

ЖАЗЫЛЫМ

5 -тапсырма.

Мәтіннен өзіңе таныс емес сөздерді теріп жаз. Сөздіктің көмегімен мағынасын анықта. Сол сөздерді буынға бөліп жаз.

ЖАЗЫЛЫМ

6 -тапсырма.

Мәтіндегі қою қаріппен берілген сөздерді буынға бөліп жаз. Көп нұктенің орнына тиісті қосымшаларды жалға.

Жеміс-жидек ... (-да, -де, -та, -те)
дәрумен көп. Оларда адам...(-ге, -ға, -де) көрек дәрумен, **минерал** көп. Сүт тағамдары... (-нда, -нде) **сүйек** қатайтатын дәрумен көп. Мен сүт тағамдарын, жеміс-жидекті, етті, балық...(-ті, -ты, -ді) жақсы көремін. Олар **денсаулық** пайдалы.

Жартылай дайын өнімдер...(-ды, -ді, -ті) жемеймін. Оларда адамға зиян заттар мен **бояулар** бар.

АЙТЫЛЫМ

7 -тапсырма.

Жаңа сөздерді қатыстырып, «Дүкенде» тақырыбына диалог құрындар. Диалогте үстен, сын есім, есімдік сөздер болсын.

Жаңа сөздер: жартылай дайын өнімдер, сақталу мерзімі, мерзімі өткен.

АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

8 -тапсырма.

«Ассонанс» ойыны. Жұп болып, тақырыпқа байланысты бес сөйлем құранындар. Сөйлемге қойылатын талаптар:

- 1) сөйлемде жаңа сөздер болуы керек;
- 2) сөйлем кемінде бес сөзден тұру керек;
- 3) сөйлемдегі ой түсінікті болуы керек;
- 4) сөйлемдегі сөздердің барлығы бір дыбыстан басталуы керек. Төрт минуттың ішінде сөйлемді дұрыс құраған жұп жеңімпаз атанады.

Улгі: Апам агама алма, алмұрт, апельсин, айран алды.

АЙТЫЛЫМ

9 -тапсырма.

Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Тамақ ішу — қажеттілік пе?
2. Қандай тағамдарда дәрумен көп?
3. Қандай тамақты ас мәзіріне қосуға болады?
4. Теледидарда қандай тағам туралы айттылады?
5. Жартылай дайын өнімдерді аласындар ма?
6. Жартылай дайын өнім алғанда, нені қарau керек?
7. Олардың пайдасы бар ма?

МӘТИНСОЦЫ ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ

10 -тапсырма.

Жағдаят: Сен дүкеннен жартылай дайын өнім сатып алдың. Бірақ сақталу мерзімі өткенін кеш көрдің. Не істейсің? Төмендегі сөздерді пайдаланып, сатушымен сөйлесетін диалогті жаз: кешіріңіз, көрмедім, жартылай дайын өнім, сатып алдым, сақталу мерзімі, өтіп кеткен.

АЙТЫЛЫМ

11 -тапсырма.

«Оймонشاқ». Топқа бөлініп, әрқайсың бір сөйлемнен айттындар. Сөйлемдер бір-бірімен логикалық байланыста болсын. Талап: өздерің алған жартылай дайын өнімдердің артықшылығы мен сақталу мерзімі туралы айттындар. Ол үшін төрт-төрттен топқа бөлініңдер. Топқа бөліну жолы: үстел үстінде көгөністің, сүт тағамдарының, ет тағамдарының суреттері теріс аударылып жатады. Алған суреттерің бойынша топтасындар. Дайындықта үш минут беріледі. Қай топ дұрыс нәтиже көрсетсе, сол жеңімпаз атанады.

Фастфудтың зияны

9—10
САБАҚ

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ

1 -тапсырма.

Суретке қара. Оларды ата. Суретте берілген тағамдардың пайдасы мен зияны туралы диалог құрындар.

ЖАҢА СӨЗДЕР

тез бұзылады, ескерту,
жсі, сана, қазы-қарта,
артық салмақ



АЙТЫЛЫМ

2 -тапсырма.

Тағамдар алғаш қай жерде шығарылған? Сұрақтың жауабын белгіле.

1	пицца	Қазақстан	а
2	спагетти	Түркія	ә
3	суши	Қытай	б
4	қазы-қарта	Жапония	в
5	Coca-Cola	Германия	г
6	Хот-дог	АҚШ	ғ
7	гамбургер	Азия	д
8	фри картобы	Италия	е
9	грек жаңғағы	Франция	ж
10	донер	Бельгия	з
11	грек салаты	Греция	и

ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

МӘТИНМЕҢ ЖҰМЫС

3 -тапсырма.

Мәтінді оқы.

Бұғын мектепте «Фастфудтар» деген тақырыпта сынып сағаты өтті. Сынып сағатына оқушылар, гастроэнтеролог-дәрігерлер қатысты.

Дәрігерлер мектеп оқушыларына тез дайындалатын тағам туралы айтты. Гамбургер, хот-дог, майға қуырылған картоп, газдалған сусындардың зиян екенін ескертті. Олар: «Дайындаушылар фастфуд тағамдарының сапасына қарамайды. Сондықтан фастфуд тағамдары тез бұзылып, көп ауруға себеп болады. Балалар фастфуд тағамдарын жақсы көреді. Ол денсаулыққа зиян. Сендер дұрыс тамақтана біліндер», — деді.

Қазір 6 жастан 14 жасқа дейінгі балаларда қаназдық ауруы көп кездеседі. Ал асқазан ауруы бірінші орында түр. Фастфуд тағамдары артық салмақ қосады.

АЙТЫЛЫМ

4 -тапсырма.

Мәтін бойынша сұрақтарға жауап бер.

- Мектепте не өтті?
- Сынып сағаты қандай тақырыпта өтті?
- Оған кімдер қатысты?
- Дәрігерлер оқушыларға не туралы айтты?
- Фастфуд тағамдары неге тез бұзылады?
- Фастфуд тағамдарының қандай зияны бар?

ЖАЗЫЛЫМ

5 -тапсырма.


Үш қатардағы сөздердерді пайдаланып, сөйлем құра.

1	Тез	1	тамақтану	1	тағамдар
2	Асқазан	2	мерзімі	2	тәмен
3	Газдалған	3	сапасы	3	өнімдер
4	Денсаулыққа	4	тағамдарының	4	өткен
5	Тағамның	5	бұзылатын	5	көбейді
6	Дұрыс	6	ауруы	6	болады
7	Фастфуд	7	сусындар	7	зиян
8	Жартылай	8	дайын	8	қажет
9	Сақталу	9	зиян	9	сапасы

АЙТЫЛЫМ

6 -тапсырма.

«Фастфуд тағамдары» тіркесіне кластер жаса. Сол сөздерді қатыстырып, сөйлем құра. Сөйлем құрамында мезгіл үстеуі мен мекен үстеулері болсын.



АЙТЫЛЫМ

7 -тапсырма.

Суреттегі екі баланың қайсысы гамбургерді жиі жейді? Қайсысы тек табиғи өнім жейді? Өз пікірінді дәлелде!



МӘТИНСОҢЫ ЖҰМЫС



АЙТЫЛЫМ

8 -тапсырма.

Жағдаят: Досың екеуің гамбургер сататын дүкеннің жанында тұрсындар. Досың: «Гамбургер жейік», — деп ұсыныс айтты. Сен гамбургердің, жалпы фастфуд тағамдарының адамға зиян екенін түсіндір.

ЕСТЕ САҚТА!

Тез дайындалатын тағам денсаулыққа зиян. Фастфуд тағамдары тез бұзылады. Олар көп ауруға себеп болады. Сондықтан дұрыс тамақтану керек.

КЕЛ, ЖАТТАЙЫҚ!

Сүт ішеміз әманда
Ағзамызға пайдалы.
Тіл үйірер қашан да
Қою тәтті қаймағы.
(Қ. Мырза-Әлі)

Нәтиже сабак. Мен не үйренипім?

ЖАЗЫЛЫМ

1 -тапсырма.

Диаграмманы толтыр.



ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

2 -тапсырма.

Фаламтордан алынған мәліметтерді кірістіріп, фастфуд тағамдары туралы шағын мәтін құрап жаз. Мәтінде мекен үстеуі мен мезгіл үстеулерін, жіктеу есімдіктері мен сілтеу есімдіктерін қолдан.

- Фастфуд дүкені алғаш рет 1919 жылы Калифорнияда «A&W Root Beer» деген атпен ашылды.
- Фри картобына да сұраныс өсті. Мысалы, 2010 жылдың өзінде американалықтар 3 миллион тонна фри картобын жеген.
- Фастфуд тағамдары американалықтардың артық салмақ қосуына әкелді. Америкада артық салмақтан жылына 248 мың адам қайтыс болады.
- Америкалықтар 1970 жылы фастфудқа 6 миллиард доллар жұмсаған. Бұл 2011 жылы 142 миллиард долларға жетті.
- Солтүстік Кореяда «Кока-Кола» мен «Пепси-Кола» сатылмайды.

АЙТЫЛЫМ

3 -тапсырма.

Тақырып бойынша сөзжүмбақ құрандар.

Сөзжүмбаққа қойылатын талаптар:

- тірек сөз болуы керек;
- сұрақтар қысқа, түсінікті болуы керек.

БІЛГЕНГЕ МАРЖАН...

- Ас — адамның арқауы.
- Тәні саудың жаңы сау (нақыл сөз)

МЕНИҢ ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАНЫМ

Қ. САРИН. «ТӘУЕЛСІЗДІК» ӨЛЕҢІ

1—2
САБАҚ

Менің тәуелсіз Қазақстаным

МӘТИНАЛДЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

1 -тапсырма.

Суреттер бойынша әңгімеле.



ЖАЗЫЛЫМ

2 -тапсырма.

«Тәуелсіздік» дегенді қалай түсінесің? Диаграмманы толықтыр, сөйлем құра.



МӘТІНМЕҢ ЖҰМЫС

ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

3 -тапсырма.

Диалогті тыңдаңдар. Рөлге бөліп оқындар. Түсінгендерінді баяндаңдар.

- Сен не себепті 16 желтоқсан күні демалатынымызды білесің бе?
- Әрине, білемін. 16 желтоқсан — Тәуелсіздік күні. Соңдықтан осы күні сабақ оқымаймыз, демаламыз.
- Неге 16 желтоқсан «Тәуелсіздік күні» деп аталады?
- 1991 жылы 16 желтоқсанда Қазақстанның Жоғары Кеңесі «Тәуелсіздік пен мемлекеттің егемендігі туралы» заңды қабылдады. Сен Қазақстанның тәуелсіздігін ең бірінші болып қай мемлекет мойындағанын білесің бе?
- Иә, бірінші болып Америка Құрама Штаттары, екінші Қытай Халық Республикасы, одан кейін Ұлыбритания мойындағы.
- О-о, бәрін білесің ғой?!
- Әрине, біз тәуелсіз елдің баласы екенімізді мақтан етуіміз керек.
- Иә, дұрыс айтасың. Тәуелсіздік көп қыыншылықпен келді ғой. Мен де тәуелсіз Қазақстанда тұрғанымды мақтан етемін.
- Еліміздің тәуелсіздігін сақтау өз қолымызда. Ал сен қалай ойлайсың?...

ЖАЗЫЛЫМ

4 -тапсырма.

Сөздерді мағынасына қарай сәйкестендіріп, сөйлем құра.

1	ең	а	күні	1	Елдің	а	керек
2	Тәуелсіздік	ә	егемендігі	2	Ұлыбритания	ә	айтасың
3	сабақ	б	Кеңесі	3	мақтануымыз	б	баласы
4	осы	в	желтоқсан	4	тұрғаныма	в	сақтау
5	Жоғары	ғ	қабылдады	5	біздің	ғ	ойлайсың
6	16	ғ	бірінші	6	дұрыс	ғ	қолымызда
7	мемлекеттің	д	оқымаймыз	7	қалай	д	мойындағы
8	занұды	ж	күні	8	тәуелсіздігін	ж	мақтанамын

ОҚЫЛЫМ

5 -тапсырма.

Мәтінді оқы. Түсінгеніңді айт.

Қазақстан тәуелсіздік алған соң барлық елге танылды. Қазір Қазақстанды, Елбасымыз — Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевты бүкіл дүниежүзі біледі. Қазақстан жер көлемі бойынша, әлемде 9-орын алады. Бізде қазба байлық та көп. Қазір мемлекетіміз қарыштап дамып келеді. Дүкендерде елімізде дайындалған тауарлар толып тұр. Маған өз елімізде дайындалған сүт өнімдері ұнайды. Ал саған не ұнайды?

ЖАЗЫЛЫМ

6 -тапсырма.

Берілген сөздер мен сөз тіркестерін пайдаланып, досынды Тәуелсіздік күнімен құттықтап, ашықхат жаз.

Құрметті, құттықтаймын, оқып, мен,
16 желтоқсан, күнімен, саған, зор,
сабағынды, денсаулық, ашық, жақсы,
еліміздің, досым, мықты, азаматы, бол,
Тәуелсіздік, аспан, сені, тілеймін.

МӘТИНСОҢЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

7 -тапсырма.

Диалогті толықтырыңдар.

- Сәлеметсіз бе, ата!
- Өркенің өссін, балам! Қалың қалай, балам? Сабағың жақсы ма?
- Жақсы, ата. Бүгін мектепте «Тәуелсіздік — тірегім» деген тақырыпта мерекелік концерт болады.
- Солай ма? Өте жақсы! Сен концертке қатысасың ба?
-
-
-

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

8 -тапсырма.

Жағдаят: Сынып жетекшісі сендерге Тәуелсіздік күніне арналған «Тәуелсіздік — тірегім» атты тақырыпта мерекелік шара өткізууді тапсырды. Топ болып осы шараның жоспарын құрыңдар. Сценарийін дайындаңдар.

ЕСТЕ САҚТА!

Қазақстан Жоғары Кеңесі заң қабылдады.
Қазақстанның тәуелсіздігін мойындағы.

Тәуелсіздік нышандары

3—4
САБАҚ

МӘТИНАЛДЫ ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ

1 -тапсырма.

Сұрақтарға жауап жаз.

- 16 желтоқсан — қандай мереке?
- Не себепті Тәуелсіздік күнін осы күні тойлаймыз?
- Қазақстан тәуелсіздігін қай мемлекет бірінші болып мойындады?

АЙТЫЛЫМ

2 -тапсырма.

Суреттерде не бейнеленген? Бұл символдар туралы не білесің?

ЖАҢА СӨЗДЕР

тәуелсіздік нышаны, бейнеленген, қанатты тұлпар, қыран, уық, жол сілтеу, келешек, құрмет, ұлықтау рәсімі



ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

МӘТІНМЕҢ ЖҰМЫС

3 -тапсырма.

Мәтінді тыңда. Оқы. Мәтінге тақырып қойып, жоспар құр.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері: Ту, Елтаңба, Әнұран. Олар тәуелсіздігіміздің нышандары болып табылады.

Қазақстан Республикасының Тыңда күн сәулесі бейнеленген. Жер жүзіне нұрын шашқан күн сәулесінің астында қияға қанат қаққан қыран салынған. Ол — тыныштық пен баянды өмірдің белгісі, ал ою-өрнек тудың қай елдікі екенін білдіреді.

Елтаңбада көгілдір түстің үстіне шаңырақ бейнеленген. Одан жан-жаққа күн сәулесі тәрізді уықтар тарайды. Шаңырақ пен уықтар біздің Отанымызда тыныштықта жарасымды өмір сүріп жатқан халықтардың достығын көрсетеді. Елтаңбаның бір бөлігінде ертедегі қанатты тұлпар бейнеленген. Елтаңбаның жоғарғы жағындағы бес бұрыш — бақытты өмірге жол сілтейтін жарық жүлдіздың белгісі. Төменгі жағындағы «Қазақстан» деген жазу республиканың атын көрсетеді. Масақ Отанымыздың байлығын білдіреді.

Әнұран — мемлекеттің салтанатты әні. Оның сөздерінде халықтың мындаған жылғы тарихы, бүгінгі өмірі мен келешек арманы айтылған. Әнұрандың қолын жүректің тұсына қойып, тұрып айтады. Бұл өз мемлекетіңе деген құрметті көрсетеді.

АЙТЫЛЫМ

4 -тапсырма.

Сұрақтарға жауап бер.

- Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздеріне не жатады?
- Қазақстан Республикасының туында не бейнеленген?
- Тудың түсі қандай?
- Тудағы күн сәулесі нені білдіреді?
- Елтаңбадағы қанатты тұлпарлар қандай мағына береді?
- Шаңырақ пен уық нені білдіреді?
- Әнұранды қалай айтуды керек?

ЖАЗЫЛЫМ

5 -тапсырма.

Үлгіге қара. Бір сөйлемге бірнеше нұсқада сұрақ қойып жаз.

Үлгі:

Мемлекеттік рәміздер тәуелсіздігіміздің нышандары болып табылады.	Мемлекеттік рәміздері ненің нышандары болып табылады?
	Нелер тәуелсіздігіміздің нышандары болып табылады?
	Мемлекеттік рәміздері тәуелсіздігіміздің несі болып табылады?

Қазақстан Республикасының Тұында құн сәулесі бейнеленген.	
Елтаңба көгілдір түстің үстіне салынған шаңырақ бейнесінен тұрады.	
Масақ Отанымыздың байлығын білдіреді.	
Әнұранды қолдарын жүректің тұсына қойып, тұрып айтады.	

АЙТЫЛЫМ

6 -тапсырма.

Қате жазылған сөйлемдерді тап. Себебін айт.

1. 1992 жылы 4 маусымда Қазақстан Республикасы Жоғары Кеңесінің сессиясында Республикамыздың Туы, Елтаңбасы, Әнұраны қабылданды. 2. Олар мемлекеттік рәміздер болып саналады. 3. Мемлекеттік рәміздер тәуелсіздік нышаны ретінде ерекше қадірленеді. 4. Олардың түр-түсі мен ресми қолданылу тәртібі Ата Занда белгіленіп, заңмен қорғалады. 5. Тудың авторы — Шәкен Оңдасынұлы Ниязбеков — белгілі суретші. 6. Мемлекеттік Елтаңбаның авторлары: танымал суретшілер — Жандарбек Мәлібеков пен Шота-Аман Ұәлиханов.

ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

7 -тапсырма.

Мәтінді оқы. Сын есімдерді тап. Қою қаріппен берілген сөздердің синонимін тауып, сөйлем құра.

МӘТИНСОҢЫ ЖҰМЫС

Біздің көгілдір түсті **Тұымыз** бірлік пен аман-есендікті білдіреді. Тудың ортасындағы сәулесін шашқан алтын Құн — тыныштық пен **байлықтың** белгісі.

Қазақ халқы ерте заманнан бері қыранды «киелі, қасиетті құс» деп есептеген. Тудың сабына ұлттық ою-өрнек салынған.

Мемлекеттік Әнұранның авторы — Шәмші Қалдаяқов, сөзін жазғандар — Жұмекен Нәжімеденов, Нұрсұлтан Назарбаев. «Менің Қазақстаным» әні Қазақстан Республикасының Әнұраны ретінде 2006 жылы 10 қаңтарда **Елбасын** ұлықтау рәсімінде **алғаш** рет орындалды.

АЙТЫЛЫМ

8 -тапсырма.

Суретті пайдаланып, көршіңмен диалог құр.



«Көкжинек-



АЙТЫЛЫМ

9 -тапсырма.

«Кім көп біледі?» ойыны. Үш топқа бөлініңдер. Әр топ «Әнұран», «Елтаңба», «Ту» сөздерін таңдап алсын. Өздерің таңдап алған мемлекеттік рәміз туралы айтыңдар. Дұрыс әрі сауатты айтқан топ женімпаз атанады.

ЕСТЕ САҚТА!

Мемлекеттік рәміздер — Тәуелсіздік нышаны. Туда күн сәулесі бейнеленген.

Тәуелсіздік символы – ұлттық теңге

5 – 6
САБАҚ

МӘТИНАЛДЫ ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ

1 -тапсырма.

Суретке қара. Сұраққа жауап жаз.

- Баланың қолында не бар?
- Ол ақшаны не үшін қолданады?



АЙТЫЛЫМ

2 -тапсырма.

Сұрақтарға жауап бер.

- Қанша ақшан бар?
- Дүкеннен не алғың келеді?
- Ол қанша тұрады?
- Сатып алуға ақшан жете ме?

ЖАҢА СӨЗДЕР

шыққан жылы, бейне, төл
теңге, өнір, мерейтой,
арнайы, ерекше

МӘТИНМЕҢ ЖҰМЫС

ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

3 -тапсырма.

Мәтінді тыңда. Түсініп оқы. Қою қаріппен берілген сөздердің антонимін тап.

1992 жылы 12 қарашада еліміздің Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Қазақстан Республикасында валюта енгізу туралы Жарлыққа» қол қойды.

Ескі ақшаны ұлттық теңгеге айырбастау 15 қарашадан басталып, 20 қараша күні аяқталды. 1 теңге 500 сомға бекітілді. Ұлттық валютаны «теңге», жүзден бір бөлігін «тиын» деп атайды.

Ұлттық теңгени жасауға екі жылдай уақыт кетті. Теңгенің бірінші бетіне қазақ халқының **ұлы** тұлғалары бейнеленді. Қазақ валютасының жобасын жасаған суретшілер — Тимур Сүлейменов, Мендібай Алин, Ағымсалы Дүзелханов, Қайролла Әбжәлевов.

Алғашқы ұлттық валютамыз Англияда, алғашқы тиындар Германияда жасалды. Теңгени елге төрт «ИЛ-76» ұшақтарымен

әкелді. Ұшақтар Альбион еліне 18 рет қатынады. Төл теңгеміздің алғашқы партияларын сақтау үшін арнайы жерасты қоймалары дайындалды. Осы қоймалардан ұлттық теңгеміз еліміздің барлық өніріндегі банктерге 8 күн ішінде жеткізілді.

Ұлттық валютада елдің өткені, бүгіні және болашағы бейнеленді.

ОҚЫЛЫМ

4 -тапсырма.

Мәтінге сүйеніп, ақпараттың дұрыстығын тексер. Түсіндір.

Ақпарат	Дұрыс	Дұрыс емес
Қазақстан теңгесі — Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы.		
1992 жылы 15 қарашада еліміздің Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Қазақстан Республикасында валюта енгізу туралы Жарлыққа» қол қойды.		
Ұлттық теңгені жасауға бес жылдай уақыт кетті.		
Алғашқы ұлттық валютамыз Англияда, алғашқы тиындар Германияда жасалды.		
Теңгені елге төрт «ЯК-40» ұшақтарымен әкелді.		
Төл теңгеміздің алғашқы партияларын сақтау үшін арнайы жерасты қоймалары дайындалды.		
Осы қоймалардан ұлттық теңгеміз еліміздің барлық өніріндегі банктерге 5 күн ішінде жеткізілді.		

ЖАЗЫЛЫМ

5 -тапсырма.

Сөздерге тиісті қосымша жалғап жаз.

Менің ақша...	Біздің ақша...
Сенің ақша...	Сендердің ақша...
Сіздің ақша...	Сіздердің ақша...
Оның ақша...	Олардың ақша...

ОҚЫЛЫМ

6 -тапсырма.

Тиісті қосымшаларды жалғап, сөйлемдерді оқы.

Мерейтойлық күміс тиын...

Қазақстанның Теңге сарайын... жа-

салады. Олар — күміс ақшалар.

Мерейтойлық ақша... мерекелердің құрметі... арналып жасала.... .

Қазақстанның 10,15, 20 жылдығына арналған тиындар бар. Бұл тиындар қолданыстағы тиындар... ерекше болады. Олар бір-ақ рет шығады. Коллекционерлер осындағы арнайы жасалған тиындарды жинаиды.

АЙТЫЛЫМ

7 -тапсырма.

Суретті пайдаланып, диалог құрындар.



МӘТИНСОҢЫ ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ

8 -тапсырма.

Төменде аталған елдердің үлттық валюта атауларын жаз.

- Ресей
Қытай
Қырғызстан
Өзбекстан
Үндістан
Германия
Египет
Англия
АҚШ
Түркия

ЖАЗЫЛЫМ

9 -тапсырма.

Сәйлемді аяқта.

- Мен сатып аламын. Біз сатып ал
Сен сатып ал Сендер сатып ал
Ол сатып ал Олар сатып ал

АЙТЫЛЫМ

10 -тапсырма.

Досыңмен «Сатушы» ойынын ойнаңдар.
Бірің сатушы, екіншің сатып алушы болындар. Кітап дүкеніндегі диалогті құрындар.

ЕСТЕ САҚТА!

Қазақстан теңгесі — Қазақстан Республикасының үлттық валютасы.
Ол — Тәуелсіз Қазақстанның міндетті рәміздерінің бірі.

Тәуелсіз елдің Астанасы


7—8
САБАҚ

МӘТИНАЛДЫ ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ

1 -тапсырма.

Суреттерден өзіңе ұнайтын көлікті таңда. Сол көлікпен қайда саяхат жасағың келетіні туралы мәтін құрап жаз.




ЖАҢА СӨЗДЕР

Елорда, қонақүй, тамашалау, естелік

АЙТЫЛЫМ

2 -тапсырма.

«Астана» тақырыбындағы диаграмманы толықтыр.



МӘТИНМЕҢ ЖҰМЫС

ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

3 -тапсырма.

Мәтінді тыңда. Оқы. Түсінгеніңді айт.

Астана — Қазақстан Республикасының елордасы. Ол Сарыарқаның солтүстік бөлігінде орналасқан. Қаланың ортасынан Есіл өзені ағып өтеді. Астана бұрын «Ақмола» деп аталған. Қоңыраулық мемориалдық комплекстің негізінде қала «Целиноград» деген атауға ие болған. 1997 жылдың 10 желтоқсаннан бастап Ақмола ресми турде Қазақстанның астанасы болып жарияланды. 1998 жылдың 6 мамырда Н.Ә. Назарбаев Ақмола қаласын Астанадеп атап туралы жарлық шығарды. 1998 жылдың 10 маусымда жаңа астананың ресми тұсауқесер тойы болды. 2006 жылдан бастап «Астана күні» 6 шілдеге ауысты. Жыл сайын осы күні «Астана күнін» тойлаймыз.

Астана — жас әрі сұлу қала. Астана қаласының бас символы — «Бәйтерек» монументі. Оның биіктігі — 97 метр. «Бәйтерек» монументі — Есілдің сол жағындағы алғашқы сәулет туындысы. Астанада саябақтар, жаңа ғимараттар бар. 2001 жылдың 8 қырғызекте «Қазақстан картасы — Атамекен» тарихи-этнографиялық кешені ашылды. Саябақта Қазақстанның қалалары мен тарихи ескерткіштер көрсетілген.

1999 жылды ЮНЕСКО шешімімен Астана «Әлем қаласы» атағына ие болды.

АЙТЫЛЫМ

4 -тапсырма.

Сұрақтарға жауап бер.

- Астана қаласы бұрын қалай аталған?
- Ол қай жылдан бастап Қазақстан Республикасының астанасы болып саналады?
- Астана қаласының бас символы — не?
- Астана қаласы қандай атақта ие болды?
- Сен Астана қаласын көрдің бе? Қала ұнады ма?
- Саған Астанадағы қандай жерлер ұнады?

ЖАЗЫЛЫМ

5 -тапсырма.

Көп нүктенің орнына қажетті сөздер мен сөз тіркестерін қойып жаз.

- Астана қаласында тарихи тұлғаларға арналған ... көп.
- Астанада зәулім ғимараттар, мәдениет сарайлары, бар.
- Біз «Думан» ойын-сауық орталығына
- Әлемдегі ең биік ғимараттың жаңында ... түстік.
- Ол Сарыарқаның солтүстік ... орналасқан.

Қажетті сөздер: суретке, демалыс орындары, ескерткіштер, бөлігінде, бардық.

АЙТЫЛЫМ

6 -тапсырма.

Диалогті аяқтаңдар.

- Гүлсая, Астана — өте әдемі қала екен.
- Иә, Ернұр, Астана үлкен әрі әдемі. Ертөрөгө Астананың көрікті жерлерін көрсетейік!
- Жарайды, Гүлсая. Жұр, Ертөре, Астананы аралаймыз.
- Мен Нұрасылға хабарласайын. Оны да ертіп алайық.
-
-
-

ЖАЗЫЛЫМ

7 -тапсырма.

«Астана — арман қала» атты тақырыпта мәтін құра.

МЕТИНСОҢЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

8 -тапсырма.

Жағдай: Жазғы демалыста досынмен бірге Астанаға барғың қеледі. Ол жазғы демалысын шетелде өткізгісі қеледі.

Ал саған Астанада демалған ұнайды.

Досынды Астанада демалуға үгітте.

ЖАЗЫЛЫМ

9 -тапсырма.

Астанада тұратын досынды қала күнімен құттықтап, ашықхат жаз. Хатынды сыныпта оқып бер.

АЙТЫЛЫМ

10 -тапсырма.

«Сұрақ-сандық» ойыны. Екі топқа бөлініңдер.

Ортаға екі сандық қойылсын. Топтағы оқушылар

Астана қаласы туралы 5 сұрақ құрастырып,

сандыққа салсын. Екі топ сандықпен алмассын.

Балалар кезекпен сандықтағы сұрақты алып, жа-

уап берсін. Қай топтың сұрақтары мен жауаптары

дұрыс әрі қызық болса, сол топ жеңеді.

ЕСТЕ САҚТА!

Астана, туған күнімен! Астана

ерекше құлпырып кетіпті.

Астанада ескерткіш көп.

«Алтын қалам» әдеби сыйлығының жекемиазы

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

ЖАҢА СӨЗДЕР

жыр-мұшәйра, жүлдегер, жеңімпаз,
Одақ мүшесі, жыр-жинақ

АЙТЫЛЫМ

1 -тапсырма.

Сұрақтарға жауап бер.

- Қазіргі жас ақындар туралы білесің бе?
- Олардың Тәуелсіз Қазақстанға арналған қандай шығармаларын білесің?
- Сен өлең жазасың ба?
- Сенің өлең жазатын достарың бар ма?
- Сен байқауларға қатыстың ба?
- Қандай жүлдelerің бар?

ЖАЗЫЛЫМ

2 -тапсырма.

Суреттерді пайдаланып, мәтін құра. Сенің ойыңша, олар қандай байқауларға қатысты?



ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

3 -тапсырма.

Мәтінді тыңда. Түсініп оқы. Тақырып қой.

МӘТІНМЕҢ ЖҰМЫС



Сарин Қалқаман Айымғазыұлы 1978 жылдың 2 қаңтарында қазіргі Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданы Арқат ауылында дүниеге келген. 1994 жылы орта мектепті, 1998 жылы Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің тарих факультетін бітірген.

Еңбек жолын мұғалім болудан бастаған. 1998 жылдан 2008 жылға дейін Қазақ Ұлттық музика академиясында оқытушы болып қызмет атқарған.

Қ. Сарин — халықаралық, республикалық жыр-мұшәйралардың жүлдегері, Халықаралық «Шабыт» фестивалінің лауреаты, «Алтын қалам» әдеби сыйлығының жеңімпазы. «Дарын» Мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты, Ол — Қазақстан Республикасы Жазушылар Одағының мүшесі, «Арманымның бейнесі» атты жыр жинағының авторы. «Жібек сезім — жүрек сезім» деп аталатын үнтаспасын шығарған. Ел ішіне кеңінен танылған «Қызыма», «Құзгі бақ», «Жібек сезім» және т.б. әндердің мәтінін жазған.

ЖАЗЫЛЫМ

4 -тапсырма.

Мәтінді пайдаланып, сөздерден сөйлем құрап жаз.

Үлгі: Қалқаман Сарин — халықаралық, республикалық жыр-мұшәйралардың жүлдегері.

дүниеге келген	
еңбек жолы	
лауреат	
жеңімпаз	
мүше	
жыр-жинақ	
әндер	
үнтаспа	

АЙТЫЛЫМ

5 -тапсырма.

Мәтінге сүйеніп, ақпараттың дұрыстығын тексер.
Түсіндір.

Ақпарат	Дұрыс	Дұрыс емес
Сарин Қалқаман Айымғазыұлы 1979 жылдың 2 қаңтарында қазіргі Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданы Арқат ауылында дүниеге келген.		
1994 жылы орта мектепті, 1998 жылы Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің тарих факультетін бітірген.		
Еңбек жолын инженер болудан бастаған.		
Халықаралық, республикалық жыр-мұшәйралардың жүлдегері.		
Облыстық «Шабыт» фестивалінің лауреаты.		
Ел ішіне кеңінен танылған «Қызыма», «Құзгі бақ», «Жібек сезім» және т. б. әндердің мәтінін жазған.		

МӘТИНСОҢЫ ЖҰМЫС


ЖАЗЫЛЫМ

6 -тапсырма.

Қалқаман Сарин туралы қосымша мәлімет жина. «Ол — кім? Ол — қандай ақын?» деген сұрақтарға жауап беріп, диаграмманы толтыры. Ақынның жеке авторлық сайтын пайдалан (<http://kalkamansarin.kz/index.php>).

Талаптар:

1. көлемі — 4-6 сөйлем;
2. сын есім сөздерді жиі пайдалан;
3. міндетті түрде жаңа сөздерді қолдан.



АЙТЫЛЫМ

7 -тапсырма.

Суреттерді пайдаланып, диалог құрындар.



ЖАЗЫЛЫМ

8 -тапсырма.

Сөздерді мағынасына қарай сәйкестендіріп, сөйлем құра.

1	Абай	а	университеті	1	жыр-	а	сыйлығы
2	Арқат	ә	факультеті	2	«Шабыт»	ә	жинағы
3	Еңбек	б	атқарған	3	әдеби	б	жазылған
4	музыка	в	болудан	4	Жазушылар	в	үнтаспа
5	тарих	г	бастаған	5	жыр	г	мүшәйралардың
6	қызмет	ғ	академиясы	6	өлеңдеріне	ғ	жүлдегері
7	Ұлттық	д	ауданы	7	авторлық	д	таңылған
8	мұғалім	ж	жолы	8	кеңінен	ж	лауреаты
							Одағының

ЕСТЕ САҚТА!

Қалқаман Сарин — жыр-мүшәйралардың жүлдегері, Халықаралық «Шабыт» фестивалінің лауреаты, «Алтын қалам» әдеби сыйлығының жеңімпазы, Жазушылар Одағының мүшесі, «Арманымның бейнесі» атты жыр жинағының авторы.

Ya, еркіндік! Сенсің менің ен, заңайын олеңім!

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

1 -тапсырма.

Сұрақтарға жауап бер.

- Еркіндік деген не?
- «Еркін өмір сұру» дегенді қалай түсінесің?
- Қазір біз еркіндікте өмір сүріп жатырымыз ба?
- Сен тәуелсіз елде еркін өмір сүріп жатырыңың ба?



ЖАҢА СӨЗДЕР

шер-мұн, өзек, бодан,
бұғаулану, өгей, алшаң басу,
енсе, құрсау, боздақ

ЖАЗЫЛЫМ

2 -тапсырма.

Суреттерге қара. Фаламтор материалын пайдаланып, Желтоқсан оқиғасы туралы қысқаша мәтін құра.



ОҚЫЛЫМ

3 -тапсырма.

Мәтінді түсініп оқы. Тәуелсіздік монументі туралы қосымша ақпараттарды пайдаланып, онда не бейнеленгенін айт.

Тәуелсіздік монументі — Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің бес жылдығына орай Алматы қаласында орнатылған сәулет және мұсін өнерінің ескерткіші. 1995 жылы 13 шілде күні Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев Алматы қаласында Тәуелсіздік монументін орнату туралы қаулы қабылдады. Тәуелсіздік монументінің авторлар тобының жетекшісі — Шот-Аман Үйдірысұлы Уәлихан.

МӘТИНМЕН ЖҰМЫС

ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

4 -тапсырма.

Мәтінді тыңда. Өлеңді мәнерлеп оқы. Түсінгенінді айт.

Тәуелсіздік

Еркіндігім,
Қасиеттім,
Қастерлім!
Өзің барда өзегімде жоқ шер-мұң!
Кеше сенің келбетінді арман қып,
Боданына бұғауландық басқа елдің.
Бабалардың басын тігіп бәйгеге,
Аналардың жанарына жас бердің!
Уа, Еркіндік,
Қош келдің!

Өзегімді өртке ораған қоғамда
Тұз үйіме өзім өгей болам ба?!

Алшаң басып жүре алмаса алты алаш,
Азаттығым, қадірің де жоқ онда!
...Саған жету қыын болса қаншалық,
Сақтап тұру қыынырақ одан да!

Алла берген азаттықтың әр сәті –
Аманат қой
Маған,

Саған,

Оған да!

Саясатқа сермей алмай семсерді,
Езгі күнге тері қылдым еңсемді!
Желтоқсанда жалын атып жастығым,
Құрсау болған темір қоғам теңселді!
Есте даңқы қыршындардың қалды ма?
Сексен алты ерлігім бе, ең соңғы?!

Уа, еркіндік,
Құның немен өлшенді?!

Сені көксеп,
Боздақтарым өлсе – өлді!
Сенсің – менің ең ғажайып өлеңім,
Ең шуақты,
Ең шырайлы,
Ең шерлі!

Әр таңыңды сүйіншілеп тұрайын
Құдай берген ғұмырымда өлшеулі!

(Қалқаман Сарин)

ЖАЗЫЛЫМ

5 -тапсырма.

Қате жазылған сөздерді тап. Себебін түсіндір. Қою қаріппен берілген сөздерді пайдаланып, сөйлем құра.

Қалқаман Сариннің «Тәуелсіздік» атты өлімі 1986 жылғы **Желтоқсан**

оқиғасына арналған. Ақын тәуелсіздіктің оңай келмегенін айтады.

Тәуелсіздік жолында талай жаслар өз өмірін қиған. Олар сол кездегі саясатқа қарсы шыққан. Ақын осы қыншылықпен келген **еркіндікты** жырлаған. Ол тәуелсіздікты сақтау бізге аманат екенін айтады.

АЙТЫЛЫМ

6 -тапсырма.

«Тәуелсіздік» өлеңі бойынша бірнеше сұрақ дайынdap, диалог құрындар.

Улгі:

- «Тәуелсіздік» өлеңінің авторы — кім?
- «Тәуелсіздік» өлеңінің авторы — Қалқаман Сарин.

—
—
—
—
—

МӘТИНСОҢЫ ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ

7 -тапсырма.

«Тәуелсіздік» өлеңі бойынша «Қос жазба»
күнделігін толтыр. Түсіндір.

Үзінді	Түсініктеме
.....
.....

ТЫҢДАЛЫМ

8 -тапсырма.

//www.zharar.com/kz сайтынан Қалқаман Сариннің «Тәуелсіздік» өлеңін ақынның орындауда тыңда.

ЖАЗЫЛЫМ

9 -тапсырма.

«Тәуелсіздік» тақырыбына синквейн (бес жолды тақпақ) дайында.

Бес жолды тақпақтың құрылымы:

1. Тақырыпқа қатысты бір зат есім.
2. Бірінші зат есімге қатысты екі сын есім.
3. Бірінші зат есімге қатысты үш етістік.
4. Бірінші зат есімді суреттеп, толықтыратын төрт кілт сөз.
5. Тақырыпты сипаттайтын бір синоним немесе метафора (зат есім).

АЙТЫЛЫМ

10 -тапсырма.

Жақшадағы сұраққа жауап бер. Сөйлемді толықтыр.

1. Кеше сенің (неніді?) арман қып, боданына бұғауландық басқа елдің. **2.** Бабалардың басын тігіп бәйгеге, (кімдердің?) жанарына жас бердің! **3.** Өзегімді өртке ораған (қайда?) өз үйіме өзім өгей болам ба?! **4.** (Неге?) жету қыын болса қаншалық, Сақтап тұру қынырақ одан да! **5.** Алла берген (ненің?) әр сәті — аманат! **6.** Желтоқсанда жалын атып жастығым, Құрсау болған (қандай?) қоғам теңселді! **7.** Әр (неніді?) сүйіншілеп тұрайын!

ЕСТЕ САҚТА!

Қалқаман Сариннің «Тәуелсіздік» атты өлеңін жаттап аламын. Маған бұл өлең ұнайды.

Нәтиже сабак. Мен не үйреним?



АЙТЫЛЫМ

1 -тапсырма.

Сұрақтарға жауап бер.

- Тәуелсіздік дегеніміз не?
- Қазақстанның тәуелсіздік нышандарына не жатады?
- Қазақстанның Мемлекеттік рәміздері қашан қабылданды?
- Елтаңбада не бейнеленген?
- Әнұранның авторы — кім?
- Мемлекеттік Ту қандай жерлерге ілінеді?

ОҚЫЛЫМ

2 -тапсырма.

Мәтінді оқы.

Түсінгеніңді баянда.

Қазақстан Республикасы тәуелсіз мемлекет болып саналады. Еліміздің мемлекеттік рәміздері бар. Мемлекеттік рәміздер заңмен қорғалады. Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті — Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев. Қазақстанның елордасы — Астана қаласы. Қазақстанның үлттық валютасы — теңге.

Тәуелсіздік — баға жетпес байлық. Ол туралы халықаралық «Шабыт» фестивалінің лауреаты, «Алтын қалам» әдеби сыйлығының жеңімпазы, «Дарын» Мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты — Қалқаман Сарин «Тәуелсіздік» атты өлеңінде жырлаған. Тәуелсіздікті сақтау — бізге аманат.

ЖАЗЫЛЫМ

3 -тапсырма.

«Тәуелсіздік — тірегім» деген тақырыпта өтетін мерекелік концерттің хабарландыруын дайындаңдар.

АЙТЫЛЫМ

4 -тапсырма.

Жағдаят: Үйіңе шетелден қонақ келді. Сұрақтарды пайдаланып, шетелдік қонаққа Астананы таныстыры.

- Астана — қандай қала?
- Астана Қазақстанның қай жерінде орналасқан?
- Астанада қандай ғимараттар бар?
- Астананың ортасынан қандай өзен ағып өтеді?

ЖАЗЫЛЫМ

5 -тапсырма.

Мен «16 желтоқсан — Тәуелсіздік күні» деген тақырыпта шығарма жаздым. Шығармамда Қазақстанның тәуелсіздік алған күні, еліміздің тәуелсіздігін мойындаған елдер туралы жаздым. Еліміздің мемлекеттік рәміздері, бүгінгі таңдағы Қазақстан жайлы жаздым. Шығармамда 15 сөйлем жаздым.

- Ол қандай сөйлемдер жазды деп ойлайсың? Жазып көр.

АЙТЫЛЫМ

6 -тапсырма.

Суреттерді пайдаланып, диалог құрындар.



ЖАЗЫЛЫМ

7 -тапсырма.

Көп нүктенің орнына
тиісті қосымшаларды
қойып, жаз.

Мен де Тәуелсіз Қазақстан... тұрғанымды мақтан етемін.
2. Бізде қазба байлық... да өте көп. 3. Елтаңбада көгілдір
түс... үстіне шаңырақ бейненген. 4. Алғашқы тыындар
Германияда жасал... 5. Қала... ортасынан Есіл өзені ағып
өтеді. 6. Есте даңқты қыршындар... қалды ма, Сексен алты
ерлігім бе, ең соңғы!?

АЙТЫЛЫМ

8 -тапсырма.


Суретті пайдаланып, нақыл сөздің мағынасын түсіндір.



АЙТЫЛЫМ

9 -тапсырма.

Қалқаман Сариннің «Тәуелсіздік» өлеңі бойынша «тәуелсіздік» сөзіне диаграмма құра. Не себепті ол сөздерді таңдағаныңды айт.



АЙТЫЛЫМ

10 -тапсырма.

«Қазақстан — тәуелсіз мемлекет» деген тақырыпта фотоколлаж дайында. Оны сыныпта қорға.

БІЛГЕНГЕ МАРЖАН...

- Егемен елдің еңесі биік.



Аспан денелері

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

1 -тапсырма.

Суретке қарап, сұрақтарға жауап бер.

1. Суретте не бейнеленген?
2. Сен түнде аспанға қарап көрдің бе?
3. Сен жұлдыздарды бақылайсың ба?
4. Қандай аспан денелері мен жұлдыздарды білесің?
5. Жұлдыздар қозғала ма?



ЖАЗЫЛЫМ

2 -тапсырма.

Сұраққа жауап бер. Түнгі аспан қандай? Күндізгі аспан қандай?

Түнгі аспан

Күндізгі аспан

АСПАН



ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

МӘТИНМЕҢ ЖҰМЫС

3 -тапсырма.

Тыңда. Мәтінді оқы.

Алуа аспан әлемінің құпиясы туралы көп оқиды. Ол жұлдызды аспанды үннатады. Түнде жұлдыздарға ұзак қарайды. Аспан әлемінің құпиясын білгісі келеді. Жұлдыздардың қозғалысын бақылайды. Соны біletін Зере:

— Алуа, осы жұлдыздар неден тұрады? — деп сұрады.

Алуа:

— Зере, ғалымдардың айтуынша, жұлдыз газдан (плазмадан) тұрады. Өте күшті қызыған жұлдыздар жарық шығарады. Құн де, жұлдыздар да — аспан денелері. Құн Жерге жақын. Сондықтан Құн үлкен болып көрінеді. Жұлдыздар Жерден өте алыс орналасқан. Сондықтан жұлдыздар өте кішкентай болып көрінеді. Телескоппен қарағанда, жұлдыздар нүкте сияқты.

Зере:

— Біздің галактика шексіз. Аспанда қанша жұлдыз бар екен? Оның санын ешкім білмейтін шығар?

Алуа:

— Біз түнде аспаннан 6 мыңдай жұлдызды көреміз. Біздің галактикада жай көзге көрінбейтін 200 миллиардтай жұлдыз бар. Ол жұлдыздарды күшті телескоппен көруге болады. Аспанда көлденең жатқан, шашырап төгілген сұтке ұқсас ақшыл жолақ — жұлдыздар шоғыры бар. Бұл жолақты қазақтар «Күс жолы» деп атайды.

Зере:

— Алуа, сен аспан әлемі туралы көп біледі екенсің. Болашақта астроном болатын шығарсың. Сені тыңдаудан жалықпаймын. Рақмет!

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

4 -тапсырма.

Суреттерді сөйлемдермен сәйкестендіріп, мазмұн желісі бойынша оқы.



1.



2.



3.



4.



5.

а) Аспанда көлденең жатқан, шашырап төгілген сүтке ұқсас ақшыл жолақ — жұлдыздар шоғыры бар. Бұл жолақты қазақтар «Құс жолы» деп атайды.

ә) Алуа, сен аспан әлемі туралы көп біледі екенсің. Болашақта астроном ғалым болатын шығарсың.

б) Алуа аспан әлемінің құпиясы туралы көп оқиды. Ол жұлдызды аспанды ұнатады. Түнде жұлдыздарға ұзақ қарайды.

в) Жұлдыздар Жерден өте алыс орналасқан. Сондықтан жұлдыздар өте кішкентай болып көрінеді. Телескоппен қарағанда, жұлдыздар нүкте сияқты.

г) Құн Жерге жақын. Сондықтан Құн үлкен болып көрінеді.

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

5 -тапсырма.

Сөздер мен сөз тіркестерін мағынасына қарай сәйкестендір.

аспан әлемінің
жұлдызды
жұлдыздар қозғалысын
Құн мен жұлдыздар
галактика
көлденең жатқан
шашырап төгілген
ақшыл жолақ

сүтке ұқсас
құпиясы
шексіз
бақылайды
аспан денесі
Құс жолы
аспан
жұлдыздар шоғыры

АЙТЫЛЫМ

6 -тапсырма.

Мәтіннің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап бер.

1. Алуа не туралы көп оқиды?
2. Ол нені ұнатады?
3. Алуа нені бақылайды?
4. Зере Алуаға қандай сұрақ қойды?
5. Алуа не деп жауап берді?
6. Жұлдыз неден тұрады екен?
7. Қандай аспан денесін білесің?
8. Құн неге үлкен болып көрінеді?
9. Біздің галактика қандай?
10. Біз түнде аспаннан қанша жұлдызды көреміз?
11. Біздің галактикада көзге көрінбейтін қанша жұлдыз бар?
12. Аспанда көлденең жатқан қандай жұлдыздар шоғыры?
13. Бұл жолақты қазақтар не деп атайды?

МӘТИНСОҢЫ ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

7 -тапсырма.

Жақшадағы сөздердің ішінен дұрыс нұсқасын тауып, сөйлемді толықтыр.

Алуа (*аспан астының, аспан әлемінің, жер үстінің*) құпиясы туралы көп оқиды. Ол (*жұлдызды айды, жұлдызды аспанды, қараңғы тұнди*) ұнатады. Аспан әлемінің (*құпиясын, түрін, сөзін*) білгісі келеді. (*жұлдыздардың қозғалысын, Жердің серігін, Айдың бетін*) бақылайды. Жұлдыз газдан (*жатады, отырады, тұрады*). Өте күшті (*қызған, сұыған, кепкен*) жұлдыздар жарық шығарады. Құн де, жұлдыздар да — (*аспан денелері, аспан әлемі, рақмет*). Құн Жерге (*алыс, жақын, туысқан*). Жұлдыздар Жерден алыс (*кеткен, орналасқан, отыр*).

АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ


8 -тапсырма.

Сөздікті пайдаланып, төмендегі сөздерден «сыр», «зерттейді», «ұшықиры җоқ», «шашылған» сөздерінің синонимдерін тап.

Құпия, бақылайды, шексіз, шашырап төгілген.

ЕСТЕ САҚТА!

Аспан әлемінің құпиясы көп. Құн де, жұлдыздар да — аспан денелері. Галактика шексіз. Аспанда көлденең жатқан, шашырап төгілген сұтке ұқсас ақшыл жолақ — жұлдыздар шоғыры «Құс жолы» деп аталады.



Аспан әлемін зерттеген ұлы қошкенділер

3—4
САБАҚ

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

1 -тапсырма.

Суретке қарап, жауап бер. Сұрақтардағы түсініксіз сөздерді көрсет.

1. Суретте кім бейнеленген?
2. Қазіргі заманда жұлдызшылар бар ма?
3. Сен жұлдызшылардың зерттеуіне сенесің бе?
4. Жұлдызшылар нені зерттеген?

АЙТЫЛЫМ

2 -тапсырма.

Суретке қарап, сұрақтарға жауап бер.

ЖАҢА СӨЗДЕР

түркілер, қызықтырыған, кең дала, жұлдызышы, орта ғасыр, ежелден, зерттеген, құбылыс, өмірде пайдаланған, зират, мұсін



1. Суретте бейнеленген Әл-Хорезми мен Настродамус туралы не білесің?



Әл-Хорезми

Ортағасырлық ұлы ғалым, математик, астроном (жұлдызшы), тарихшы, жағрапияшы



ТЫНДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

3 -тапсырма.

Тында. Мәтінді оқы. Түсініксіз сөздерді тап.

МӘТИНМЕҢ ЖҰМЫС

Көшпенді түркілерді әрқашан аспан әлемінің құпиясы қызықтырған. Кең далада өмір сүрген ұлы көшпендерділер ежелден аспан әлемінің құпиясын меңгерген. Техника жоқ кезде қазақтар аспан денелерінің қозғалысын білген. Аспан әлемін бақылайтын адамдар болған. Аспан, жұлдыз әлемін бақылайтын адамдарды «жұлдызшы» деп атаған. Қазақ жұлдызшылары ежелгі дәуір мен орта ғасырда аспан денелерінің қозғалысын бақылаған. Ондай жұлдызшылар Ежелгі Мысырда (Египетте), Үндістанда, Грекияда да болған. Олар аспан құбылыстарын зерттеген, күнтізбе есебін жүргізген.

Ежелгі түркі жұлдызшылары «Жетіқарақшы», Үркөр, Темірқазық, Босаға, Таразы жұлдыздарын ашқан. Жұлдызшылар ауа райын, көктемнің келуін, жаздың шығуын болжаған. Бұл мәліметтер көшпелі түркілер үшін өте маңызды болған. Көшпендерділер жұлдызшылардың бақылауын тұрмыста пайдаланған. Кейбір жұлдызшылар астрологиямен айналысқан. Қазақтар — ұлы түркілердің ұрпағы. Қазақтар жазда жайлауға, көшіп, қыста қыстауда тұрған.

Қазақстан археологтері Орталық Қазақстандағы Жанғабыл өзенінің маңынан VIII-X ғасырларда өмір сүрген жұлдызшының зиратын тапқан. Зиратта жұлдызтас, метеорит болған. Зираттың жанына гранит мүсін қойылған.

Alashainasy.kz сайтынан

ЖАЗЫЛЫМ

4 -тапсырма.

Әр қатардағы жаңа сөзді тауып, сөз тіркесін құр.

балалар	бақылайды	тарих
түркілер	жұлдызшы	құбылыс
сурет салған	шексіз	жел
қызықтырған	ежелгі дәуір	аспан денесі
тұрмыста пайдаланған	шашырап төгілген	мүсін
оқыған	орта ғасыр	жаңбыр
жұлдызды аспан	сабақ	боран
кең дала	зерттеген	зират

ЖАЗЫЛЫМ ОҚЫЛЫМ

5 -тапсырма.

Жаңа сөздерді мәтінде келу ретіне қарай орналастыр.

Түркілер, кең дала, қызықтырған, жұлдызшы, ежелден, ежелгі дәуір, құбылыс, орта ғасыр, тұрмыста пайдаланған, мүсін, зерттеген, зират.

ЖАЗЫЛЫМ АЙЫЛЫМ

6 -тапсырма.

Қажетті сөздерді қойып жаз.

Қажетті сөздер:

ежелден, кең да-
лада, орта ғасырда,
жұлдызышы,
қызықтырған, ежелгі
дәүір.

Көшпенди түркілерді аспан әлемінің құпиясы Ұлы
көшпендеріл ... өмір сүрген. Олар ... аспан әлемінің құпиясын
менгерген. ... қазақтар аспан денелерінің қозғалысын
білген. Аспан әлемін бақылайтын адамдар болған. Аспан,
жұлдыз әлемін бақылайтын адамдарды ... деп атаған. Қазақ
жұлдызышылары ... мен орта ғасырда аспан денелерінің
қозғалысын бақылаған.

АЙЫЛЫМ

7 -тапсырма.

Мәтіннен берілген
сөздердің синонимдік
қатарын тап.

Бұрыннан —
Көк —
Сыр —

Дүние —
Ақпарат —
Бейіт —

ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

8 -тапсырма.

Үш нұсқаның ішінен
дұрыс жауабын
таңдап жаз.

Ежелгі Мысырда, Үндістанда, Грекияда (*жөндеушілер, жүлдызышылар, оқушылар*) болған. Олар аспан құбылыстарын (*зерттеген, тексерген, қараган*). Күнтізбе (*есебін, санын, бетін*) жүргізген. Ежелгі түркі жұлдызышылары Жетіқарақшы, Үркер, Темірқазық, Босаға, Таразы жұлдыздарын (*жасапқан, көрсеткен, ашқан*).

МӘТІНСОҢЫ ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ

9 -тапсырма.

Суретті пайдаланып, «Ежелгі түркілер өмір сүрген Ұлы дала»
тақырыбында сипаттамалық мәтін құра.



«Далада көшкен татарлар»
Карло Боссоли, XIX ғасыр

ОҚЫЛЫМ АЙЫЛЫМ

10-тапсырма.

Берілген сұрақтарға жауап беріп, диалогті толықтыр.

— Жұлдызшылар ауа райы туралы не айтқан?

— ... мәлімет ...

— Не себепті ол мәліметтер көшпелі түркілерге өте маңызды болған?

— ... тұрмыста пайдаланған ...

— Қазақтар — кімнің ұрпағы?

— ... ұлы түркілер...

— Қазақ халқы жазда, қыста қайда өмір сүрген?

— ... жайлау, қыстау...

— Қазақстан археологтері Орталық Қазақстаннан не тапқан?

— ... зират ...

— Зиратта не болған?

— ... жұлдызтас, метеорит ...

— Зираттың жанына ... қойылған?

— ... мұсін...

АЙЫЛЫМ

11-тапсырма.

Берілген сұрақтарға жауап жаз.

1. Сені аспан әлемінің құпиясы қызықтыра ма?

2. Қандай аспан денелерін білесің?

3. Сен қандай жұлдыздардың құпиясын білесің?

4. Жұлдыз-жорамалды пайдаланаңың ба?

5. Жұлдыз-жорамалды қайдан тауып оқисың?

ЕСТЕ САҚТА!

Көшпендер ежелден аспан әлемінің құпиясын білген. Қазақтар аспан денелерінің қозғалысын білген. Жұлдызшы жұлдыз әлемін, аспан денелерінің қозғалысын бақылаған.

Шоқжұлдыздар

5—6
САБАҚ

МӘТИНАЛДЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

1 -тапсырма.

Сұрақтарға жауап бер. Сұрақтардың құрамында түсініксіз сөздер бар ма?

1. Сен қандай шоқжұлдызды білесің?
2. Олар қалай қозғалады?

ЖАҢА СӨЗДЕР

шоқжұлдыз, жорамалдаған, мәңгілік өзгермейді, ілім, дәлелдеу, дөңгелек, ғылымды дамыту



Алматыдағы Каменское плато расытханасы

ЖАЗЫЛЫМ

2 -тапсырма.

Берілген етістіктердің түбірін анықта, болымсыз етістікке айналдыр.

Бөлген, қозғалған, ойлаған, жорамалдаған, айтқан, зерттеген, өзгерген, ашқан, анықтаған, жұмыс істеген, дәлелдеген, еңбек еткен.

ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

МӘТИНМЕҢ ЖҰМЫС

3 -тапсырма.

Тыңда. Мәтінді оқы.

Ерте заманнан адамдар жұлдызды аспанды шоқжұлдыздарға бөлген. Қазіргі кезде 88 шоқжұлдыз бар. Көп уақытқа дейін халық «жұлдыздар орнынан қозғалмайды» деп жорамалдаған. Аристотель заманынан бастап ғасырлар бойы «жұлдызды аспан мәңгілік өзгермейді» деп сенген. «Аспан — хрусталь сфера, оның сыртында Құдайлар өмір сүреді» деп сенген. XVI ғасырдың соңында Джордано Бруно: «Жұлдыздар — Күн сияқты аспан деңелері», — деген пікір айтқан.

Ғалымдар жұлдыздарды дүниежүзіндегі үлкен расытханалар мен астрономиялық орталықтарда зерттейді. Қазақстанда Астрофизика институты зерттейді.

Неміс ғалымы Бессель аспан әлемін зерттеген. Бессель жаңа аспан денелерін ашқан. Ғалым — әлемдегі бірінші астроном. Ол 75 мың жұлдыздың орнын анықтап. Коперниктің ілімін дәлелдеген. Коперник Жердің дөңгелек екенін алғаш айтқан. Бессель Кёнигсберг расытханасында жұмыс істеген. Бессель XIX ғасырда ғылымды дамытуға көп еңбек еткен.

ОҚЫЛЫМ

4 -тапсырма.

Мәтіннен шоқжұлдыздар туралы ақпаратты тауып, оқы.

ОҚЫЛЫМ АЙЫЛЫМ

5 -тапсырма.

Жұптық жұмыс. Тәмендегі жоспарды мәтін мазмұны бойынша орналастырыңдар.

1. «Жұлдыздар орнынан қозғалмайды» деген жорамал.
2. «Аспан — хрусталь сфера, оның сыртында Құдайлар өмір сүреді» деп жорамалдау.
3. «Жұлдызды аспан мәңгілік өзгермейді» деп ойлауы.
4. Ғалымдардың жұлдыздарды расытханаларда зерттеуі.
5. Джордано Бруноның «жұлдыздар — Күн сияқты аспан денелері деген» пікірі.
6. Ерте замандағы адамдардың жұлдызды аспанды шоқжұлдыздарға бөлуі.

ЖАЗЫЛЫМ

6 -тапсырма.

Етістіктерге тиісті қосымшаларды жалғап, болымды етістікке айналдыр.

Ерте заманнан адамдар жұлдызды аспанды шоқжұлдыздарға бөл.... . Қазіргі кезде 88 шоқжұлдыз бар. Көп уақытқа дейін «жұлдыздар орнынан қозғалмайды» деп жорамалда.... . Аристотель заманынан бастап ғасырлар бойы «жұлдызды аспан мәңгілік өзгермейді» деп ойла.... . Аспанның сыртында Құдайлар өмір сүреді деп жорамалда.... . Джордано Бруно «жұлдыздар — Күн сияқты аспан денелері» деген пікір айт.... .

ЖАЗЫЛЫМ АЙЫЛЫМ

7 -тапсырма.


Мәтін бойынша сұрақ құрастырып, диалог құрындар.

Неміс ғалымы Бессель аспан әлемін зерттеген. Бессель жаңа аспан денелерін ашқан. Ғалым — әлемдегі бірінші астроном. Ол 75 мың жүлдудыздың орнын анықтаған. Ол Коперниктің ілімін дәлелдеген. Коперник бірінші рет Жердің дөңгелек екенін айтқан. Бессель Кёнигсберг расытханасында жұмыс істеген. Бессель XIX ғасырда ғылымды дамытуға көп еңбек еткен.

ЖАЗЫЛЫМ АЙЫЛЫМ

8 -тапсырма.

«Шашылған сөздер» ойыны. Шашылған сөздерден сөйлем құраңдар. Көп сөйлем құраған оқушы женімпаз атанады.



МӘТІНСОҢЫ ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ АЙЫЛЫМ

9 -тапсырма.

Сұрақтарға жауап бер.

1. Астроном ғалым болғың келе ме?
2. Ғалым болсаң, нені зерттер едің?
3. Оқушыларға не айтар едің?

АЙЫЛЫМ

10 -тапсырма.

«Оймоншақ». Төрт топқа бөлініңдер.
«Біз жүлдудышымыз» тақырыбына мәтін құраңдар.

ЕСТЕ САҚТА!

Ертеде адамдар жүлдуды аспанды шоқжұлдыздарға бөлген. 88 шоқжұлдыз бар. Бруно: «Жүлдудар — Құн сияқты аспан денелері», — деген пікір айтқан.

Жұлдызды аспаның қүніясы

7–8
САБАҚ

МӘТИНАЛДЫ ЖҰМЫС

ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

1 -тапсырма.

Берілген сөздерді сәйкестендіріп, сөз тіркестерін құра.

тұн	шашып тастаған
жұлдыздарды	қараңғы
аспанға	ожау тұр
аспанда	қара
дүрбімен	жап-жарық
жұлдыздар	жағып қойған

ЖАҢА СӨЗДЕР

қараңғы, шашып тастаған, жағып қойған, біресе, ожау, Жетіқарақшы, дүрбі, таңғалу, күту

АЙТЫЛЫМ

2 -тапсырма.

Берілген сөздерді пайдаланып, суретті сипаттап айт.

Қажетті сөздер:

қараңғы, шашып
тастаған, жағып қойған,
ожау, Жетіқарақшы.



ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

3 -тапсырма.

Тыңда. Мәтінді оқы.

МӘТИНМЕҢ ЖҰМЫС

— Ой, далада қараңғы түсіп кетіпті. Қонақта көп отырдық, — деп, анасы әжесімен қоштасты.

— Келіп тұрындар. Мен сендерді құтемін, — деді әжесі немересінің бетінен сүйді.

Жұлдыздар жап-жарық. Аспанға жұлдыздарды шашып тастаған секілді. Аспанға кішкентай шамдарды жағып қойғандай.

Алисаның қолында сүйекті ойыншығы — Антошка клоуны бар. Алиса қараңғы аспаннан түрлі фигуralарды көрді. Фигуралар біресе жапыраққа ұқсайды, біресе ақ нүктеге ұқсайды. Ал мынау не?

— Мама, қарашы, аспанды үлкен ожай тұр, — деді Алиса, қолымен аспанды көрсетіп.

— Бұл — Жетіқарақшы шоқшұлдызы! Ол түнде адамдарға өз үйін табуға көмектеседі.

Фалымдар жұлдыздарды зерттейді. Бұл кішкентай нүктелердің құпиясы көп.

— Бірақ жұлдыздар өте кішкентай ғой. Оларды қалай көреді?

— Әкеңе айт, сені расытханаға апарсын. Расытханада үлкен дүрбі бар. Ол «телескоп» деп аталауды. Телескоппен жұлдызды көруге болады. Ол жұлдызды үлкен етіп көрсетеді. Жұлдыздар бізден алыста. Сондықтан олар кішкентай болып көрінеді.

Алиса таңғалды.

— Қолыңды бер, тез жүр. Әкең күтіп қалды. Аяғыңа қара, құлап қалма. Айнала қап-қараңғы. Ештеңе көрінбейді.

Алиса жан-жағына қарады. Анасына қолын беріп, тез жүрді. Жолда анасы жұлдыздар туралы айтты.

Владимир Којкушинер

АЙТЫЛЫМ

4 -тапсырма.

Әр сұраққа ғаш нұсқаның ішінен дұрыс жауапты жаз.

Алиса мен анасы қайда болды?	Алиса мен анасы балабақшада болды. Алиса мен анасы қонақта болды. Алиса мен анасы расытханада болды.
Алиса қараңғы аспаннан не көрді?	Алиса қараңғы аспаннан түрлі фигуralарды көрді. Алиса қараңғы аспаннан қырышақты көрді. Алиса қараңғы аспаннан жұлдызшыны көрді.
Фигуралар неге ұқсайды?	Фигуралар біресе жапыраққа ұқсайды, біресе ақ нүктеге ұқсайды. Фигуралар біресе құсқа ұқсайды, біресе қоянға ұқсайды. Фигуралар біресе аюға ұқсайды, біресе тауға ұқсайды.

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

5 -тапсырма.

Мәтіннен тұнгі аспанды сипаттаған сөйлемдерді тауып, оқы.


ЕСТЕ САҚТА!

Бұл — Жетіқарақшы шоқшұлдызы! Ол түнде адамдарға өз үйін табуға көмектеседі. Фалымдар жұлдыздарды зерттейді. Бұл кішкентай нүктелердің құпиясы көп.

ЖАЗЫЛЫМ АЙЫЛЫМ

6 -тапсырма.

Диаграмма жаса. Түнгі аспан қандай?



ЖАЗЫЛЫМ

7 -тапсырма.

Қажетті сөздерді жаз.

Қажетті сөздер: жап-жарық, шашып тастаған, қараңғы, жағып қойған, біресе, аспаннан, таңғалды, ожауды, күтіп қалды.

... түсіп кетіпті. Алиса мен анасы қонақта көп отырды. Олар далаға шықты. Аспанда жұлдыздар Аспанға жұлдыздарды ... секілді. Аспанға кішкентай шамдарды ... жағып қойғандай.

Алисаның қолында сүйікті ойыншығы — Антошка клоуны бар. Алиса қараңғы ... түрлі фигуralарды көрді. Фигуралар ... жапыраққа ұқсайды, біресе ақ нұктеге ұқсайды. Алиса аспанда ... көрді. Ол

ЖАЗЫЛЫМ АЙЫЛЫМ

8 -тапсырма.

Мәтінді өз атынан баянда.

Үлгі: Аナン екеуіміз әжемнің үйінде қонақта болдық.

— Мама, қарашы, аспанда үлкен ожау тұр, — деді Алиса, қолымен аспанды көрсетіп.

— Бұл — Жетіқарақшы шоқжұлдызы! Ол түнде адамдарға өз үйін табуға көмектеседі. Фалымдар жұлдыздарды зерттейді. Бұл кішкентай нұктелердің құпиясы көп.

— Бірақ жұлдыздар өте кішкентай ғой. Оларды қалай көреді?

— Экене айт, сені расытханаға апарсын. Расытханада үлкен дүрбі бар. Ол «телескоп» деп аталады. Телескоппен жұлдызды көруге болады. Ол жұлдызды үлкен етіп көрсетеді. Жұлдыздар бізден алыста. Сондықтан олар кішкентай болып көрінеді.

МӘТИНСОҢЫ ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ АЙЫЛЫМ

8 -тапсырма.

Төмендегі тірек сөздерді қатыстырып, төрт сұраулы сөйлем құра.

Tіrek сөздер: тұн, қараңғы, шоқжұлдыз, Жетіқарақшы, көмектеседі, құпия, жұлдыздар, расытхана,

АЙЫЛЫМ

9 -тапсырма.

«Жағдаят: Бұғін — сенбі. Досың екеуің, келесі аптада сабактан кейін расытханаға баруды жоспарландар.

Нәтиже сабак. Мен не үйренидім?

9 – 10
САБАҚ

ЖАЗЫЛЫМ АЙЫЛЫМ

1 -тапсырма.

Тірек сөздерді пайдаланып, астроном ғалымға хат жаз. Онда өзің білетін жұлдыз туралы айт.

Tіrек сөздер: аспан әлемі, қызықтырады, жұлдыздар, құпия, Жетіқарақшы.

ЖАЗЫЛЫМ АЙЫЛЫМ

2 -тапсырма.

Өзің туған айға немесе жылға қатысты жұлдыз жорамалын тауып, дәптерге жаз. Сыныпта қорғаңдар.

АЙЫЛЫМ

3 -тапсырма.

Сұрақтарға жауап бер.

1. Алиса мен анасы кімнің үйінде қонақта болды?
2. Тұнгі аспан қандай?
3. Алиса аспаннан көрген фигура-ларды неге ұқсатты?
4. Анасы Алисаға не деді?
5. Сен Жетіқарақшы шоқжұлдызын көрдің бе?
6. Ол шынымен ожауға ұқсай ма?

АЙЫЛЫМ

4 -тапсырма.

«Сиқырлы қоржын» ойыны. Әрқайсың қоржынның ішінен сөз жазылған бір қағазды алыңдар. Сол сөзді қатыстырып, тұнгі аспан туралы екі не үш сөйлем құрап айтыңдар.

ЖАЗЫЛЫМ АЙЫЛЫМ

5 -тапсырма.

Жұптық жұмыс. Аспан әлемін зерттеген ғалымдар туралы фотоколлаж дайындаңдар. Сыныпта қорғаңдар.



10

ТАҚЫРЫП

КОМПЬЮТЕРДІҢ ТІЛІН ТАБУ – ӨНЕР.

Ы. Алтынсарин «Өнер, білім бар жүрттар ...»

1–2
САБАҚ

Компьютер қалай кайда болды?

МЕТИНАЛДЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

1 -тапсырма.

Суреттерге қарап, ақпараттық технологияның қолданылатын орындары туралы айт.

ЖАҢА СӨЗДЕР

есептеуіш құрылғы, дербес, мәлімет қоры, төлемақы, тасымалдау



ЖАЗЫЛЫМ

2 -тапсырма.

«Ассоциограмма». Компьютерге қатысты өзің білетін сөздерді жазып, диаграмманы толтыр.

Компьютер

ТІЛДІК БАҒДАР

ЖАЛҒАУЛЫҚТАР

Құрмалас сөйлемдердің құрамындағы жай сөйлемдерді байланыстыратын сөздер **жалғаулық шылау** деп аталады.

Ыңғайлсты жалғаулықтар: **мен (бен, пен, менен, бенен, пенен), да, де, та, те, және, һәм, әрі.** Қарсылықты жалғаулықтар: **бірақ, алайда, дегенмен, әйтпесе, әйткенмен, сонда да.**

АЙТЫЛЫМ

3 -тапсырма.

Полилог. «Егер компьютер болмаса....»
тақырыбында пікір алмасындар.



МӘТИНМЕН ЖҰМЫС



ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

4 -тапсырма.

Мәтінді тыңда. Оқы.

«Компьютер» сөзінің анықтамасы алғаш рет 1897 жылы «Оксфорд» сөздігінде пайда болды. Бұл сөздікте компьютер механикалық **есептеуіш құрылғы** ретінде көрсетілген. «Компьютер» сөзі ағылшын тілінің «to compute» «computer» сөздерінен шыққан. Бұл сөз «есептеу», «есептегіш» дегенді білдіреді.

XIX ғасырда Чарлз Бэббидж адамсыз есептеулер автоматын жасап шықты. Ол — қазіргі компьютердің атасы. Ал бірінші электронды есептеуіш мәшине 1946 жылы жасалды. Оның **салмағы** бірнеше тонна болды, ол бірнеше бөлмені алып тұратын. Мұндай мәшинелерді ел **үкімет орындары** мен үлкен зерттеу ұйымдары ғана пайдаланатын. Алғашқы компьютерлер есептеу үшін; **мәлімет қоры** үшін қолданылды.

Дербес компьютерлер 1990 жылы пайда болды. Сол кезде «Apple Corporation» фирмасының «Macintosh» маркалы компьютері жасалды.

Қазір өмірімізді компьютерсіз елестете алмаймыз. Ол көшеде де, кеңеде де, мектепте де, үйде де негізгі **ақпараттық құрал** ретінде пайдаланылады. Үйде кез келген жұмыс ақпарат құралдарының көмегімен орындалатын болды. Мысалы: сабакқа дайындалу; қажетті ақпараттарды іздеу; фильм қарау; кинотеатрға, пойызға, ұшаққа билет алу; коммуналдық қызмет ақысын төлеу және т.б. компьютердің көмегімен жүзеге асырылады. Компьютермен ақпаратты сақтауға, тасымалдауға болады. Осының бәрі компьютердің **қажеттілігін** арттыра тусуде.

ЖАЗЫЛЫМ

5 -тапсырма.

Мәтіндегі қою қаріппен жазылған сөздердің аудармасын дәптеріңе жаз.

ОҚЫЛЫМ

6 -тапсырма.

Төменде берілген сөйлемдерді толықтырып оқы.

1. «Компьютер» сөзінің анықтамасы ... 1897 жылы пайда болды. 2. Компьютер сөзі ... «to compute» «computer» сөздерінен шыққан. 3. Қазіргі компьютердердің атасы — ... автоматы. 4. Алғашқы компьютерлер ... үшін қолданылды. 5. Қазір компьютерлер ... ретінде пайдаланылады. 6., ..., ... және т. б. компьютердердің көмегімен жүзеге асырылады.
7. Осының бәрі компьютердердің ... арттыра тусуде.

ЖАЗЫЛЫМ

7 -тапсырма.

Мәтін мазмұны бойынша жоспар құрып жаз. Әр бөліктегі тірек сөздерді анықта.

АЙТЫЛЫМ

8 -тапсырма.

Құрған жоспарыңа сүйеніп, мәтінді қысқаша мазмұнда. Мәтінде ыңғайластық және қарсылықты жалғаулықтарды қолдан.

ЕСТЕ САҚТА!

Алғашқы компьютерлер есептеуіш құралдары болды. Қазір олар ақпараттық құрал ретінде қолданылады.

ЖАЗЫЛЫМ

9 -тапсырма.

Төмендегі сөйлемдерді толықтырып жаз. Әр сөйлемдегі алдыңғы ой мен келесі ойдың арасында қандай байланыс бар екенін түсіндір. Жалғаулықтардың түрін ажырат.

1. Алғашқы компьютерлер XIX ғасырда пайда болды, бірақ 2. Алғашқы компьютерлерде мәлімет қоры жасалды әрі 3. Оның салмағы бірнеше тонна болды 4. Компьютерлердің пайдасы өте көп, дегенмен 5. Компьютермен жұмыс істеу оңай, бірақ

АЙТЫЛЫМ

10 -тапсырма. «Аквариум».

Жағдаят. Інің сенен компьютердің тарихы, қажеттігі туралы сұрады. Осы жағдаятты парталасыңмен рөлдік ойын түрінде көрсет. Оқушылар ең үздік, сәтті диалогті анықтасын.

МӘТИНСОҢЫ ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ

11 -тапсырма.

Өзің қолданып жүрген компьютерді сипаттап жаз.

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

12 -тапсырма.

Ақпарат көздерінен қазіргі заманда компьютерді пайдалану арқылы қандай жаңа қызметтерді атқаруға болатынын анықтап біл. Сол білгендерің бойынша «Компьютердің қызметі» тақырыбында постер жаса. Жасаған постеріңді сыйыптың алдында қорға.

«Өнер-білім бағ жүргітмағ...»



МӘТИНАЛДЫ ЖҰМЫС

ЖАҢА СӨЗДЕР

арба, дүниені кезу

ОҚЫЛЫМ

1 -тапсырма.

Суретке қара. Автор туралы берілген мәліметтерді оқы.

Ыбырай Алтынсарин (1841—1889) — қазақтың аса көрнекті ғалым-педагогі, жазушы, этнограф, қоғам қайраткері.

Ыбырай — атақты Балқожа бидің немесі. Ол бала кезінен білімге, өз бетінше оқып-білуғе бейім болды. Ыбырай Орынбор қаласында ашылған орыс-қазақ мектебінде оқыды. Ол орыс халқының білімді адамдарымен жиі араласты.

Өз халқыма пайда келтірсем деген арман жас Ыбырайдың өмірлік кредитосы болды. Қарапайым әрі еңбексүйгіш Ыбырай өз арманына жетті. Ыбырай Алтынсарин қазақ балаларына арнап мектеп ашты. Алғаш рет мектеп оқулығы мен хрестоматиясын дайындауды. Балаларға арнап өлеңдер, шағын әңгімелер жазды.



ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

2 -тапсырма.

Мұғалімнің көмегімен Ы. Алтынсарин өлеңінің мазмұнын түсін. Өлеңді жазып ал, жаттап айт.

Бір Құдайға сыйынып,
Кел, балалар, оқылыш,
Оқығанды көнілге
Ықыласпен тоқылық!
Оқысаныз, балалар,
Шамнан шырақ жағылар.
Тілегенің алдыңнан
Іздемей-ақ табылар...

ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

3 -тапсырма.

Жұптық жұмыс. Дереккөздерден Ы. Алтынсарин туралы ақпараттар тауып, ғалым-педагогтің өмірі мен шығармашылығына қатысты постер жасаңдар. Оны сыйныптың алдында қорғандар. Мәтінде ыңғайластық және қарсылықты жалғаулықтарды қолданыңдар.

ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

МӘТИНМЕН ЖҰМЫС

4 -тапсырма.

Мәтінді тында. Өлеңді мәнерлеп оқы.



Өнер-білім бар жүрттар
Тастан сарай салғызды.
Айшылық алыс жерлерден
Көзінді ашып-жұмғанша
Жылдам хабар алғызды.
Аты жоқ құр **арбаны**
Мың шақырым жерлерге
Күн жарымда барғызды.
Адамды құстай ұшырды,
Мал істейтін жұмысты
От пен суға түсірді.
Отынсыз тамақ пісірді,
Сусыздан сусын ішірді.
Тенізде жүзді балықтай,
Дүниені кезді жалықпай,
Білгендерге осылар
Бәрі-дағы анықтай,
Білмегендे **тәніктай**.

Біз де бекер жатпалық,
Осыларға таныспай.
Ат өнері білінбес
Бәйгеге түсіп, жарыспай.
Желкілдеп шыққан көк шөптей,
Жасөспірім достарым,
Қатарың кетті-ау алысқа-ай,
Ұмтылыңыз, **қалыспай!**
Біз надан боп өсірдік
Иектегі сақалды.
«Өнер — жігіт көркі», — деп
Ескермедік мақалды.
Біз болмасақ, — сіз барсыз,
Үміт еткен достарым,
Сіздерге бердім батамды.

(Ы. Алтынсарин)





ЖАЗЫЛЫМ

5 -тапсырма.

Мәтіндегі қою қаріппен жазылған сөздерді аудармасымен дәптеріңе жазып ал.

АЙТЫЛЫМ

6 -тапсырма.

Мұғалімнің көмегімен өлеңнің әр шумағындағы ойды түсініңдер. Сол ойдың жоғарыда берілген суреттермен қандай байланысы барын айтыңдар. Өлең мазмұнына қарай суреттердің рет санын белгілендер.

ЖАЗЫЛЫМ

7 -тапсырма.

Өлеңнің мазмұнына байланысты 5 сұрақ жаз. Сұрақтарды құрделі сөйлем түрінде ыңғайластық және қарсылықты жалғаулықтардың бірі қатысадындей етіп құра.

АЙТЫЛЫМ

8 -тапсырма.

Өлең мазмұнын өз сезінмен айт. «Ы. Алтынсарин осы өлеңді не үшін жазды? Автордың арманы — не?» деген сұрақтарға жауап бер.

ЖАЗЫЛЫМ

9 -тапсырма.

Үлкендердің көмегімен өлеңдегі «Білгендерге анықтай, білмегенге танықтай» деген сөздің мағынасын анықтап, өз ойынды таратып жаз. Жазған мәтініңде үстеулердің, сын есімдердің болуын ескер.

АЙТЫЛЫМ

10 -тапсырма.

Өзіңе ұнаған бір шумақты жатта.

АЙТЫЛЫМ

11 -тапсырма.

Ы. Алтынсарин өлеңінің мазмұнына байланысты жазылған мәтіннен артық мәлімет пен жалған ақпаратты алып таста.
Себебін айт.

Ыбырай Алтынсариннің өлеңі 200 жылдан астам уақыт бұрын жазылған. Ол «Өнер-білім бар жүрттар» өлеңінде қазақ балаларын оқуға шақырған. «Оқу-білім ғана басқа жиырма бес елмен тең етеді», — деп айтқан. Бұл өлеңде ақын қазақтың салт-дәстүрі туралы айтқан. Автор жастарға Еуропа елдерін үлгі еткен. Ыбырай өлеңінде үлкен қалалар, телефон, пойыз туралы айтады. Ол компьютер туралы ақпарат береді. Ыбырай Алтынсарин жастарға үміт артады, бата береді. Өлең үлкен адамдарға, әншілерге арналған.

МӘТІНСОҢЫ ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ

12 -тапсырма.

«Бинго» ойыны. Кім торды тез толтырады? Әр торға ақын өлеңінде айтылған өндіріс салаларына қатысты білетін сөздерінді жазыңдар.

Теміржол	Аэрофлот	Теңіз көлігі	Мұнай-газ	Байланыс	Автокөлік

АЙТЫЛЫМ

13 -тапсырма.

Қазір компьютер барлық салада қолданылатынын білеміз. Бірақ барлық баланың ақпарат құралдары жоқ. Әсіресе ауылдық жерлерде компьютер жетіспейді. Сенің қолында сиқырлы таяқ болса, не істер едің? Барлық бала компьютерге ие болу үшін қандай жеңілдік жасар едің?

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

14 -тапсырма.

Жұптық жұмыс. Ыбырай Алтынсариннің арманы қазір орындалды ма? Қазіргі қазақстандықтар ақын айтып отырған технология жетістігіне жетті ме? Сөзің дәлелді болу үшін ақпарат құралдарынан әлемге танымал, нанотехнология саласында жетістікке жеткен отандастарымыз туралы ақпарат табындар. Сол ақпаратты сынып алдында айтындар.

ЕСТЕ САҚТА!

Ы. Алтынсарин жастарды өнер-білімге шақырды. Ол озық елдерді үлгі етті.

Менің электронды поштам

5—6
САБАҚ

МӘТИНАЛДЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

1 -тапсырма.

Сұрақтарға жауап бер.

- Сенің электронды поштаң бар ма?
- Электронды поштаны өзің аштың ба?
- Досыңың электронды поштасы бар ма?
- Досыңмен электронды пошта арқылы хабарласасың ба?



АЙТЫЛЫМ

2 -тапсырма.

Суреттегі белгілер қандай мағына береді? Олардың айырмашылығы бар ма?

ОҚЫЛЫМ

МӘТІНМЕҢ ЖҰМЫС

3 -тапсырма.

Диалогті рөлге бөліп оқындар.

- Әлібек, сенің **электронды поштаң** бар ма?
- Әрине, бар. Сенің ше?
- Менің электронды поштам жоқ. Маған пошта ашып берші. Оны қалай ашады?
- Оны ашу оңай. 10—15 минут уақыт кетеді.
- Шын ба? Қалай ашуға болады?
- Бірінші пошталық **серверді** таңдаймыз. Екінші, «пошта ашу» жазуын тауып, тінтуірдің он жағын басамыз.
- Пошта жәшігі ашылды ма?
- Жоқ. Үшінші, ашылған терезеге аты-жөнінді, логинінді жазамыз. Электронды поштаңа **құпия сөз** қоюың керек. Қандай сөзді таңдайсың?
- Ол не үшін керек?
- Сенің поштанды басқа адамдар ашпау үшін құпия сөз қажет.
- Менің туған күнімді жазайық!
- Төртіншіден, **соңғы терезеге** сенің телефон нөмірінді жазамыз. «Тіркелу» деген сөзді тінтуірмен басамыз. Болды, енді сенің жеке электронды поштаң бар. Өзіннің жақын достарыңа **хабарлама** жаза бер. Құттықтаймын!
- Рақмет, Әлібек! Сен нағыз доссың.

АЙТЫЛЫМ

4 -тапсырма.

Мәтіндегі қою қаріппен жазылған сөздерге сұрақ қой. Жаңа сөздердің аудармасын тап.

ЖАЗЫЛЫМ

5 -тапсырма.

Улгі қарап, мәтіннен тәуелдік жалғаулы сөздерді тап. Оны тіркесіп түрған сөздерімен бірге теріп жаз.

АЙТЫЛЫМ

6 -тапсырма.

Электронды пошта ашу үшін төмендегі сауалнаманы толтыр.

Улгі: сенің электронды поштаң.

Аты	
Тегі	
Туған жылы, күні, айы	
Жынысы	
Қаласы	
Электронды поштаның аты	
Құпия сөз	
Ұялы телефонның нөмірі	
Құпия сұрақ	
Жауабы	
Қосымша е-пошта	

АЙТЫЛЫМ

7 -тапсырма.

Жағдаят: Досың электронды пошта ашуға көмектесінді өтінді. Мәтінге сүйеніп, оған электронды пошта ашудың жолын түсіндір. Сөзінде жалғаулықтарды қолдан.

МӘТИНСОҢЫ ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ

8 -тапсырма.

Сөйлемдегі көп нүктенің орнына ілік септігінің жалғауларын қойып жаз.

Электронды поштаның ерекшелігі — о... жылдамдығында . Біз электронды пошта... қызыметін білеміз. Хабарлама ... көшірмесін сақтап қоюға болады. Электронды пошта ... жылдамдығы телефонмен бірдей. Электронды поштаны қолдану уақытты ұнемдеуге көмектеседі. Азамат ... электронды поштасы бар. Ол электронды поштамен шетелдегі досына хат жіберді.

АЙТЫЛЫМ

9 -тапсырма.

Сұрақтарға жауап беріңдер. Көршіңмен диалог құр.

- Электронды пошта деген не?
-
- Оны қалай ашуға болады?
-
- Электронды пошта не үшін керек?
-

10 -тапсырма.

Сөздерге ілік септігінің жалғауын жалға. Осы сөздерді қатыстырып, мәтін құрап жаз.

Электронды пошта, дос, хабарлама, сурет, хат, іні.

11 -тапсырма.

«Кім жылдам?» Мұғалім сендерге электронды поштаға салынатын смайліктердің суретін көрсетеді. Оның қандай мағына білдіретінін тез айтыңдар.



ЕСТЕ САҚТА!

Менің досым электронды пошта ашуға көмектесті. Поштаның пайдасы көп. Оның жылдамдығы жоғары. Әр адам өзінің электронды поштасымен хат, хабарлама жібере алады.

Көзіңді қорға!

7—8
САБАҚ

МӘТИНАЛДЫ ЖҰМЫС


ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

1 -тапсырма.

Диаграммаға қажетті сөздерді жаз. Сол сөздерді қатыстырып, сөйлем құр.

ЖАҢА СӨЗДЕР

қорғаушы көзілдірік, көз жсанары, ғаламтор



АЙТЫЛЫМ

2 -тапсырма.

Сөйлемдерді оқы. «Иә» немесе «Жоқ» деп жауап бер.

	Компьютер не үшін керек?	Иә	Жоқ
1.	Компьютер ойнау үшін керек.		
2.	Компьютер оқу үшін керек.		
3.	Компьютер сурет салу үшін керек.		
4.	Компьютер уақыт өткізу үшін керек.		
5.	Компьютер есеп шығару үшін керек.		
6.	Компьютер денсаулықты жақсарту үшін керек.		
7	Компьютер ғаламтор үшін керек.		
8.	Компьютер ән тыңдау үшін керек.		
9.	Компьютер көп білу үшін керек.		
10.	Компьютер көру үшін керек.		
11.	Компьютер танысу үшін керек.		

АЙТЫЛЫМ

3 -тапсырма.

Екі топқа бөлініңдер. Суретті салыстырыңдар, айырмашылықтары мен үқсастықтарын айтыңдар. Диалогте мезгіл үстеуі мен мекен үстеулерін қолданыңдар.

Дұрыс!



Дұрыс емес!




ТІЛДІК БАҒДАР

Қосымша: жалғау, жүрнақ

Қосымша сөздің түбіріне жалғанып, қосымша мағына үстейді. Қосымша екіге бөлінеді: жүрнақ және жалғау.

Жүрнақ — өзі жалғанған сөзден жаңа сөз тудыратын немесе сөзді түрлендіретін қосымша.
Мысалы: біл-ім, оқу-шы.

Жалғау — сөздің мағынасын өзгертпей, сөз бен сөзді байланыстыратын, сөзге грамматикалық мағына үстейтін қосымша. Мысалы: білім-ге, оқу-шы-лар.



ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

МӘТІНМЕҢ ЖҰМЫС

4 -тапсырма.

Мәтінді тыңда. Мәтін мазмұны бойынша 5 сұрақ қой.

Компьютермен жұмыс істеу ережесі

Дәрігерлердің айтуы бойынша, компьютерде балалар 2 сағаттан, үлкендер 5 сағаттан **артық** отырмауы керек.

Компьютерде жұмыс істеудің ережесін біліп ал.

Компьютерден жарты метр алыс отыр. Компьютерді ойыншыққа айналдырма. Компьютерде **узак** уақыт отырма. Керек кезінде пайдалан. Көзіңің жанары **нашарлайды**.

Күнделікті компьютерге отыратын уақытыңды белгіле. Компьютерде отырғанда 15 минут сайын үзіліс жаса. Үзіліс кезінде көзіңе жаттығу жаса. Оңға, солға, жоғары, төмен қарап, көзіңді айналдыр. Терезеден **алысқа** қара. Содан кейін өзіңе жақын түрған затқа қара. Осылай жаттығуды бірнеше рет қайтала. Арнайы қорғаушы көзілдірік ки.

Компьютер түрған бөлме шаң болмауы керек. Компьютердің алдында тамақ ішпе. Бөлмені желдетіп, ауасын тазарт. Тінтуірді **көп** ұстап отыру саусақ ауруына ұшыратады. Компьютермен дұрыс жұмыс жасай біл!

АЙТЫЛЫМ

5 -тапсырма.

Мәтінді пайдаланып, компьютермен дұрыс жұмыс істеудің ережесін айт. Мәтін мазмұны бойынша ыңғайластық және қарсылықты жалғаулықтарды қолданып, сөйлем құра.

Улғі: Компьютерден жарты метр алыс отыр, әйтпесе...

ЖАЗЫЛЫМ

7 -тапсырма.

Буын үндестігіне бағынбайтын сөздерді теріп жаз.

Минуттан, тінтуірге, нанға, компьютермен, малшы, велосипедшілер, телефонды, емханада, мұғаліммен, кітапхана, айнаға, қаламмен.

ЖАЗЫЛЫМ

6 -тапсырма.

Мәтіндегі қою қаріппен жазылған сөздердің антонимін жаз.

Улғі: үлкен — кіши, ...

ЖАЗЫЛЫМ

8 -тапсырма.

Мәтіннен «Компьютер» деген сөзі бар сөйлемдерді септіктердің ретімен көшіріп жаз. Сұрақ қой.

Улғи: Атаяу септік. Компьютер (не?) тұрған бөлмеде шаң болмауын тексер.

- Ілік септік
- Барыс септік
- Табыс септік
- Жатыс септік
- Шығыс септік
- Көмектес септік

АЙТЫЛЫМ

11 -тапсырма.

Мәтінді негізге алып, төмендегі үлгі бойынша сыныптастыңа бұйрық бер. Ол сенің бұйрығыңа бойынша көзіне жаттығу жасасын.

Мысалы:

- Екі көзіңмен мұрныңың ұшына қара.
- Оң көзіңді алақанмен жап та оң қолыңды ашып, жұм. Керісінше...

ЖАЗЫЛЫМ

9 -тапсырма.

Суреттегі сөздердің бірінші әрптерін пайдаланып, бір сөз оқы. Сол сөзді тәуелдеп жаз.

I. Менің
II. Сенің

III. Оның



ЖАЗЫЛЫМ ОҚЫЛЫМ

10 -тапсырма.

Жақшадағы сұраққа жауап бер.
Сөйлемді толықтыр.


Мен компьютерде отырғанда (нені) киемін.
Көзілдірік (нені) сақтайды. Мен бөлмемді
таза ұстаймын. (Ненің) шаңын күнде сүртемін.

МӘТИНСОҢЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

12 -тапсырма.

Сұраққа жауап бер.



АЙТЫЛЫМ

13 -тапсырма.

Досыңа сұрақтарды қойып, жауабын тыңда.

- Екі көзің бір-бірін көре ме?
- Көзіңді ашып тұрып, түшкіре аласың ба?
- Қара көз, көк көз, қоңыр көз болады? Ал қызыл көз бола ма?
- Көз тез оқыса, шаршай ма, баяу оқыса, шаршай ма?
- Қыздар көзін көп жыпылықтата ма, ұлдар көп жыпылықтата ма?
- Араның бес көзі бар дегенге сенесің бе?
- Қандай түстер көзге пайдалы? Ақ па? Көк пе? Жасыл ма?

ЕСТЕ САҚТА!

Компьютерде көп отырма.
Компьютерде шамадан тыс отыру зиян.
Қорғаушы көзілдірік ки.
Көз жанарың нашарлайды.
Тінтуірді көп ұсташа зиян.

БІЛГЕНГЕ МАРЖАН...

Жұмбақ
Екі бала қатар тұрса да,
Бірін бірі көрмейді.
(К...)

Компьютердің нақасы мен зияны

9 – 10
САБАҚ

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

1 -тапсырма.

Суреттерге қара. Олардың компьютерге не үшін қажет екенін айт. Әр затқа сипаттама бер.



ЖАҢА СӨЗДЕР

ақпарат үдерісі, өндіу,
жүйке, шаршау

ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

2 -тапсырма.

Өлең жолдарын тәменде берілген үйқасты сөздермен толықтырып оқы. Өлеңді жазып ал, жаттап айт.

Қажетті сөздер: көзінді, тосылма, жасасын, ашасың, тәзімді, досыңа, сезімді, басасың, осында.

Кілт сөзben оны
Тетікті жайлап
Адамға қызмет ететін
Компьютерлер!

Қорықпа, досым,
Ақпарат шексіз
Қолдана білсең тәртіппен,
Айналар құрал

Шектей біл құмар
Сақтай біл екі
Компьютер кейде сынайды
Сендергі ерік,

C. Раев

АЙТЫЛЫМ

3 -тапсырма.

Өлеңнің мазмұнын өз сөзіңмен айт. Автор компьютерді неге «дос» деп атайды?

Компьютер балалардың тәзімін қалай сынайды?

ТЫНДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

4 -тапсырма.

Мәтінді тында. Оқы.

Компьютер — **ақпараттық үдерісті орындауға** арналған құрал. Ақпарат үдерісі дегеніміз — қажетті ақпаратты алу, тындау, көру, **өндіу**, тарату. Бұл әрекеттерді тез әрі сапалы жасауда компьютердің пайдасы өте көп. Мысалы, мұғалімдер пән бойынша реферат жазғанда оның әдемі әрі таза болуын **талап етеді**. Қаламмен жазылған және компьютерде **терілген** жұмыстарды салыстырайықшы. Екеуінің айырмашылығы жер мен көктей. Рефераттың **көшірмесі** керек болса, файлды ашып, принтермен көшірмесін жасай салу оңай. Оған аз уақыт жұмсалады. Рефератқа сурет керек болса, оны да компьютер арқылы аламыз. Компьютерден қосымша ақпараттарды, рефератқа қажетті суреттерді тез табамыз. Осылайша компьютердің көмегімен уақытымызды **ұтымды пайдаланамыз**. Бірақ компьютерді дұрыс пайдаланбасаң, оның **зияны** да өте көп. Әсіресе ондағы әртүрлі ойындар балалардың денсаулығына, **жүйкесіне**, миына зиян келтіреді. Фалымдар компьютердің **адам ағзасына** тигізетін мынадай зияны бар екенін айтады:

- көздің **көру қабілетін** төмендетеді;
- **омыртқалардың қисаюына** әкеледі;
- жүйкеге салмақ түсіреді;
- **шаршағыштық, әлсіздік** пайда болады.

Бұған қоса тағы бір зияны: ерік-жігері әлсіз балалар **құмарпаздар** секілді компьютерге **тәуелді** болып қалады. **Мінезі** құрт өзгереді, айналасына **немікүрайды** қарайды. Басқа ойындарға, ақыл-ойды дамытатын қызық тапсырмаларды орындауға талпынысы **жоғалады**.

Компьютерде ұзақ отыру баланың көңіл күйіне де жаман әсер етеді, олар көбінесе ашуланшақ болады. Сонымен бірге балада тек өзіне ғана мәлім **«жабық әлем»** қалыптасады. Компьютерге тәуелді бала өз достарын да жоғалтуы мүмкін...

ЖАЗЫЛЫМ

5 -тапсырма.

Мәтіндегі қою қаріппен жазылған сөздерді аудармасымен дәптеріңе жазып ал.

АЙТЫЛЫМ

6 -тапсырма.

Мәтіннің мазмұнына сай ат қойындар. Мәтіннен сын есімдерді табындар.

ЖАЗЫЛЫМ

7 -тапсырма.

Мәтіннің мазмұнына байланысты 7 сұрақ жаз.

АЙТЫЛЫМ

8 -тапсырма.

Мәтіннің мазмұнын өз сөзімен қысқаша айт. Мәтін авторы оны не үшін жазды? «Автордың ойы — не?» деген сұраққа жауап бер.

ЖАЗЫЛЫМ

9 -тапсырма.

Мәтін бойынша тәмендегі кестені толтыр.

Кім?	Не?	Қандай?	Не істейді?
адам,	ағза,	әдемі,	әсер етеді,

ЖАЗЫЛЫМ

10 -тапсырма.

Мәтіннің ең соңғы ойбөлігіндегі пікірге байланысты өз ойынды жаз. Үңғайластық және қарсылықты жалғаулықтарды қолдан.

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

11 -тапсырма.

Диалог. Мәтін мазмұнының негізінде тәмендегі диаграмманы толтырыңдар. Ойларынды ауызша айтыңдар. Диалогте мезгіл үстеуі мен мекен үстеулерін қолданыңдар.

Компьютердің пайдасы:

Компьютердің зияны:

МӘТИНСОҢЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

12-тапсырма.

Рөлдік ойын. Жағдаят: Әлібек компьютерде жұмыс істеп отыр. Ауылдан келген нағашы атасы қасына келіп, одан компьютер туралы сұрады. Әлібек атасымен сөйлесіп, компьютердің тарихын, пайдасын түсіндіріп берді. Парталас көршің екеуін осы жағдаятты көрсетіңдер. Сынып оқушылары ең қызық әңгіме құрастырушыларды анықтасын.



ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

13-тапсырма.

Жұптық жұмыс. Дереккөздерден ақпараттық технологияға қатысты соңғы жаңалықтарды тауып, постер дайындаңдар. Оны сыныптың алдында қорғандар.

ЕСТЕ САҚТА!

Компьютер — ақпарат үрдісін орындағатын құрал. Ол ақпараттарды сақтап, тасымалдайды. Компьютерге тәуелді болмау керек.

Нәтижесабак. Мен не үйренидім?

11
САБАҚ

ЖАЗЫЛЫМ

1 -тапсырма.

«Бинго» ойыны. Кім торды тез толтырады? Әр торға тиісті сөздерді жазындар.

Компьютер тарихы	Компьютердің қызметтері	Компьютердің пайдаласы	Компьютердің зияны

АЙТЫЛЫМ

2 -тапсырма. «Оймоншақ».

Шарты: сынып бес топқа бөлінеді. «Компьютердің тілін табу — өнер» бөлімінде өтілген тақырыптар жазылған қағаздың бірін таңдап алып, топ өздерінің білгендерін тұтас мәтін түрінде айтып шығуы тиіс. Ол үшін бірінші оқушы сөйлемді бастайды. Қалған балалар бірінен кейін бірі сол ойды ары қарай жалғастырып, сол тақырып бойынша алған білімдерін көрсетуі тиіс. Сынып оқушылары ең мағыналы, дұрыс мәтін құраған топты анықтайды.

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

3 -тапсырма.

«Компьютер — заманауи құрал» тақырыбында постер жасаңдар. Оны сыныптың алдында қорғаңдар.

БІЛГЕНГЕ МАРЖАН...

- Оқу инемен құдық қазғандай.
- Білекті бірді жығар, білімді мыңды жығар.

(нақыл сөздер)

ЕСТЕ САҚТА!

Ы. Алтынсарин жас үрпақты оқу-білімге шақырды. Ол қазақ балаларына арнап мектеп ашты. Фалым-педагог заманға лайық білім алудың пайдаласын айтты. Компьютер — заманауи құрал. Компьютердің пайдаласы мен зияны бірдей.

Бірлігі жарасқан ел

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

1 -тапсырма.

Суреттер бойынша әңгімелө.

ЖАҢА СӨЗДЕР

ұлт өкілі, бірлік, ынтымақ, тату-тәтті, құшақ жаса қарсы алу, бауырына басу



» баспасы



ЖАЗЫЛЫМ

2 -тапсырма.

Қазақстанда қанша ұлттың өкілдері тұрады? Диаграмманы толтыр. Осы сөздерді қолданып, сөйлем құра.



МӘТИНМЕҢ ЖҰМЫС

ТЫНДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

3 -тапсырма.

Мәтінді тында. Түсінгеніңді баянда.

Қазақстан Республикасында 130-дан астам ұлттың өкілдері тұрады. Қазақстанда орыс, дүнген, неміс, татар, ұйғыр, кәріс, түрік, қытай, өзбек, корей, украин және т.б. тату-тәтті өмір сүріп жатыр.

Қазақ халқы елімізде тұрып жатқан жүзден астам ұлт өкілдерін құшақ жая қарсы алды. Олардың қазақ жеріне қоныстанып, өмір сүруіне жағдай жасады.

Қазақстан — түрлі ұлт өкілдерінің басын қосқан ұлы мекен. Қазақ халқы тарихтың түрлі кезеңдерінде басқа ұлт өкілдерін ерекше ықыласпен бауырына басты. Олардың салт-дәстүрі, тілі мен мәдениеті жоғалmas үшін қолайлы жағдай жасады. Соның нәтижесінде ұлан-байтақ қазақ жерінде барлық ұлттың өкілдері бір атанды балаларында ынтымақтастықта өмір сүріп келеді.

Қазақстан бүгінде ұлттар мен ұлыстар мекендеген достық пен туысқандықтың, ынтымақ пен ырыстың ордасына айналды. Елбасы Н. Ә. Назарбаев жаңа әлемдегі жаңа Қазақстанның бейбітшілік мекені болуы керектігін міндет етіп қойды.

ЖАЗЫЛЫМ

4 -тапсырма.

Мәтіндегі болымды етістіктерді теріп жазып, болымсыз етістікке айналдыр. Сөйлем құра.

АЙТЫЛЫМ

5 -тапсырма.

Сұрақтарға толық әрі қысқа жауап беріңдер. Жауаптарында қазақ тіліндегі төл дыбыстардың дыбысталуын, үндестік заңын сақтаңдар.

Үлгі:

Сұрақ: Қазақстан Республикасында қанша үлттың өкілдері тұрады?

Толық жауап: Қазақстан Республикасында 130-дан астам үлттың өкілдері тұрады.

Қысқа жауап: 130-дан астам.

Сұрақ: Қазақстан — қандай мекен?

Толық жауап:

Қысқа жауап:

Сұрақ: Қазақ халқы кімдерді құшашақ жая қарсы алды?

Толық жауап:

Қысқа жауап:

Сұрақ: Оларға қандай жағдай жасады?

Толық жауап:

Қысқа жауап:

Сұрақ: Қазақстан бүгінде қандай елге айналды?

Толық жауап:

Қысқа жауап:

Сұрақ: Н.Ә. Назарбаев нені міндет етіп қойды?

Толық жауап:

Қысқа жауап:

ЖАЗЫЛЫМ

6 -тапсырма.

Сөздерді дұрыс орналастырып, сөйлем құрап жаз.

- Қазақ/ елімізде/ алды/ құшашақ/ халқы/ тұрып/ жүзден/ жатқан/ астам/ өкілдерін/ қарсы/ үлттың/ жая.
- Басын/ түрлі/ ұлы/ мекен/ үлттың/ өкілдерінің/ Қазақстан/ қосқан.
- Қарсы/ ықыласпен/ халқы/ өкілдерін/ қазақ/ алды/ ерекше/ басқа/ ұлт.
- Сүріп/ ынтымақтастықта/ үлттың/ балаларындей/ қазақ/ бір/ өмір/ жерінде/ ұлан-байтақ/ барлық/ өкілдері/ атаның/ келеді.
- Мен/ бүгінде/ ордасына/ үлттар/ айналды/ Қазақстан/ пен/ ұлыстар/ мекендеген/ ынтымақ/ ырыстың.

МӘТІНСОҢЫ ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ

7 -тапсырма.

Көп нүктенің орнына тиісті қосымшаларды жалғап, сейлемді жаз.

1. Қазақ халқы еліміз... тұрып жатқан жүзден астам ұлттың өкілдер... құшақ жая
қарсы алды. 2. Мен «Қазақстан» деген кең-байтақ елде тұра... 3. Қазақстан...

130-дан астам ұлттың өкілдері тұрады. 4. О... бейбіт өмір сүріп жатыр. 5. Мен осы
елде тұрғанымды мақтана ет.... . 6. Біз... елімізге бәрі қызығады.

АЙТЫЛЫМ

8 -тапсырма.

Суретті пайдаланып, мәтін құра.



ЖАЗЫЛЫМ

9 -тапсырма.

Досынды 1 Мамыр — Қазақстан халқының бірлігі күнімен құттықтап,
ашықхат жаз.

АЙТЫЛЫМ

10 -тапсырма.

Жағдаят: Шетелден келген танысыңа
Қазақстанды таныстыр. Қазақстанда
тұратын ұлт өкілдері, олардың бейбіт өмір
сүріп жатқаны туралы айт.

ЕСТЕ САҚТА!

Қазақстанда 130-дан астам ұлттың өкілдері тұрады. Олар тату-татті өмір сүруде.

Маған қазақ әндері үнайды

3—4
САБАҚ

МӘТИНАЛДЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

1 -тапсырма.

Сұрақтарға жауап бер.

- Қандай қазақша әнді білесің?
- Саған қандай ән үнайды?
- Қазақ әншілерінен кімдерді сүйіп тыңдайсың?
- Өзің білетін қазақ әнін айттып бер.


ЖАҢА СӨЗДЕР

мұра, қошемет, осы
уақытқа дейін, көңіл күйі,
сезім

ЖАЗЫЛЫМ

2 -тапсырма.

Суретке қара. Диаграмманы толтырып.



Қазақтың
қандай әншілері
мен әндерін
білесің?

«Кекжиек-Горизонт» жарасы

АЙТЫЛЫМ

3 -тапсырма.

«Менің сүйікті әнім» тақырыбы бойынша
әңгіме құр.

ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

4 -тапсырма.

Мәтінді тыңда. Оқы. Түсінгенінді баянда.

МӘТИНМЕҢ ЖҰМЫС

Ән — халықтың мұрасы. Ән — өнер. Ән — адамның көңіл қүйі, қуанышы, сезімі.

Менің ұлтым — орыс. Маған қазақ әндері **ұнайды**. Менің анам қазақша әндерді жақсы айтады. Мен де анаммен қосылып ән **айтамын**. Мен «Атамекен» әнін жақсы **көремін**. Ол — патриоттық ән. «Атамекен» — туған жерге арналған ән. Бұл ән 1970 жылы жазылған. «Атамекен» әнін Қазақстан Республикасының Халық әртісі Ескендір Хасанғалиев орындағы. Ескендір Хасанғалиев шетелде жүрген кезінде Қазақстанды **сағынады**. Атамекен туралы ән жазады. Әннің сөзін ақын Қадыр Мырза-Әлі жазған.

«Атамекен» әнін халық **жақсы көреді**. Бұл әнді Ескендір Хасанғалиев айтқан кезде халық орнынан тұрып, бірге **айтады**.

1970 жылы Ескендір Хасанғалиев Швеция елінде осы әнді айтады. Стокгольм қаласының адамдары «Атамекен» әнін айтқан Ескендір Хасанғалиевке үлкен қошемет **көрсетеді**. Қазіргі кезде дейін бұл әнді бәрі айтады.

«Атамекен» — Қазақстан халқы сүйіп тыңдайтын ән. Өйткені Қазақстан — бәріміздің ортақ атамекеніміз.

Сен «Атамекен» әнін білесін бе? Кел, қосылып айтайық!

АЙТЫЛЫМ

5 -тапсырма.

Мәтіндегі қою қаріппен жазылған етістіктерге болымсыздық жүрнағын жалға. Мәтін мазмұнына қандай өзгеріс енгенін түсіндіріп айт.

ЖАЗЫЛЫМ

6 -тапсырма.

Қате жазылған сөйлемдерді тап. Себебін түсіндір. Қою қаріппен берілген сөздерді пайдаланып, сөйлем құра.

1. Ән — халық өміріндің **айнасы**. 2. Менің аласы қазақша әндерді жақсы айтады.
3. Мен «Атамекен» әнін жақсы көремін. 4. «Атамекен» әнін Қазақстан Республикасынің **Халық әртісі Ескендір Хасанғалиев** орындағы. 5. **«Атамекен» әнін** халық жақсы көремін. 6. 1970 жылы Ескендір Хасанғалиев Швеция елінне осы әнді айтады.
7. «Атамекен» — халық сүйіп тыңдайтын ән.

АЙТЫЛЫМ

7 -тапсырма.

Сөйлемдерге әртүрлі сұрақ
қой.

Улғи: Ән — халық өмірінің айнасы.

1. Не — халық өмірінің айнасы?
2. Ән — халық өмірінің айнасы ма?
3. Ән — кімнің өмірінің айнасы?
4. Ән — халық өмірінің несі?


Маған қазақ әндері ұнайды. Менің анам қазақша әндерді жақсы айтады. Мен де анаммен қосылып ән айтамын. Мен «Атамекен» әнін жақсы көремін. «Атамекен» әнін халық жақсы көреді.

МӘТИНСОҢЫ ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ

8 -тапсырма.


Мәтін бойынша кестені толтыр.



ЖАЗЫЛЫМ

9 -тапсырма.

Сурет бойынша топпен мәтін
құраныдар.



ЕСТЕ САҚТА!

Ән — халықтың мұрасы. Халық қошемет көрсетеді. Осы уақытқа дейін айтады. Ән адамның көніл қүйін, сезімін білдіреді.

Халықтар досызы туралы шығарма

5—6
САБАҚ

МӘТИНАЛДЫ ЖҰМЫС

ЖАҢА СӨЗДЕР

зангар, зерттеуші,
сыйлығының иегері

АЙТЫЛЫМ

1 -тапсырма.

Сұрақтарға жауап бер.

- Қазақтың қандай жазушыларын білесін?
- Олардың қандай шығармаларын оқыдың?
- Ондағы кейіпкерлерді білесің бе?
- Саған қай жазушының шығармасы ұнайды?

ЖАЗЫЛЫМ

2 -тапсырма.

Құрамында болымсыз етістігі бар 3 нақыл сөзді тауып жаз.

ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

3 -тапсырма.

Мәтінді тыңда. Түсініп оқы.

МӘТИНМЕҢ ЖҰМЫС

Мұхтар Мұқанұлы Мағаун 1940 жылы 2 ақпанда Семей облысы (қазіргі Шығыс Қазақстан облысы) Шұбартау ауданында туған. Мұхтар Мағаун — тарихшы, көрнекті жазушы, қазақтың ауыз әдебиетін зерттеуші, ғалым.

1962 жылы Қазақ Мемлекеттік университетінің филология факультетін бітірген. Жазушыға «Аласапыран» атты тарихи романы үшін Абай атындағы мемлекеттік сыйлық берілген. 1984 жылы Қазақстанның халық жазушысы, 1997 жылы Туркияның Халықаралық «Түрік дүниесіне қызмет» сыйлығының иегері, 2002 жылы «Тарлан» сыйлығының лауреаты атанған.

М. Мағаун соғыс жылдарында қазақ халқының өзге үлт өкілдерін бауырына басқаны туралы шығарма жазды. Ол — «Бір атаниң балалары» повесі. Шығармада Зигфрид деген сегіз жасар кеміс баласын қазақ отбасының қалай қабылдағаны туралы айтылады.



АЙТЫЛЫМ ОҚЫЛЫМ

4 -тапсырма.

Мәтінге сүйеніп, ақпараттың дұрыстығын тексер. Түсіндір.

Ақпарат	Дұрыс	Дұрыс емес
Мұхтар Мұқанұлы Мағаун 1940 жылы 2 ақпанда Семей облысы Шұбартау ауданында туған.		
1962 жылы Қазақ Мемлекеттік университетінің тарих факультетін бітірген.		
Мұхтар Мағаун — тарихшы, көрнекті жазушы, қазақтың ауыз әдебиетін зерттеуші, ғалым.		
1984 жылы «Қазақстанның халық әншісі» атағын алған.		
2002 жылы «Тарлан» сыйлығының лауреаты атанған.		
Жазушыға «Аласапыран» атты тарихи романы үшін Шоқан атындағы мемлекеттік сыйлық берілген.		

АЙТЫЛЫМ

5 -тапсырма.

Сөздерді мағынасына қарай сәйкестендір.

1	ауданында	а	жазушы
2	1962	ә	сыйлығы берілген
3	филология факультетін	б	туған
4	көрнекті	в	зерттеуші
5	ауыз әдебиетін	г	романы
6	мемлекеттік	ғ	жылы
7	Халық	д	бітірген
8	тарихи	ж	жазушысы

ЖАЗЫЛЫМ

6 -тапсырма.

Көп нүктенің орнына қажетті сөздерді қойып жаз.

МӘТИНСОҢЫ ЖҰМЫС

Мұхтар Мағаун — қазақтың ... жазушысы. Ол — ауыз ... зерттеуші ғалым. Жазушы «Аласапыран» атты ... романы үшін Абай атындағы мемлекеттік сыйлықты алған. Түркияның халықаралық «Түрік дүниесіне қызмет» сыйлығының ... атанған.

Қажетті сөздер: тарихи, иегері, занғар, әдебиетін.

АЙТЫЛЫМ

7 -тапсырма.

Көршіңе төмендегі сұрақтарды қойып, диалог құрындар.

- Мұхтар Мағауин — кім?
-
- Ол кісі қай жылы туған?
-
- Қай университетті бітірген?
-
- Жазушының қандай атақтары бар?
-


ЖАЗЫЛЫМ

8 -тапсырма.

Мұхтар Мағауин туралы қосымша мәлімет жина. Диаграмманы толтыр.

Талаптар:

1. көлемі — 4—6 сөйлем;
2. сын есімді жиі пайдалан;
3. міндетті түрде жаңа сөздерді қолдан.



АЙТЫЛЫМ

9 -тапсырма.

«Сөзтізбек» ойыны. Екі топқа белініңдер. Бірінші топ екінші топқа мәтін бойынша таныс бір сөз айтсын.

Екінші топ ойынды жалғастырын. Келесі сөз алдыңғы сөздің соңғы әрпінен басталып отыруы қажет. Мысалы, жазушы — ыдыс — сүт — туған — нан және т.б. Бұл ойында белгілі бір уақыт ішінде ең көп сөз айтқан топ жеңімпаз атанады.

ЕСТЕ САҚТА!

Мұхтар Мағауин — көрнекті жазушы «Тарлан» сыйлығының лауреаты.

Бір атандың балалары

7—8
САБАҚ

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ

1 -тапсырма.

Суреттерді пайдаланып, мәтін құра.

ЖАҢА СӨЗДЕР

жетім, сөзге құлақ салу,
шалғай, ересек, жағалай,
қолағаштай, панасыз



АЙТЫЛЫМ

2 -тапсырма.

Сұрақтарға жауап бер.

- «Соғыс» дегенді қалай түсінесін?
- Ұлы Отан соғысы туралы не білесін?
- Соғыс кезінде балалардың өмірі қандай болды?

ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

МӘТИНМЕҢ ЖҰМЫС

3 -тапсырма.

Мәтінді тыңда. Оқы. Түсінгенінді баянда.

Бір атаның балалары (үзінді)

Ал, ағайын, тегіс жиналсаң сөзіме құлақ сал, — деді басқарма. — Өздерің білесің, мен: «Жұмысшы әкелем!», — деп кеттім.... Үкімет біздің Бұлғыртау ауданының тоғызың қолқозына елу төрт бала жіберген екен. Жер аяғы шалғай, мен барғанша ересектерін бөліп әкетіпті. ... Менің әкелгенім — алты-ақ бала. Бәріңе жетпейді. ... Әзір қолда барын Құдай жолымен бөлем...

...Ал, Дәуренбек, — деді басқарма. — ...Дүкіметінді оқы, балалардың мәнжайын айт.

Стройдың басында тұрған екеу — қазақ балалары, үлкені сегізде, кішісі алтыда. Мынаусы — Ертай, анаусы — Нартай, екеуі ағайынды. Бұлардан соңғы — татар баласы, аты — Рашид, жетіде. Көзі сығырайған жалпақ бет, тақырбас қара — әйел бала, қалмақ я дүнген, жасы алтыда. Қасындағысының аты — Яков, тоғызда, қолағаштай мұрнына қарағанда, жойыт тәрізді, бірақ документте: «орыс», — деп жазылған, қайдан кеп, қайдан тұрғаны белгісіз әрі мылқау. Ең соңындағы — жаңа алдымен шыққан қасқа, жетіде. Сіздерден жасыратын не бар, тегі жаман: неміс. Бұл баланың орны — детдом емес еді, әке-шешеден бірдей айырылып, панасыз қалған соң алынған екен. Өкіметтің кеңшілігі көп. Енді осы араға келіп тұрған жайы бар.

...Ахмет шал балаларды жағалай басынан сипап өтті де ең шетте тұрған неміс баласының қолынан ұсталды.

Мен осы мықтының өзін қаладым. ...Баламның атын айт.

— Зигфрид Вольфганг Вагнер. Қарық болдыңыз! — деді Дәуренбек мырс етіп.

— ...Е, жөн-ақ, — деді Ахмет ақсақал. — Келісті жақсы ат екен. Айналайын, жүргүйге, кеттік. Апаң құтіп отыр...

...Жылды қынтаулы төсекте жатқан, ет желініп бітпей-ақ үйқыға кеткен Зигфрид Вагнер ертеңіне таңертең «Зекен Ахметұлы Бегімбетов» болып оянды.

(Мұхтар Магауин)

ОҚЫЛЫМ

4 -тапсырма.

Мұхтар Магауиннің «Бір атаның балалары» шығармасының «Зигфрид Ахметұлы» тармағын оқы. kitap.kz сайтын пайдалан. Зигфридтің басынан кешкен оқиғасын баянда.

ЖАЗЫЛЫМ

5 -тапсырма.

Мәтінге сүйеніп, ақпараттың дұрыстығын тексер. Түсіндір.

Ақпарат	Дұрыс	Дұрыс емес
Үкімет біздің Бұлғыртау ауданының тоғызың қолқозына елу бала жіберген екен.		
Стройдың басында тұрған екеу — қазақ балалары, үлкені сегізде, кішісі алтыда. Мынаусы — Ертай, анаусы — Нартай, екеуі ағайынды.		
Ең соңындағы — жаңа алдымен шыққан қасқа, сегізде.		
Яков Вольфганг Вагнер. Қарық болдыңыз! — деді Дәуренбек мырс етіп.		
Айналайын, жүр үйге, кеттік. Апаң күтіп отыр.		
Жылдың қымтаулы тәсекте жатқан, ет желініп бітпей-ақ үйқыға кеткен Зигфрид Вагнер ертеңіне таңертең «Нартай Ахметұлы Бегімбетов» болып оянды.		

АЙТЫЛЫМ

6 -тапсырма.

Балаларды кімдер алғаны туралы семантикалық картаны толтыр. Түсіндіріп айт.

	Ахмет	Бригадир Берден	Орақшы Тілеубай	Тоқажан басқарма	Сақыпжамал	Күлиман апа
Яков						
Ертай						
Нартай						
Зигфрид						
Рашид						
Оля						

МӘТІНСОҢЫ ЖҰМЫС

ОҚЫЛЫМ

7 -тапсырма.

Оқы. Тұсінгенінді баянда. Сұрақтарға жауап бер.

... Сөйтіп, Тоқаң маған ата-анаңдан тұлдырысız қалған Рашидтің және тағы бірнеше баланың сонау соғыс кезінде алыстағы қазақ аулына келуі, жаңадан туыс табуы туралы әңгімелеп берді. ... Бала Зигфрид — қазір совхоздың бас зоотехнігі, Зигфрид Вольфгангович Бегімбетов. Келіншегі мұғалима екен. Үйі толған бала...

М. Мағауиннің «Бір атаның балалары» шығармасының «Арна» тармағын ары қарай оқы.

- Соғыс кезінде ауылға келген балалардың қазіргі таңдағы өмірі туралы айт.

ЖАЗЫЛЫМ

8 -тапсырма.

Кубизм әдісін қолдана отырып жаз.

- Зертте:** Ауыл адамдарының тұрмыс-тіршілігі, өмірge көзқарасы.
- Салыстыр:** Ауылға келген алты бала.
- Тұсіндір:** Ауыл адамдары мен ауылға келген балалар.
- Қолдан:** Шығарма мазмұны бойынша жоспар құру
- Суретте:** Соғыс кезіндегі ауыл өмірі
- Тілек айт.** Балалардың атынан тілек айт.

ЖАЗЫЛЫМ

9 -тапсырма.

Достарыңың бірінің бет-бейнесін суреттеп, мәтін құрап жаз.

ЕСТЕ САҚТА!

Ауылға алты жетім бала әкелді. Ахмет шал немістің баласын таңдады.

«Адамзаттың сүй, «бауырым» бәрін дег...»

9 – 10
САБАҚ

МӘТИНАЛДЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

1 -тапсырма.

Сұрақтарға жауап бер.

- Қазақстандағы ұлт өкілдері туралы не білесің?
- Олар Қазақстанға қашан қалай келді?
- Қазақстан халқы ассамблеясы туралы не білесің?
- Елдегі бірлік пен татулықты сақтау үшін Н. Ә. Назарбаевтың Жарлығымен қандай үйім құрылды?

ЖАЗЫЛЫМ

2 -тапсырма.

Қазақстанда халықтар достығына арналған қандай жаңа фильмдер шығарылды? Сызбаға жаз.


Қысқаша түрде баяндап бер.

ЖАҢА СӨЗДЕР

ұлтаралық келісім, мәдени орталық, жер аударылу



Жаңа
фильмдер



ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

МӘТИНМЕҢ ЖҰМЫС

3 -тапсырма.

Мәтінді тыңда. Түсініп оқы. Тақырып қой.
Түсінгеніңді баянда.

Қазақстан Республикасындағы барлық ұлт бір-бірімен ынтымақтастықта өмір сүріп келеді. Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен 1995 жылы 1 наурызда Қазақстан халқы ассамблеясы құрылды. Ассамблеяның 350-ге жуық мүшесі бар. Оның тәрағасы — Қазақстан Республикасының Президенті. Әзербайжан, грек, шешен, поляк және т.б. халықтардың ұлттық-мәдени орталықтарының жаңында жекенелік мектептер жұмыс істейді.

Қазақстандағы көптеген ұлт өкілдерінің біздің елімізге келу тарихы «Жерүйық» фильмінде жақсы көрсетілген. Фильмнің режиссері — Сламбек Тәуекел. Фильмнің сценарийін Сламбек Тәуекел мен Соң Лаврентий жазған. «Жерүйық» фильмі тарихи оқиғаға негізделген. Фильмде Соң Лаврентийдің өзінің балалық шағы бейнеленген.

Фильмде өз Отанынан құғындалып, Қазақстанға жер аударылып келген көріс, неміс, түрік, шешен, құрд және т.б. ұлттардың ауыр жағдайы бейнеленеді. Арып-ашып келген адамдарды қазақ халқы бауырына тартады, ажалдан аман алып қалады.

«Жерүйық» көркем фильмі Абай Құнанбаевтың «Адамзаттың бәрін сүй, бауырым» деген сөзімен басталады. Фильмнің басты кейіпкері — Орынбай — өмірде болған адам. Барша қазақ халқының бауырмалдығы, жомарттығы осы бейне арқылы көрінеді.

Қазіргі таңда фильмде көрсетілген ұлт өкілдері бір ананың баласындағы бірліктет, татулықта өмір сүріп жатыр.

1 наурыз — өзге ұлт өкілдерінің қазақ халқына алғыс айтатын күні. Бұл күнді ҚР Президенті арнайы белгіледі.

ЖАЗЫЛЫМ

4 -тапсырма.

Мәтінді оқы. Қажетті ақпаратты тауып, семантикалық кестеге жаз.

Қазақстан халқы ассамблеясының құрылуы	Қазақстан халқы ассамблеясының маңсаты	«Жерүйық» фильмінің режиссері	Фильмнің сценарийін жазғандар	Қазақстанға жер аударылып келген ұлттар	Фильмдегі басты кейіпкерлер

АЙТЫЛЫМ

5 -тапсырма.

Диалогті ары қарай жалғастырыңдар.

- Қазақстанда қанша ұлт өкілдері тұрып жатыр?
-
- Қазақстан халқы ассамблеясы қашан құрылды?
-
- Оның тәрағасы — кім?
-
- Ассамблея қандай жұмыстар атқарады?
-
- Сен қандай ұлттардың мәдени орталықтары мен ұйымдарын білесің?
-
-
- «Жерүйік» фильмін көрдің бе?
-
-
- Фильм не туралы?
-
-



ЖАЗЫЛЫМ

6 -тапсырма.

Көп нүктенің орнына жақша ішіндегі қажетті сөзді қойып жаз.

Қазақ халқы өзге ұлт өкілдерін құшақ жая ... (шақырған, сағынған, қарсы алған). Қазақ халқының ... (ынтымағы, кеңпейілдігі, бірлігі) мен бауырмалдығына олар үнемі рақмет айтады. Қазақстандағы ... (барша, көптеген, бірнеше) ұлт өкілдерінің біздің елімізге келу тарихы «Жерүйік» фильмінде жақсы көрсетілген. «Жерүйік» фильмі тарихи ... (оқиғаға, құбылысқа, фактіге) негізделген. Фильмде Сон Лаврентийдің ... (жастық, кәрілік, балалық) шағы бейнеленген. Арып-ашып келген адамдарды қазақ халқы бауырына тартады, ... (сүйкітан, жаңбырдан, ажалдан) аман алып қалады.



МӘТІНСОЦЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

7 -тапсырма.

Фаламтордан «Жерүйік» фильмін көр. Мазмұнын сыныпта баянда.

«Кекжие




ЖАЗЫЛЫМ

8 -тапсырма.

Мұхтар Мағауиннің «Бір атаның балалары» шығармасы мен «Жерүйік» фильмінің арасындағы ұқастықтар мен айырмашылықтарды Венн диаграммасы түрінде көрсет.

ЖЕРҮЙІК



ЖАЗЫЛЫМ

9 -тапсырма.

«Қазақстан — ортақ үйіміз» тақырыбында фотоколлаж дайында. Оны сыныпта қорға.

ЕСТЕ САҚТА!

Ыңтымақтастықта өмір сүріп келеді. Барлық ұлт өкілдерінің орталықтары бар.


Нәмиже сабак. Мен не үйреноңдім?

11
САБАҚ

ЖАЗЫЛЫМ

1 -тапсырма.

Қазақтың қандай әндері мен әншілерін білесің? Кластерді толтыр.



ОҚЫЛЫМ

2 -тапсырма.


Мәтінді оқы.
Түсінгеніңді айтып бер.

Мен өзімді тәрбиелеп өсірген даланың дархан перзенті — бәріміз фамилиясын алып отырған көкеміз, сіздерше, «Ахмет ақсақалды» қадірлеймін. Фашистермен шайқаста қаза тапқан, маған өмір берген ғазиз әкем — Вольфганг Вагнерді де мақтан етем.... Қазір бәріміз — бір өзеннің арнасы, бір атаның баласымыз. Бір семьяның мүшесі, бір ұлыстың ұлымыз...

АЙТЫЛЫМ

3 -тапсырма.

Диаграммада берілген маңызды деректерді анықта. Осы мәліметтерді пайдаланып, диалог құрындар.



ЖАЗЫЛЫМ

4 -тапсырма.

Зигфридтің атынан Ахмет атаға рақмет айтып, хат жаз.

АЙТЫЛЫМ

5 -тапсырма.

Берілген сөздерден өлең жолдарын құрастырып айт.

Жасыл	Көк	түкті	көп	көк
кілем	жайлау	нұрын	кілем	ойнаймын
кулем	Күннің	кілемде	айдың	деп
сәулесін	Қазағымның	махаббаты	көп	аппақ
қызыл	білем			

АЙТЫЛЫМ

6 -тапсырма.

www.youtube.com сайтынан еркін Рақышевтің «Жетімдер» фильмін көріңдер. М. Мағауиннің «Бір атаның балалары» шығармасымен салыстырындар. Қазіргі кездегі жетім балалар туралы не білесіндер? Талқылаңдар.

БІЛГЕНГЕ МАРЖАН...

Мақал-мәтөл

- Күш бірлікте.
- Береке көзі бірлікте

«Алтынел» ұлттық саябағында

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

1 -тапсырма.

Суретке қарап, «Табиғат ғажайыптары» тақырыбында шағын мәтін құрап жаз.



ЖАЗЫЛЫМ

2 -тапсырма.

Өлеңді оқы. Сұраққа жауап бер.

1. Сен қай жерде тудың?
2. Туған жерін табиғаты қандай?
3. Туған жерінді жақсы көресің бе? Жақсы көрсөн, не себепті?

О, туған жер! Барымның
Сәттілері сенікі.
Балы болса, жанымның
Тәттілері сенікі.

(С. Жиенбаев)

МӘТИНМЕҢ ЖҰМЫС

ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

3 -тапсырма.

Тыңда. Мәтінді оқы.

«Алтынемел» — 1996 жылы Алматы облысының Кербұлақ ауданында ашылған ұлттық саябақ. Ол Іле өзенінің солтүстігінде орналасқан. Жер көлемі — 460 мың гектар. Оның құрамына Үлкен Қалқан, Кіші Қалқан тауларының қасында орналасқан табиғи ескерткішінің бірі — «Әнші құм» кіреді. Мұндай «Әнші құм» табиғатта өте аз кездеседі.

«Алтынемел» саябағы археологиялық ескерткіштерге бай. Онда түрлі-түрлі көне суреттер салынған тастар мен үлкен-үлкен үңгірлер көп.

«Алтынемел» ұлттық табиғи саябағында 1800-ге жуық өсімдіктің түрі, 56-ға жуық жануардың түрі, балықтар, құстар бар. Олардың көбі «Қазақстанның Қызыл кітабына» кірген.

Айналада биік-биік ағаштар, өзен-көлдер де мол. Оларға жан-жақтан келген туристер қызыға қарайды.

Саябақта 17 қорықшы бекеті мен 3 туристік бағыт жұмыс істейді.

АЙТЫЛЫМ

4 -тапсырма.

Мәтін бойынша сұрақтарға жауап бер.

1. «Алтынемел» ұлттық саябағы қашан құрылған?
2. Саябақ қай жерде орналасқан?
3. Саябақтың көлемі қанша жерді алып жатыр?
4. Оның құрамына қандай таулар кіреді?
5. Саябақ неге бай?
6. Саябақта өсімдіктердің қанша түрі өседі?
7. «Қазақстанның Қызыл кітабына» нелер кірген?
8. Қазір саябақта неше қорықшы бекеті мен туристік бағыт жұмыс істейді?

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

5 -тапсырма.

Көп нүктенің орнына керекті қос сөздерді қойып, сөйлемді көшіріп жаз.

«Алтынемел» — Қазақстандағы ең үлкен табиғи саябақ. Мұнда саяхатшылар ... келеді. Саябақта тарихи ескерткіштер өте көп. ... тастарда салынған ... суреттерді көресің. Мен «Алтынемел» туралы ... әңгімелерді көп оқыдым.

Қажетті сөздер: қызық-қызық, жиі-жиі, түрлі-түрлі, газет-журналдардан, кішкентай-кішкентай, үлкен-үлкен.

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

6 -тапсырма.

Ғаламтордан «Алтынемелдің» суретін тап. Сол суреттегі көріністерді мәтінге сүйене отырып сипатта.

ЖАЗЫЛЫМ

7 -тапсырма.

Үлгіге қарап жаз.

Үлгі: Мен саябақта жсурмін. Сіз саябақта жсурсіз.

Мен «Алтынемел» саябағына бардым. Сен

Ол саябақты аралады. Біз

Олар саябақтағы Шоқан Ұәлихановтың музейіне барды. Сендер

Сіз тастағы жазуларды көрдіңіз. Ол

Мен сусыған ыстық құмдардың үстімен жүрдім.

Сіздер

Сендер неше түрлі аң-құсты көрдіңдер. Олар

АЙТЫЛЫМ

8 -тапсырма.

Мәтінді пайдаланып, досыңмен диалог құр.

— ... , сен «Алтынемел» үлттық саябағы туралы не білдің?

— «Алтынемел» саябағы туралы көп білдім.

— ...

— ...

АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

9 -тапсырма. Сөзжүмбақты шеш. Қандай сөз жасырынған? Ол сөзді септеп жаз.

Атау септігі ...

Ілік септігі

Барыс септігі

Табыс септігі

Жатыс септігі

Шығыс септігі

Көмектес септігі



Л

ЖАЗЫЛЫМ

10-тапсырма.

Сөзге қажетті жалғаудың тиістісін жалғап жаз.


«Алтынемел» үлттық табиғи саябағ (-ы, -і) Алматы облыс (-ы, -і) Кербұлақ ауданы (-ның, -дың, -тың) аумағында, Іле өзенінің солтүстігі(-нда, -нде) орналасқан. Үлттық саябақ 1996 жылы ашылған. Аудан (-ымыз, -сы, -ы) — 460 мың гектар. «Алтынемел» үлттық саябағы (-нда, -нде) 1800 — (-ге, -ке) жуық өсімдік (-тің, -дің) түрі бар. Саябақ (-та, -да, -те) 17 қорықшы бекет (-і, -ы) мен 3 туристік бағыт жұмыс істейді.

11-тапсырма.

Суреттерге қарап, «Алтынемел» үлттық саябағы туралы мәтін құрап жаз.

МӘТІНСОҢЫ ЖҰМЫС

Мәтін құрауға қажсетті тірек сөздер: саяхатшылар, қорықтың таңбасы, қорықтың картасы, әнші құм. «Алтынемел» үлттық саябағы.



АЙТЫЛЫМ

12-тапсырма.

Жағдаят: Сен досыңмен Алтын-емелге саяхаттап келдің. Досың бұл жерді жақсы біледі. Одан өзіңе қажет мәліметтерді сұра. Ол түсіндірсін. Диалогте қос сөздерді орынды кірістіріп отырыңдар.

ЕСТЕ САҚТА!

Саябақтың жер көлемі үлкен. Қорықта андар, құстар, жан-жануарлар мекендейді. Қорықшылар қорықты қорғайды.

«Әңші Құм»

3—4
САБАҚ

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ


ЖАҢА СӨЗДЕР

тәбе, желсіз, жаңбырлы

1 -тапсырма.

Суретке қарап, табиғат құбылыстарын ата. Табиғат құбылыстарының қоршаған ортаға әсері қандай? Өз ойыңды айт.

Мысалы: Жел қатты соқса, құм дыбыс шығарады.



ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

МӘТИНМЕҢ ЖҰМЫС

2 -тапсырма.

Мәтінді оқындар.



«Әнші құм» Жетису жеріндегі Үлкен Қалқан, Кіші Қалқан тауларының қасында жатыр. Құмды төбенің биіктігі — 150 метр, ұзындығы — 8, ені — 3 шақырым.

Оның «Әнші құм» аталуының өз сырлы бар. Жел соққан кезде ұсақ құм төмен қарай жылжиды. Осы кезде сырнайдың даусына ұқсас әп-әдемі әуен құлаққа естіледі. Ал жел қатты соқса, әлгі әдемі үн реактивті ұшақтың даусына ұқсайды. Жел соққан сайын құм түрін өзгертіп отырады.

Жібек жолының бойында орналасқан «Әнші құмның» даусын есту үшін жолаушылар алыс-алыс жерлерден әдейі келеді.

«Әнші құм» табиғат ескерткіші ретінде мемлекет қамқорлығына алынған. Ол «Алтын-емел» ұлттық табиғи саябағының құрамына кіреді.

АЙТЫЛЫМ

3 -тапсырма.

Мәтін бойынша
сұрақтарға жауап бер.

1. «Әнші құм» қайда орналасқан?
2. Құмды төбенің биіктігі, ұзындығы, ені қандай?
3. Құм төбе неге «Әнші құм» деп аталған? Оның сырлы неде?
4. «Әнші құмның» даусын адамдар нениң даусысына ұқсатады?
5. «Әнші құм» неге түрін өзгертіп отырады?

ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

4 -тапсырма.

Сөзжұмбақты шеш.

1. Әнші ... шырқайды
2. Мұсылман халықтарының ұлттық мейрамы
3. Таудың ең биік жері
4. Жануарлардың қорегі
5. «Он саусақ» бағдарламасының кейіпкері
6. Жаман әдет
7. Қазақша жыл қайыру

1.	ә						
2.	н						
3.	ш						
4.			i				
5.				қ			
6.	ұ						
7.	м						

ЖАЗЫЛЫМ

5 -тапсырма.

Сөйлемдерді аяқтап жаз.

1. Құмның «Әнші құм» аталуының өз сыры
2. Жел соққан кезде ұсақ құм төмен қарай
3. Осы кезде сырнайдың даусына ұқсас әдемі әуен құлаққа
4. Ал жел қатты соқса, ол үн реактивті ұшақтың даусына
5. Жел соққан сайын құм түрін өзгертіп

ЖАЗЫЛЫМ

6 -тапсырма.

Ребустың шешуін тап. Сол сөздерден сөйлем құрап жаз.

МӘТІНСОҢЫ ЖҰМЫС

7



ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

7 -тапсырма.

Мәтіндегі ақпараттың дұрыстығын тексер.

Ақпарат	Дұрыс	Дұрыс емес
1. Құм жаңбырдың әсерінен дыбыс шығарады.		
2. «Әнші құм» шетелде ғана бар.		
3. Ең үлкен «Әнші құм» Қазақстанда, орналасқан.		
4. Әнші құм «Алтынемел» саябағында жатыр.		
5. Құмның дыбысы тікүшақтың даусына ұқсайды.		
6. «Әнші құмның» даусы тек жазда естіледі.		
7. Таулар жауынгердің қалқанына ұқсағандықтан, «Қалқантау» аталып кеткен.		

АЙТЫЛЫМ

8 -тапсырма.

Жұмбақтарды шеш.

Қанаты жоқ, — ұшады,

Аяғы жоқ, — қашады. (...)

Аяғы жоқ, — жүреді,

Езуі жоқ, — қүледі. (...)

Көктен түседі,

Жер іshedі. (...)

Аяқсыз жетіп барады,

Қолсыз есік қағады. (...)

Көзге ілінбейді,

Жұтсан, білінбейді. (...)

Сатайын десем, — ауыр кілем,

Сатпайын десем, — тәуір кілем. (...)

АЙТЫЛЫМ

9 -тапсырма.

Өлеңді мәнерлеп оқы. Жатта.

Табиғат, сен — тіршілік тұнып тұрған,
Сен — күнсің көтерілген күліп қырдан,
Сен — көлсің,
Сен — ормансың,
Сен — бұлбұлсың
Адамға сұлулықты шын ұқтырған.

(М. Мақатаев)

ЖАЗЫЛЫМ

10 -тапсырма.

Төмөнде берілген сөздерді жекеше және көпше түлға жаз.

қорық, қорықшы, жер, саябақ.

АЙТЫЛЫМ

11 -тапсырма.

Үлгі бойынша бір-біріңе қарсы жауап айтындар не бір-бірінді мақұлданңдар. Диалогті әрі қарай жалғанңдар.

Улгі: — «Алтынемел» саябасы Астанада ма?

— Жоқ, «Алтынемел» саябасы Жетісуда орналасқан.

— «Алтынемел» саябағы үлкен бе?

— Иә,

— Мұндаиды саябақ шетелде бар ма?

— Жоқ,

— «Әнші құмдық» көргің келе ме?

— Иә, ...

ЕСТЕ САҚТА!

Жел қатты соққанда, құм дыбыс шығарып, ән айтады.

Жаңбыр жауса, құм дыбыс шығармайды.

ЖАЗЫЛЫМ

12 -тапсырма.

«Синектика». Қасқырдың атынан тиінге хат жаз. Хатта тиінді қорқытпайтыныңды, ашууланбайтыныңды жаз. Тиінмен дос болғың келетінін айтып, сөз бер.



Шайтанкол – әзжайын құбылыс

5—6
САБАҚ

МӘТИНАЛДЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

1 -тапсырма.

Суретке қара. Сурет бойынша мына сұрақтарға жауап бер.

1. Суреттерді салыстырып сипатта.
2. Суретте берілген суларды қандай мақсатта пайдалануға болады?
3. Алғашқы екі суреттегі судың қайсысы таза? Неге?




ЖАЗЫЛЫМ

2 -тапсырма.

Суретке қара. Берілген сөздерден сөйлем құра.



таудың басы



қарағай



жартас



мәлдір



көз жасы



жонғар шабуылы



шайқасады

ТЫНДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

МӘТИНМЕҢ ЖҰМЫС

3 -тапсырма.

Тында. Мәтінді оқы.

Міне, қызық! Қазақстанда көл көп. Сол көлдердің ішіндегі ең кереметі — Шайтанкөл. Көл «Бұғылы» деген таудың басында жатыр. Шайтанкөлдің жағасында гранитті жартас пен қарағайлар орман бар. Көл 1200 метр биіктікте орналасқан. Көлдің ұзындығы — 62, ені — 40 метр. Суы мәлдір, таза. Судың түбі — тас. Көлді хош иісті қарағай орманы қоршаған.

Көлдің пайда болуы туралы аңыз көп. Жиі айттылатыны — жонғарлар шабуылы туралы аңыз. Қазақтар мен жонғарлар шайқасады. Жонғардың әскері көп болады. Жонғарлар қазақтарды жеңе бастайды. Сол кезде қазақ жігіттері Құдайға сыйынып, көмек сұрайды. Құдай қазақтарға көмектеседі. Құдай жонғарларды қазақ жерін қорғайтын тас мүсіндерге айналдырады. Ал көлдің суы қазақ жігіттерінің аналарының көз жасы екен.

<http://old.el.kz> сайтынан алынды

ЖАЗЫЛЫМ

4 -тапсырма.

Суреттердің орнына сөздерді қойып, сөйлемді толықтыр.



«Шайтанкөл»

орналасқан. Көл «Бұғылы» деген



жатыр.



Шайтанкөлді гранитті



пен

орман қоршаған.



ОҚЫЛЫМ

5 -тапсырма.

Мәтіндегі ақпараттың дұрыстығын тексер.

Ақпарат	Дұрыс	Дұрыс емес
Шайтанкөл «Бұғылы» деген таудың басында жатыр.		
Шайтанкөлді гранитті жартас пен қарағайлыш орман қоршаған.		
Көл 1200 метр биіктікте орналасқан.		
Суы мөлдір, таза.		
Судың түбі — тас.		
Көлдің ұзындығы — 62 метр, ені — 40 метр.		
Көлдің жағасында хош істі қарағай орманы бар.		

АЙТЫЛЫМ

6 -тапсырма.

Мәтін бойынша сұрақтарға жауап бер.

1. Шайтанкөл қай жерде орналасқан?
2. Көлді не қоршаған?
3. Шайтанкөл неше метр биіктікте?
4. Оның суы қандай?
5. Судың түбі қандай?

ЖАЗЫЛЫМ

7 -тапсырма.

Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойып жаз.

Қажетті сөздер: шайқасады, жонғарлар шабуылы, Құдай, қорғайтын, сыйынады, көз жасы.

Көлдің пайда болуы туралы ақыз көп. Жиі айттылатыны — ... туралы ақыз. Қазақтар мен жонғарлар Жонғардың әскері көп болады. Жонғарлар қазақтарды жеңе бастайды. Сол кезде қазақ жігіттері Құдайға ... , көмек сұрайды. ... қазақтарға көмектеседі. Құдай жонғарларды қазақ жерін ... тас мүсіндерге айналдырады. Ал көлдегі су қазақ жігіттердің аналарының ... екен.

АЙТЫЛЫМ

8 -тапсырма.

Мәтінге сүйеніп, диалогты толықтырыңдар.

- Көлдің пайда болуы туралы қандай аңыз бар?
-
- Жиі айтылатын аңыз кімдер туралы?
-

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

9 -тапсырма.


Сынып 4 топқа бөлінсін. Суды үнемдеуге қатысты жарнама дайындаңдар. Оны сынып алдында қорғаңдар.



ЖАЗЫЛЫМ ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

10 -тапсырма.

Суретті пайдаланып, Шайтанкөл туралы шағын сипаттамалық мәтін құра.



ЕСТЕ САҚТА!

Шайтанкөл «Бұғылы» деген таудың басында жатыр. Шайтанкөлді гранитті жартас пен қарағайлы орман қоршаған.

Ақсу-Жабағылы қорығы

7—8
САБАҚ

МӘТИНАЛДЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

1 -тапсырма.
Сұрақтарға жауап бер.

1. Осыған дейін Қазақстанның қандай көрікті жерлерімен таныстың?
2. Қазақстанның көрікті жерлерінде болдың ба?
3. Сен тұратын жердің табиғаты қандай?
4. Сен тұратын жерде көл, биік тау, шың, сарқырама бар ма?

ЖАЗЫЛЫМ

2 -тапсырма.
Ақсу-Жабағылы қорығының суреттерімен таныс. Өз сөзіңмен қорықты сипатта. Сипаттау барысында жаңа сөздерді пайдалан.



ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

МӘТІНМЕҢ ЖҰМЫС

3 -тапсырма.

Тыңда. Мәтінді оқы.

Қазақстанның көрікті жерлерінің бірі — Ақсу-Жабағылы қорығы. Қорық Талас Алатауының етегінде орналасқан. Бұл қорық 1926 жылы мемлекет қайраткері — Тұтар Рысқұловтың ұсынысымен құрылған. Қорықта аң құс, шөп, гүлдер қорғалады.

Қорықта алманың 20 шақты түрі өседі. Олардың бәрі — Алматы апортының ең жақын туысы.

Ақсу-Жабағылы қорығында қызғалдақ пен сарғалдақ өседі. Қызғалдақтың алты түрі де алғаш осы қорықта өскен. Грейг қызғалдағын Ақсу-Жабағылыдан Голландияға апарған. Грейг қызғалдағы 1877 жылы Голландияда жоғары бағаланып, дипломмен марапатталған. Содан бері әлемге біздің қызғалдақтың 200-ден астам түрі тараған.






Ақсу-Жабағылыда жазықтар, биік шыңдар, жартастар, таулар бар. Өзендер мен сарқырамалар бар. Көгілдір биік таулар аспанмен таласады.

Теніз деңгейінен 3000 м биіктікте орналасқан тастанға сурет салынған. Тастанда жануарлар, аң аулаған ежелгі адамдар бейнеленген.

АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

4 -тапсырма.

Қою қаріппен берілген жаңа сөздерден тіркес құра. Оларды қатыстырып, сөйлем жаз.



ОҚЫЛЫМ

5 -тапсырма.

Мәтінді оқып, ақпараттың дұрыстығын тексер.

Ақпарат	Дұрыс	Дұрыс емес
Қазақстанның көрікті жерлерінің бірі — Ақсу-Жабағылы қорығы.		
Қорық Талас Алатауының етегінде орналасқан жоқ.		
1926 жылы мемлекет қайраткері — Тұрар Рысқұловтың ұсынысымен құрылған.		
Қорықта аң құс, шөп, гүлдер қорғалмайды.		
Қорықта алманың 20 шақты түрі өседі.		
Ақсу-Жабағылыда өзен, сарқырама жоқ.		

ЖАЗЫЛЫМ АЙЫЛЫМ

6 -тапсырма.

Төмендегі сұрақтарға жауап жаз.

1. Ақсу-Жабағылы қорығы қайда орналасқан?
2. Қорық қай жылы құрылған?
3. Қорық кімнің ұсынысымен құрылған?
4. Қорықта нелер қорғалады?

АЙЫЛЫМ

7 -тапсырма.

Рөлдік ойын. Біреуің — қорықшы, біреуің — турист болындар. Қорықшы Ақсу-Жабағылы қорығын туриске таныстырын.

ЕСТЕ САҚТА!

Қазақстанның көрікті жерлерінің бірі — Ақсу-Жабағылы қорығы. Қорық Талас Алатауының етегінде орналасқан.

ЖАЗЫЛЫМ

8 -тапсырма.

Қажетті сөзді қойып, жаз: мақтанышы, көрікті, алманың, жақын.

Ақсу-Жабағылы қорығы — Қазақстанның ... жерлерінің бірі. Қорықта ... 20 шақты түрі өседі. Олар — Алматы апортының ең ... туысы.

МӘТИНСОҢЫ ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ АЙЫЛЫМ

9 -тапсырма.

Әр сөйлемге бірнеше сұрақ қой.

• Қызғалдақ пен сарғалдақ алғаш Ақсу-Жабағылы қорығында өскен.

1. Ақсу-Жабағылы қорығында не өскен?
2. Ақсу-Жабағылы қорығында қызғалдақ пен сарғалдақ өсті ме?

3. Қызғалдақ пен сарғалдақтың алғаш қайда өскен?

- Қызғалдақтың алты түрі де алғаш осы қорықта пайда болған.
- Грейг қызғалдағын Ақсу-Жабағылыдан Голландияға апарған.
- Грейг қызғалдағы 1877 жылы Голландияда жоғары бағаланған.
- Содан бері әлемге біздің қызғалдақтың 200-ден астам түрі тараған.

ЖАЗЫЛЫМ

10 -тапсырма.

Тиісті қосымшаларды қойып жаз.

Ақсу-Жабағылыда жазық..., биік шың..., жартас..., тау... бар. Өзен... мен сарқырама... бар. Көгілдір биік тау... аспан... таласады.

Теңіз деңгейі... 3000 м биіктік... орналасқан тастар... сурет салынған. Тастанда жануар..., аң аулаған ежелгі адам... бейнеленген.

Табиғат – жағамының иернесі

9–10
САБАҚ

«Көкжиек-Горизонт»

МӘТИНАЛДЫ ЖҰМЫС

ОҚЫЛЫМ

1 -тапсырма.

Суретті пайдаланып, жаңа сөздердің
мағынасын түсініп оқы.



Толған ай

ЖАҢА СӨЗДЕР

байтақ (байтагым), солған,
толған



Солған ай



Толық адам



Арық адам

АЙТЫЛЫМ

2 -тапсырма.

Сұрақтарға жауап бер.

1. Ай қай кезде толады? 2. Ай қай кезде көрінбейді?

АЙТЫЛЫМ

3 -тапсырма.

Сөз тіркестерін оқы. Оларды қатыстырып, сөйлем құра.

Байтақ дала. Ұлың болайын. Құлың бо-
лайын. Солған гүл. Солған Ай. Толған Ай.

ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

4 -тапсырма.

Тыңда. Оқы. Өлеңді жатта.

ТАБИҒАТ — ЖАРАТЫЛЫС ПЕРНЕСІ

О, далам менің, байтағым,
«Далам!» — деп өлең айтамын.
Ұлың болп ойлап барам да
Құлын болп ойнап қайтамын.
О, далам менің, байтағым,
«Далам!» — деп өлең айтамын.
Солған Ай болып барам да
Толған Ай болып қайтамын.
(Қадыр Мырза-Әлі)

АЙТЫЛЫМ

5 -тапсырма.

Сұрақтарға жауап бер.

1. Өлең не туралы?
2. Неге ақын өзін: «Даланың ұлымын!», — дейді?
3. «Ұлың болып барамын» деген сөйлемнен не түсіндің?
4. Неге ақын: «Даланың құлышынын», — дейді?

ЖАЗЫЛЫМ ОҚЫЛЫМ

6 -тапсырма.

Байтақ даланы қалай елестетесің?
Байтақ даланың суретін сал. Суретті басқа оқушымен алмастыр. Сол суретті сипаттап, бес сөйлем жаз.

ЖАЗЫЛЫМ

7 -тапсырма.

Көп нүктенің орнына қажетті сөзді жаз.

Қажетті сөздер: толған, даланы, байтақ, ай.

Қазақтың ... даласы бар. Сен түнгі байтақ ... көрдің бе? Байтақ дала түнде ерекше әдемі. ... ай байтақ далаға нұр шашады. Толған ай арықтап, солған ай пайда болады. Солған ... байтақ даланың алқасы болады.

МӘТИНСОҢЫ ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

8 -тапсырма.

Төмендегі сөздерді жікте.

Мен ұлышын. Мен құлышын.

ЖАЗЫЛЫМ ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

9 -тапсырма.

Қадыр Мырза-Әлі туралы ақпарат жинап, сыйынpta баянда.

ЖАЗЫЛЫМ ОҚЫЛЫМ

10 -тапсырма.

Байтақ далаға арнап, 6—7 сөйлемнен тұратын хат жаз. Хатта жаңа сөздерді пайдалан.
Хатта:

1. байтақ далаға өзінді таныстыр;
2. байтақ даланы көргенінді не көрмегенінді айт;
3. байтақ даладан не көргенінді айт?
4. байтақ даладан не көргің келетінін айт;
5. байтақ далаға қандай тілек айтқың келетінін жаз.

ЕСТЕ САҚТА!

Менің далам байтақ, кең!
Мен даланың ұлымын.

Нәтиже сабак. Мен не үйреноңдім?

11
САБАҚ

ЖАЗЫЛЫМ

1 -тапсырма.

Кестеде берілген Қазақстанның көрікті жерлерін сипаттап жаз.

«Алтынемел» ұлттық саябағы	«Әнші құм»	Шайтанкөл	Ақсу-Жабағылы қорығы

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

2 -тапсырма.

Топқа бөлініп, оқулықта берілген «Алтынемел», «Әнші құм», «Шайтанкөл», «Ақсу-Жабағылы» тақырыптарының бірі бойынша суретті тұсауқесер дайындаңдар.

ЖАЗЫЛЫМ ОҚЫЛЫМ

3 -тапсырма.

«Табиғат — жаратылыс пернесі» тақырыбына синквейн құрастырып.

Бес жолды тақпақтың құрылымы:

1. тақырыпқа қатысты бір зат есім;
2. бірінші зат есімге қатысты екі сын есім;
3. бірінші зат есімге қатысты үш етістік;
4. бірінші зат есімді суреттеп, толықтыратын төрт кілт сөз;
5. тақырыпты сипаттайтын бір синоним немесе метафора (зат есім).

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

4 -тапсырма.

«Ақсу-Жабағылы» мәтіні бойынша «Қос жазба» күнделігін толтыр. Түсіндір.

Үзінді	Түсініктеме

Ер есімі ел есінде!

МӘТИНАЛДЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

1 -тапсырма.

№1, 2 суреттер бойынша әңгімеле.

№ 1



№ 2



№ 3



№ 4



ЖАЗЫЛЫМ

2 -тапсырма.

№ 3, 4 суреттер бойынша қажетті сөздерді пайдаланып, шағын әңгіме құр.

Қажетті сөздер: ерлік, мәңгілік алау, гүл шоқтары, еске алу, тәрбие сафаты, фильмдер.

ЖАҢА СӨЗДЕР

кеңілескен, жсан құлы соғыс, субелі үлес, талқандау, асқақтату

ТІЛДІК БАҒДАР

Есімдік — зат есімнің, сын есімнің, сан есімнің орнына жұмсалатын сөз табы. Есімдіктер жіктеледі, септеледі, тәуелденеді, көптеледі.

Мағыналарына қарай есімдіктер 7 топқа бөлінеді.

№	Есімдіктің түрлері	Мағыналары:	Мысалдар:
1	Жіктеу есімдігі	Белгілі бір жақ түрінде қолданылады.	мен, сен, сіз, ол, біз, сендер, сіздер, олар
2	Сілтеу есімдігі	Нұсқау, көрсету мәнінде қолданылады.	бұл, мынау, анау, сол, мына, міне
3	Сұрау есімдігі	Жауап алу мақсатында қойылады.	Қазақ тіліндегі барлық сұраулы сөздер жатады: кім? неше? қайда? неге?
4	Өздік есімдік	«Өз» деген мағынада қолданылады.	өз, өзім, өз-өзіне, өзіміз
5	Жалпылау есімдігі	Жалпылау, жинақтау мағыналарын білдіреді.	барлық, бәрі, тегіс, түгел, күллі
6	Белгісіздік есімдігі	Белгісіз мәнде айтылады.	әркім, әлдекім, әрқалаі, бірнеше, бірдеме, кейбір, әрқалаі
7	Болымсыздық есімдігі	Болымсыздық мағынаны білдіреді, еш есімдіктердің бірігуі арқылы жасалады.	ешкім, ешқайда, ештеме, ешқашан, ешбір

ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

МӘТИНМЕН ЖҰМЫС

3 -тапсырма.

Мәтінді тыңда.

Ұлы Отан соғысы халқымыз үшін ең ауыр күндер болды. Төрт жыл, 1418 тәулік бойы соғыс жүріп жатты. Бір күшке жиналған орыс пен тәжік, грузин беларус, қазақ пен украин сынды үлттар жауға қарсы соғысты. Өз жері мен Отаны үшін, келешек үрпақ үшін аянбады.

Ұлы Отан соғысында қазақ жауынгерлері көптеген ерлік көрсетті. Ержүрек жауынгерлер Брест қамалынан бастап Берлинге дейін жетті. Олар Сталинград тубіндегі жертелелерде, Днепр өткелінде, Москва мен Ленинград үшін болған ауыр шайқастарда батырлық танытты. Украинаны, Прибалтиканы, Қырымды, Белоруссияны, Кавказды жаудан тазартты. Польша, Болгария, Румыния, Венгрия, Чехославакия, Германияда жеңіс туын көтерді.

Сол отты жылдарда рухы күшті отандастарымыз араласпаған бірде-бір шайқас болмады.

АЙТЫЛЫМ

4 -тапсырма.

Сұрақтарға толық әрі қысқа жауап беріңдер. Жауптарында қазақ тіліндегі төл дыбыстардың дыбысталуын, үндестік заңын сақтаңдар.

Улгі:

Сұрақ: Ұлы Отан соғысы қашан басталды?

Толық жауап: Ұлы Отан соғысы 1941 жылы.

22 маусымда басталды.

Қысқа жауап: 1941 жылы.

Сұрақ: Соғыс қанша уақытқа созылды?

Толық жауап:

Қысқа жауап:

Сұрақ: Соғысқа кімдер қатысты?

Толық жауап:

Қысқа жауап:

Сұрақ: Ержүрек жауынгерлер қай жерден қай жерге дейін соғысты?

Толық жауап:

Қысқа жауап:

Сұрақ: Олар қай жерлерді жаудан тазартты?

Толық жауап:

Қысқа жауап:

Сұрақ: Біздің қандастарымыз қандай ерлік көрсетті?

Толық жауап:

Қысқа жауап:

АЙТЫЛЫМ

5 -тапсырма.

Мәтінде сипатталған халқымыздың бастан кешкен ең ауыр күндері мен қазіргі күндерді салыстырып айт.

Ұлы Отан соғысы кезіндегі өмір

Қазіргі кездегі өмір

6 -тапсырма.

Мәтіннен төмендегі берілген сөздердің антонимін тап.

Соғыс, бұрын, ауыр, күн, биік.

ЖАЗЫЛЫМ

МӘТИНСОҢЫ ЖҰМЫС

7 -тапсырма.

«Бұл—қай есімдіктер?» логикалық ойыны.

- Етікші аспабының бірімен ұқсас есімдіктің түрі.
- Басқасының бәрін өзі сұрайды, өзінен ешкім сұрамайды.

8 -тапсырма.

«Жалғасын тап» ойыны. Екі топқа бөлініңдер. Қатты қағазға мәтін бойынша сөйлемдерді бөліп жазындар. Үлестірме қағаздарды таратып болған соң бірінші топтан бір оқушы тақтаға шығып, сөйлемнің басын оқысын. Сөйлемнің жалғасы бар оқушы қасына барып, жалғасын оқысын.

АЙТЫЛЫМ

9 -тапсырма.

Сұрақтарға толық жауап бер.

- Ұлы Отан соғысы қанша уақытқа созылды?
- Ұлы Отан соғысы қай жылы, қай күні, қай айда басталды?
- Қазақстандық батырларды ата.
- Ұлы Отан соғысына еліміздегі қандай ұлт өкілдері қатысты?
- Ұлы Отан соғысында ерлік көрсеткен қандай батырларды білесін?
- Қазіргі кезде қандай ерлік жасауға болады?

ЖАЗЫЛЫМ

10 -тапсырма.

Өзің тұратын жердегі Ұлы Отан соғысына не Ауған соғысына қатысқан ардагерлер туралы мәліметтерді жинап, диаграмманы толтырып.

Ұлы Отан соғысы/Ауған соғысы арда-герлері	Қайда соғысқан?	Қай жылдары?	Қандай марапаттары бар?	Қайда тұрады?
Аты-жөні				
Аты-жөні				

ЖАЗЫЛЫМ

11 -тапсырма.

Мәтіннен зат есімдер мен сан есімдерді тауып жаз. Олардың түрін ажыратып айт.

Қайырғали Смағұлов 1919 жылы Гурьев қаласында (қазіргі Атырау) өмірге келген. 1939 жылы Қызыл армия қатарына шақырылды. Дондағы Ростов, Орджоникидзе түбегінде ерлік-пен шайқасқан. Новороссийск үшін болған ұрысқа қатысқан. Эльтеген елді пункті үшін болған ұрыста Қайырғали 20-ға жуық гитлершілердің көзін жойған. Керчъ тубіндегі ұрыста асқан батырлық көрсетіп, ерекше көзге түсken.

Қайырғали Смағұлов 1943 жылы 17 қарашада «Кеңес Одағының Батыры» атағын алған.

ЕСТЕ САҚТА!

Ұлы Отан соғысына қатысқан. Менің атам — соғыс ардагері.

«Қазақ солдаты» – соғыс түралы көркем шығарма

3—4
САБАҚ

МӘТИНАЛДЫ ЖҰМЫС

ОҚЫЛЫМ

1 -тапсырма.

Суретке қара. Оқы. Кімдерді көріп тұрсың? Бұл — қай кезең?

Жазушы романда кейіпкерлерді тарих сахнасына алып шығады: «**Жаудың бірлігі — күште, біздің күшіміз бірліктे**», — деген нақыл сөзді дәлелдеп көрсетеді.

ЖАҢА СӨЗДЕР

көрнекті, ескіше, баспасөз, мекеме



АЙТЫЛЫМ

2 -тапсырма.

Сендер қазақ тілі мен әдебиеті сабағында қандай шығармаларды оқисындар? Жоғарыдағы суретті пайдаланып, жауап беріңдер. Бұлар — кімдер?

ЖАЗЫЛЫМ

3 -тапсырма.


Қосымшаларын жаз.

Мен жазамын.	Мен тыңда.... .	Мен оқи.... .	Мен сөйле.... .
Сен жаз.... .	Сен тыңда.... .	Сен оқи.... .	Сен сөйле.... .
Сіз жаз.... .	Сіз тыңда.... .	Сіз оқи.... .	Сіз сөйле.... .
Ол жаз.... .	Ол тыңда.... .	Ол оқи.... .	Ол сөйле.... .

ЖАЗЫЛЫМ

4 -тапсырма.

«Көрнекті» сөзінің синонимдерін пайдаланып, диаграмманы толтыр.



МӘТИНМЕН ЖҰМЫС

ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

5 -тапсырма.

Мәтінді тыңда. Түсініп оқы.

Қазақ әдебиетінің көрнекті қайраткерлерінің бірі — классик жазушы — F. Мұсірепов «Қазақ солдаты» атты шығармасында Ұлы Отан соғысы жылдарындағы халықтар достығына ерекше тоқталады. Кеңес елінің түрлі ұлт өкілдерінен құралған армия жауынгерлерін суреттейді. Олардың жүрегіндегі интернационалдық сезімдерін, мінездерін көрсетеді. Сонымен, көп ұлтты кеңес жауынгерлерінің көптеген сырты Қайрош арқылы ашылды. Қайрош — романның басты кейіпкери. Ол — Кеңес Одағының Батыры Қайырғали Смағұловтың прототипі — Қайрош Сарталиев.

F. Мұсірепов — қазақ әдебиетінде аянбай еңбек еткен академик, классик жазушы. Оның еңбектері жоғары бағаланды. Ол бірнеше орден, медальдармен марапатталды. 1974 жылы F. Мұсіреповке әдебиетке сіңірген еңбегі үшін «Социалистік Еңбек Ері» құрметті атағы берілді.



ОҚЫЛЫМ

6 -тапсырма.

Фаламтордан материал тауып, ақпараттың дұрыстығын тексер. Түсіндір.

Ақпарат	Дұрыс	Дұрыс емес
Ғабит Мұсірепов 1902 жылы Оңтүстік Қазақстан облысының Жамбыл ауданында дүниеге келген.		
Орынбор қаласындағы жұмысшы факультетінде (рабфак) оқыған.		
F. Мұсірепов «Қазақ солдаты» атты өлеңінде Ұлы Отан соғысы жылдарындағы халықтар достығына ерекше тоқталады.		
Қайрош — романның басты кейіпкери.		

АЙТЫЛЫМ

7 -тапсырма.

Сөйлемдерді мағынасына қарай сәйкестендір.

1	1974 жылы F. Мұсіреповке әдебиетті өркендетуде сіңірген еңбекі үшін	а	«Социалистік Еңбек Ері» құрметті атағы берілді.
2	Көп үлтты кеңес жауынгерлерінің көптеген сыры	ә	поэмасын жазды.
3	Fабит Мұсірепов «Кездеспей кеткен бір бейне»	б	Қайрош арқылы ашылды.
4	Оның жүзге тарта публицистикалық мақаласы	в	жарық көрді.

ЖАЗЫЛЫМ

8 -тапсырма.

Көп нүктенің орнына қажетті есімдіктерді қойып, жаз.

Қажетті сөздер: бұл, барлық, ол, оның, олардың, бүкіл, бірнеше, сол.

- алғаш өз ауылында ескіше оқып, хат таныған.
- мектепті бітіріп, Преснегорьковтағы екі кластық орыс мектебінде оқиды.
- F. Мұсірепов қазақ әдебиетінің жанрын дамытуда аянбай еңбек еткен академик, классик жазушы.
- Жауынгерлердің жүргегіндегі интернационалдық сезім іс-әрекетінен, мінезінен көрінеді.
- кезден бергі уақыт ішінде жазушы жиырмадан астам әңгіме, хикаят жазған.
- еңбектері жоғары бағаланып, орден, медальдармен марарапатталды.

АЙТЫЛЫМ

9 -тапсырма.

Көршіце төмөндегі сұрақтарды қойып, диалог құр.

— Fабит Мұсірепов — кім?

—

—

— «Қазақ солдаты» романының басты кейіпкері — кім?

—

— Қайрош — кімнің прототипі?

—

ЖАЗЫЛЫМ

10 -тапсырма.

Мәтінді пайдаланып, сөздерден сөйлем құрап жаз.

Улғи: Fабит Мұсірепов — қазақ әдебиетінің көрнекті жазушысы.

көрнекті жазушы	
дүниеге келген	
окуға түсіп	
Қайрош арқылы ашылды	
басты кейіпкері	
Кеңес Одағының Батыры	

ЕСТЕ САҚТА!

Фабит Мұсірепов — қазақтың көрнекті жазушысы. Оның «Қазақ солдаты» деп аталатын романы бар.

Бала Қайрошиңың қалаза кемүі



МӘТИНАЛДЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

1 -тапсырма.


Сұрақтарға жауап бер.

1. Сен қандай шығармаларды оқыдың?
2. Қандай шығармалар ұнайды?
3. Қай жазушының шығармаларын ұнатып оқисың?
4. Соғыс туралы шығармалар/фильмдер ұнай ма?
5. Алдағы уақытта қандай шығарманы оқуды жоспарлап қойдың?

ЖАЗЫЛЫМ

2 -тапсырма.

«Маған ұнайтын шығармалар» сөзіне диаграмма жаса. Диаграмма бойынша шағын мәтін құрап, жаз.



ЖАҢА СӨЗДЕР

көзі алақандай болу,
бақташы, жалтақтау,
үгітілу, бүйір

МӘТИНМЕН ЖҰМЫС

ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

3 -тапсырма.

Мәтінді тыңда. Түсініп оқы.

Зытып келем, зытып келем. Артыма қарай-қарай зытам... Зытып келе жатқаным — қашып келемін, артыма қарай беретінім — қорқып келемін...

Мен қазір ондамын. «Әліпті таяқ деп білмейсің», — деп ауылдың балалары мазақтай беретін еді, жазғытурым қолыма сиыршының таяғы түсті.

— Енді естияр азamat болдың... Мына таяқты қолыңа ал, осы ауылдың сирын енді сен бағасың! — деп ағам Айдынғали таяғын маған ұстапты да өзі аяқ-еңбек іздең, қалаға кетті.

Қалаға кіріп, қатар-қатар тізілген көп тақтай дүкендердің оңашарақ түрған біреуінің жанына келдім де жып-жылы жерге құлай кеттім. Жұмсақ құм өзінен-өзі үгітіліп, жамбасқа жайлы төсек бола кетті...

— О, қасқаңның жатысын-ай!.. — деп, тап өзіме үқсаған екі бала мені аяқтарымен бүйірге тұртіп тұрғандарын бір аңдағандай болып ем, көзімді ашуға дәрменім жетпе-

ді. Ар жағын білмеймін, тас болып қатып қалсам керек...

— Тұнде өліп жатқан бала сен бе едің, әй? — дегенге артыма қарасам, бір ересек, бір кішірек бала өзен жағасына жақындай берген екен. Біреуі ашаң, сұнғақ денелі, үстінде шолақ шалбардан басқа еш нәрсе жоқ. Құнгे қүйіп, қүрен тартқан денениң бұлшық еттері иіріліп-иіріліп қояды. Енді біреуі менімен тұстас болуы керек, ақшыл денелі, арық, бір аяғын ақсай басып келеді.

(F. Mysirepov)

ЖАЗЫЛЫМ

4 -тапсырма.

Мәтіннен есімдіктерді теріп жазып, сөйлем құра.

ОҚЫЛЫМ

5 -тапсырма.

Мәтінге сүйеніп, ақпараттың дұрыстығын тексер. Түсіндір.

Ақпарат	Дұрыс	Дұрыс емес
Енді біреуі менімен тұстас болуы керек, ақшыл де-нелі, арық, бір аяғын ақсай басып келеді.		
Біреуі ашаң, сұнғақ денелі, үстінде шолақ шалбардан басқа еш нәрсе жоқ.		
Жұмсақ құм өзінен-өзі үгітіліп, жамбасқа жайлыш төсек бола алмады...		
Қалаға кіріп, қатар-қатар тізілген көп тақтай дүкендердің оңашарақ түрған біреуінің жанына келдім де жып-жылы жерге құлай кеттім.		

АЙТЫЛЫМ

6 -тапсырма.

Семантикалық картаны толтыр. Түсіндіріп айт.

Есімдіктер	жіктеу	сілтеу	сұрау	өздік	жалпылау	белгісіздік	болымсыздық
мынау							
сендер							
өзім							
неше?							
ешкім							
әркім							
түгел							

МӘТИНСОҢЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

7 -тапсырма.

Қате жазылған сөйлемдерді тап.
Себебін айт.

1. Қашуымның да, қорқуымның да балаға лайық себебі жоқ.
2. Мен қазір ондамын.
3. «Әліпті таяқ деп білмейсің» деп ауылдың балалары мазақтай беретін еді, жазғытұры қолына сиыршының таяғы түсті.
4. — Енді естияр азамат болдым...
5. Мына таяқты қолыма ал, осы ауылдың сиырын енді сен бақасың! — деп ағам Сәрсенғали таяғын маған ұстатты да өзі аяқ-еңбек ізденеп, қалаға кетті.



Рақымжан Қошқарбаев

ЕСТЕ САҚТА!


Ол сиыр бақты. Ол қазір онда.
Айдынғали таяғын маған ұстатты.

8 -тапсырма.

Суреттегі кейіпкерлер саған таныс па?
Олар туралы айт.



Бауыржан Момышұлы



Кеңес Одағының Батыры,
кіші лейтенант Қайыргали
Смағұлов

Батырдың балалық шағы

7—8
САБАҚ

МӘТИНАЛДЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

1 -тапсырма.

Сұрақтарға жауап бер.

- Сен «Қазақ батырлары» фильмін көрдің бе?
- Фильмнің режиссері — кім?
- Фильмнің басты кейіпкерлері — кім?
- Фильм саған ұнады ма? Не себепті?
- Сенің ойынша, Қайрош — қандай бала?

ЖАҢА СӨЗДЕР

жара, жарық, бүрмалау,
қабысқан қарын

ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

2 -тапсырма.

Мәтінді оқып, Қайроштың жаңа достарына мінездеме жаз.

- Атың кім? — деді.
- Қайырғали... Өзіңнің атың кім?
- Шеген... Мынаның аты — Бораш... Мұны «Боря» дейтін боласың.



Менің атым онша бүрмалауға келмейді. «Шеген аға», — дерсің. Мен екеуіңнен де үлкенмін. Экем байғұс боласын еркелете алмайтынын білген ғой сорлы, «Шеген» дей салыпты...

Шеген менің атымды «Қайырғали, Қайрош, Қайрушке» деп, орысша-қазақша онды-солды бүрмалап көрді де:

- Атың — ат емес екен... Сендей жеке батырға түк лайығы жоқ...

Бүгіннен бастап «Костя» боласың! — деді.

(F. Mysirepov)



ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

МӘТІНМЕҢ ЖҰМЫС

3 -тапсырма.

Мәтінді тыңда. Түсініп оқы. Тақырып қой.

Шеген менің аяғымдағы толып жатқан жара мен жарықтарын көріп, басын шайқады да:

— Уай, мынауың болмайды, — деді, «түсінімісің» дегендей, көзіме қадала қарап. — Ең алдымен, адамға бас керек. Онсыз өмір оған молданың көрінен де қаранды болады. Онсыз өмір «Құраннан» жаман, түсіне алмайсың. Екінші бізге аяқ керек. Қашсаң — құтылатын бол, қусаң — жететін бол. Керек боп қалса, құстай ұшатын бол! Мынадай табан бола ма еken! Қырық тесік! Аяғыңың жалпы бітімі жаман болмағанмен, қазіргі халі қанағаттанарлық емес деп танимын. Жата түр құмның үстінде. Мен қазір келем, — деп, Шеген қалаға қарай жүгіріп кетті.

— Дәрі әкеледі. Екі күнде жазып береді! — деді Бораш ұзай берген Шегенге риза көзбен қарап. Жүзіндегі құрсініс ізі осы арада ғана түгел бір жойылып кетті.

— Сен қалай ақсадың? — дедім Борашқа іскең оң тізесіне қолымды апарып.

— Әй апам қораның төбесінен құлатып жіберді.

«Әй апасы» өгей шешесі екенін түсіндім де одан арғыны қазбалаганым жоқ. Бораш шорланып бітіп келе жатқан оң тізесін сипалай отырып:

— Соқаның үстіне құлап түстім... Шеген ағам жазды ғой әйттеуір... Енді бір айда жүруге жарайсың дейді... Балық майынан жазылды. Тіпті жазылып қалып еді, әнеугүні дегдом ұстап ала жаздап, содан қашқанда тағы бұлдіріп алдым, — деді.

Бұл жолы өзінің қашып құтылғанына мақтанатында жынысып та қойды.

— Мен де керемет жүйрікпін! — дедім мақтанғым келіп кетіп.

— Ойбай... Шегендей емес шығарсың... Шеген қайда!? Ол. Ол ағып бара жатқан машинаны қуып жетіп, асылып кете береді! Біреу көріп қалса, қарғып түсіп, кете беруі де түк емес. Ол — әншнейін желаяқ! — деді Бораш масаттана сөйлеп.

(F. Мысирепов)

ЖАЗЫЛЫМ

4 -тапсырма.

Мәтіннен есімдіктерді тауып, сөйлем құра.

АЙТЫЛЫМ

5 -тапсырма.

«Қазақ солдаты» романын оқып, Қайрош туралы қосымша мәлімет жина. «Қайрош — кім? Ол — қандай бала?» деген сұрақтарға жауап беріп, диаграмманы толтыр. Қайроштың келбетін, мінезін сипаттап айт.

Талаптар:

1. көлемі: 4-6 сөйлем.
2. есімдіктерді пайдалан.
3. міндетті түрде жаңа сөздерді қолдан.



МӘТИНСОҢЫ ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ

6 -тапсырма.

Кубизм әдісін қолдана отырып, Қайрош пен Шеген туралы жаз.

- зертте;
- салыстыр;
- түсіндір;
- қолдан;
- суретте;
- тілек айт.

АЙТЫЛЫМ

7 -тапсырма.

Екі топқа бөлініп, «Мағынаны ашу» стратегиясы бойынша, мәтіннің мазмұнын айтып беріңдер.

I топ:

1. Қайроштың сиырды тастап, қалаға қашуы;
2. Қорқу, асығу;
3. Алыстан жымыңдаған қала оттары.

II. топ:

1. Кездескен екеу;
2. Қайроштың әрекеті;
3. Алғашқы таныстық.

ЖАЗЫЛЫМ

8 -тапсырма.

«Фабит Мұсірепов» тақырыбына синквейн (бес жолды тақпақ) дайында.

Бес жолды тақпақтың құрылымы:

1. тақырыпқа қатысты бір зат есім;
2. бірінші зат есімге қатысты екі сын есім;
3. бірінші зат есімге қатысты үш етістік;
4. бірінші зат есімді суреттеп, толықтыратын төрт кілт сөз;
5. тақырыпты сипаттайтын бір синоним немесе метафора (зат есім).

ЕСТЕ САҚТА!

Шеген қалаға қарай кетті. Аяғым балықтың майынан жазылды.

Нәтижесі сабак. Мен не үйреноңдім?



АЙТЫЛЫМ

1 -тапсырма.

Сөйлемдерді аяқта.

1. Ұлы Отан соғысы ...
2. Ұлы Отан соғысында ерлік көрсеткен батырлар: ...
3. Қазақтан шыққан Қеңес Одағының Батырлары: ...
4. Мен тұратын қалада
5. Ұлы Отан соғысы жылы
6. Біз батырларды

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

2 -тапсырма.

Мәтінді оқы. Ондағы маңызды деректерді анықта. Осы мәліметтерді пайдаланып, диалог құрындар.

- Қазақтың көрнекті жазушысы Фабит Мұсірепов 1902—1985 жылдар аралығында өмір сүрді.
- Кеменгер жазушының «Қазақ солдаты» деп отырғаны — Қайырғали Смағұлов — өмірде болған адам. Ол — Ұлы Отан соғысында асқан ерлік көрсеткен батыр.
- Шығарма кейіпкерлері: Қайрош, Шеген, Бораш.
- Оқиға орны — Гурьев (Атырау) қаласы.
- Әңгіменің басталуы: Зытып келем... зытып келем... Артыма қарай беретінім — қорқып келемін...
- Қайрош ауылдан неге қашты?
- Қалаға келуіне не себеп болды?
- Қалада кімдермен кездесті?
- Шеген Қайрошқа қандай қамқорлық жасады?

АЙТЫЛЫМ

3 -тапсырма.

Диаграммадағы сұраққа жауап бер. Жауабынды дәлелдеп айт.

Фабит Мұсірепов
туралы не білесін?

ОҚЫЛЫМ

4 -тапсырма.

«Бәрін білгім келеді!» ойыны

Екі топқа бөлініп, төмендегі сұрақтарға жауап беріңдер. Қай топ көп үпай жинаса, сол топ жеңімпаз болады (интербелсенді тақтаны қолдануға болады).

1. Қайрош неге шешесімен бірге ауылға кетпей, балалар үйінде қалды?
2. Қайрош – кімнің прототипі?
3. Шеген – қандай бала?
4. Қайрош – қандай бала?
5. Бора什 – қандай бала?
6. Шеген Қайроштың аяғы ауырғанда не істеді?
7. Бораشتы өгей шешесі неден құлатып жіберді?
8. Бораشتың аяғын не кесіп кетті?
9. Олар – қандай дос?

АЙТЫЛЫМ

5 -тапсырма.

Берілген сөздерден сөйлемдер құрастыр.

Ең	боп	қалса	құстай	ұшасың
Керек	алдымен	бітімі	емес	екен
Аяғыңың	халі	адамға	жаман	емес
Қазіргі	жалпы	қанағаттанарлық	бас	керек

ЖАЗЫЛЫМ

6 -тапсырма.

Мен «Қайроштың жаңа достары»
деген тақырыпта шығарма жаздым.
Шығармамда Қайроштың қалаға
қалай жеткенін, бірінші рет кімдермен
тансықсанын жаздым. Оның Бора什 пен
Шегенмен қалай достасқаны туралы,
олардың достығы жайлы жаздым.
Шығармамда 15 сөйлем жаздым.

- «Ол қандай сөйлемдер жазды» деп
ойлайсың? Сен де жазып көр.

АЙТЫЛЫМ

7 -тапсырма.

Төмендегі торкөзге Қайрош пен оның
достары жайлы жазып, толтыр. Кестеге
сүйеніп, пікір таластырыңдар.

Қажетті сөздер: он жаста, білімге құштар,
оқығысы келеді, аяғы жарық, ашаң жұзді,
сұңғақ денелі, үстінде шолақ шалбардан
басқа еш нәрсе жок, күнге күйіп, күрен
тартқан дененің бүлшық еттері иіріліп-иіріліп
қояды, ақшыл денелі, арық, бір аяғын ақсай
басады.

Қайрош	Бораш	Шеген

ЖАЗЫЛЫМ

8 -тапсырма.

Мәтіндерден есімдіктерді тауып жаз.

Жіктеу есімдігі	
Сілтеу есімдігі	
Сұрау есімдігі	
Өздік есімдік	
Жалпылау есімдігі	
Белгісіздік есімдігі	
Болымсыздық есімдігі	

АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

9 -тапсырма.

«Қазақ солдаты» романындағы өзің қалаған кейіпкер туралы постер жаса. Постер бойынша сыныптың алдында сөйле.

БІЛГЕНГЕ МАРЖАН...

Мақал

Ел үмітін ер ақтар,
Ер атағын ел сақтар.

Мазмұны

7. ДЕНСАУЛЫҚ – ЗОР БАЙЛЫҚ

1-2 сабак. Дәрігердің қабылдаудында.....	4
3-4 сабак. Дәрумен – денсаулық кепілі.....	8
5-6 сабак. Ең үлкен байлық	11
7-8 сабак. Ас – адамның арқауы	16
9-10 сабак. Фастфудтың зияны	19
11-12 сабак. Нәтиже сабак. Мен не үйрендім?	22

8. МЕНИҚ ТӘҮЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАНЫМ

1-2 сабак. Мениң Тәүелсіз Қазақстаным	23
3-4 сабак. Тәүелсіздік нышандары	26
5-6 сабак. Тәүелсіздік символы – үлттық теңге	30
7-8 сабак. Тәүелсіз елдің Астанасы.....	33
9-10 сабак. «Алтын қалам» әдеби сыйлығының жеңімпазы	36
11-12 сабак. Уа, еркіндік! Сенсің менің ең ғажайып өлеңім!	40
13-14 сабак. Нәтиже сабак. Мен не үйрендім?.....	44

9. АСПАН ӘЛЕМНІҢ ҚҰПИЯСЫ

1-2 сабак. Аспан денелері	48
3-4 сабак. Аспан әлемін зерттеген ұлы көшпендерлер.....	52
5-6 сабак. Шоқжұлдыздар.....	56
7-8 сабак. Жұлдызды аспанның құпиясы	59
9-10 сабак. Нәтиже сабак. Мен не үйрендім?.....	62

10. КОМПЬЮТЕРДІҢ ТІЛІН ТАБУ – ӨНЕР

1-2 сабак. Компьютер қалай пайда болды?	63
3-4 сабак. «Өнер-білім бар жүрттар...»	66

5-6 сабак. Менің электронды поштам

70

7-8 сабак. Қөзінді қорға!

73

9-10 сабак. Компьютердің пайдасы

78

11-сабак. Нәтиже сабак. Мен не үйрендім?....

82

11. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҮЛТТАР ДОСТАСТЫҒЫ

1-2 сабак. Бірлігі жарасқан ел.....	83
3-4 сабак. Маған қазақ әндері ұнайды.....	87
5-6 сабак. Халықтар достығы туралы шығарма	90
7-8 сабак. Бір атаның балалары.....	93
9-10 сабак. Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп....	97
11-сабак. Нәтиже сабак. Мен не үйрендім?.....	101

12. ҮЛҮ ДАЛА ТАБИҒАТЫ

1-2 сабак. «Алтынемел» үлттық саябағында.....	103
3-4 сабак. «Әнші құм»	107
5-6 сабак. Шайтанкөл — ғажайып құбылыс.....	112
7-8 сабак. Ақсу-Жабағылы қорығы.....	116
9-10 сабак. Табиғат – жаратылыс пернесі.....	119
11-сабак. Нәтиже сабак. Мен не үйрендім?.....	121

13. ЕР ЕСІМІ – ЕЛ ЕСІНДЕ

F.Мұсірепов. «Қазақ солдаты»
романы (үзінді)

1-2 сабак. Ер есімі ел есінде!.....	122
3-4 сабак. «Қазақ солдаты» — соғыс туралы көркем шығарма.....	126
5-6 сабак. Бала Қайроштың қалаға кетуі.....	129
7-8 сабак. Батырдың балалық шағы	132
9-10 сабак. Нәтиже сабак. Мен не үйрендім?.....	135

Оқу басылымы
Ф. Ш. Оразбаева,
Ж. Т. Даuletбекова,
А. Қ. Рауандина, Р. С. Рахметова,
Қ. С. Жайлаубаева

Учебное издание
Ф. Ш. Оразбаева,
Ж. Т. Даuletбекова,
А. К. Рауандина, Р. С. Рахметова,
К. С. Жайлаубаева

Қазақ тілі мен әдебиеті:
Бәйшешек
Оқулық
2-бөлім

Қазақ тілі мен әдебиеті:
Бәйшешек
Учебник
Часть 2

Қазақ тілінен басқа тілде оқытылатын 11 жылдық
жалпы білім беретін мектептің
5-сыныбына арналған

Для 5 класса
11-летней общеобразовательной школы
с неказахским языком обучения

Әдіскер Б. Қ. Мукеева
Редактор Г. Қ. Омарбекова
Суретшілер: А. Айтжанов, Р. Байбекова,
М. Дильманов, В. Самаркина, И. Киянова,
Е. Рагозина, М. Мирошников, В. Самаркина
Фотосуретші П. Михеев
Мұқаба әрленімі Д. Н. Буксикова
Техникалық редактор Д. К. Тынбаев
Беттеуші Д. К. Тынбаев, С. Қыдырбай

Методист Б. К. Мукеева
Редактор Г. К. Омарбекова
Художники: А. Айтжанов, Р. Байбекова, М. Дильманов,
В. Самаркина, И. Киянова, Е. Рагозина, М. Мирошников,
В. Самаркина
Фотограф П. Михеев
Дизайн обложки Д. Н. Буксикова
Технический редактор Д. К. Тынбаев
Компьютерная верстка Д. К. Тынбаев, С. Қыдырбай

13.02.20 басылымға жіберілді. 60×90 ¼ форматы.
Офсеттік басылым. «DIN» қаріп түрі. Офсетті қағаз.
Шартты баспа табағы 14.5
Қосымша таралымы 10 000
«Реформа» ЖШС-нде басылған

Подписано в печать 13.02.20. Формат 60×90 ¼.
Печать офсетная. Гарнитура «DIN».
Бумага офсетная. Усл. печ. л. 14.5.
Дополнительный тираж 10 000
Отпечатано ТОО «Реформа»

«Көкжиек-Горизонт» ЖШС, 050022,
Алматы қ., Сейфуллин д., 597 А үй
тел. +7 (727) 220 76 60
www.kokziek-gorisont.com

ТОО «Көкжиек-Горизонт», 050022,
г. Алматы, проспект Сейфуллина, дом 597 А
тел. +7 (727) 220 76 60
www.kokziek-gorisont.com